

Қазақстан Республикасы
Мәдениет, ақпарат және
қоғамдық келісім
министрлігінде 2002 жылғы
3-мамырда тіркеліп,
№2904-Ж куәлік берілген

ҚАЗАҚ ТАРИХЫ

Екі айда бір шығатын
республикалық ғылыми-
әдістемелік журнал

Меншік иесі – “Қазақ тарихы” ЖШС

№1 (196),
ҚАҢТАР-АҚПАН
2022 ЖЫЛ

1993 жылдың шілде
айынан бастап шығады

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:

Төраға: Әлімбай Н. – ҚР МОМ директоры, проф., этнолог (Алматы).

Орынбасары: Салықбай Ә.Ж. – журнал редакторы (Алматы).

Мүшелері:

Қабылдинов З.Е. – т.ғ.д., проф., ҚР БҒМ ҒК ТЭИ директоры (Алматы).

Байтанаев Б.Ә. – т.ғ.д., проф., ҚР БҒМ ҒК АИ директоры (Алматы).

Әбіл Е.А. – т.ғ.д., проф., ҚР БҒМ ҒК МТИ директоры (Нұр-Сұлтан).

Аяған Б.Ғ. – т.ғ.д., проф., ҚР БҒМ ҒК МТИ дир. орынбасары (Нұр-Сұлтан).

Кәрібаев Б.Б. – т.ғ.д., проф., ҚР ҰҒА академигі (Алматы).

Қарасаев Ғ.М. – т.ғ.д., проф., Ресей ҒА корр.-мүшесі (Нұр-Сұлтан).

Төлеубаев Ә.Т. – т.ғ.д., проф. (Алматы).

Жұмағұлов Қ.Т. – т.ғ.д., проф. (Алматы).

Ууата Tomohiko. – т.ғ.д., проф. Hokkaido University disabled (Japan, Sapporo).

Буканова Р.Г. – т.ғ.д., проф. (Башқұртстан, Уфа).

Курманов З.К. – с.ғ.д., проф. (Қырғызстан, Бішкек).

Невежин В.А. – т.ғ.д., проф. (Ресей, Мәскеу).

Еңсенев Қ.А. – т.ғ.к., қауымд. проф. (Нұр-Сұлтан).

Эксперттер тобы:

Найманбаев Б.Р. – т.ғ.д., проф. (Шымкент).

Жұмағұлов Б.С. – т.ғ.к., қауымд. проф. (Алматы).

Асылбекова Ж.М.-А. – т.ғ.д., проф. (Алматы).

Ауанасова А.М. – т.ғ.д., проф. (Нұр-Сұлтан).

Исин А. – т.ғ.к., проф. (Семей).

Салқынбек Д. – т.ғ.к. проф. (Алматы).

Қартаева Т.Е. – т.ғ.к., проф. (Алматы).

Ноғайбаева М.С. – т.ғ.к., қауымд. проф. (Алматы).

Сәбитов Ж.М. PhD, саяс/шы (Нұр-Сұлтан).

Дүйсен С.Ж. – п.ғ.к. (Нұр-Сұлтан).

Қалиев Ж.Н. – п.ғ.к. (Нұр-Сұлтан).

Ерімбетова Қ.М. – т.ғ.к. (Нұр-Сұлтан).

Үмітқалиев Ұ.Ұ. – т.ғ.к., арх/г (Нұр-Сұлтан).

Ізбасарова Г.Б. – т.ғ.к., доцент (Ақтөбе).

Базарбаев Қ.Қ. – PhD тарихшы (Түркістан).

Қозыбаева М.М. – PhD тарихшы (Алматы).

Нұргүл Қасымқызы – жауапты редактор.

Басуға 23.02.2022 ж. жіберілді.
Пішімі 84 x 108^{1/16} Шартты б.т. – 4.
СТР басылым. Бағасы келісімді.
Таралымы – 1380. Индексі – 75748.
Редакцияда беттеліп-қатталып,
"Акимбаев" ЖК-де басылды.
Алматы қаласы, Төле би көшесі 203-үй.


МАЗМҰНЫ

ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕР МЕН МАҚАЛАЛАР

ЗӘКЕНҰЛЫ Т. Тарих пен тарихи проза – қос қанатым!.....	2
ЖАҚЫПОВ А. Қырғыз әдебиеті	6
ОМАРҒАЗЫ Е., СҮМЕСІНОВ А. Академик Мұхтар Әлиев – Қазақстан медицинасының шамшырағы	8
ҚАМЫТХОЖАЕВА Д. Ұлы даланың ұлы мұралары	11
ҚҰНДЫЗБАЙ Д. Қазақ қоғамында байлар мәселесінің зерттелуі.....	13
ОРАЗХАН Т., ҚАЙРУЛЛАЕВА Қ. Ұлы нәубет тағылымы.....	16
ШУЛАНБЕКОВА Г. Қазақстан халқы ассамблеясы – ұлтаралық қатынастарды қалыптастырушы	20
ТЕБЕГЕНОВА А., АҚТАМБЕРДИЕВА З., ИСАТАЕВА Г. Олжас Сүлейменов шығармашылығы және ақын поэзиясындағы батырлық рух сарындары	23
ЧЕРМУХАМЕТОВ Е. Процесс возрождения ислама и формирование религиозной идентичности в независимом Казахстане.....	26
АНАПИЯЕВА Г. Социальные проблемы современного общества	30
KADENOV Y., TOLESHOVA U. Healthy lifestyle as a new trend among university students	33
САЛЫҚБАЙ Ә. Алматы қалалық мұрағатшылары желтоқсаншылармен жүздесті	37
СӘРСЕБЕКОВ М. Есте қалған естелік.....	38

ОҚЫТУ. ӘДІСТЕМЕ. ТӘЖІРИБЕ.

АЙТКЕНОВ З., АХМЕТОВА А. Ұлы отан соғысындағы тарихи шындық және ғылымның дамуын тарих сабағында оқыту.....	39
ЖҰМАБЕКОВА Л. II тоқсан бойынша жиынтық бағалауға арналған тапсырмалар	42
ОРАМАЛОВА А. "Қазақстан тарихы" пәнінен оқушыларды қорытынды аттестаттауға дайындаудың тиімді жолдары.....	44
БИСЕНБАЕВА Ә. А.Құнанбайұлы: "Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін".....	45
БӨЛЕКБАЕВА Қ. Абай Құнанбайұлы: "Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін".....	46
АКТУЛАЕВА Р. Ш.Құдайбердіұлы: "Еңлік-Кебек".....	47
ЭСТҰРҒАНОВА А. "Бағаналы терек" өлеңі	48
СОЗАҚБАЕВА В. Т.Ахтановтың "Күй аңызы" әңгімесі.....	51
ҚАРАМАНОВА Г. Төрт түлік.....	50
ГҮЗІРБАЕВА К. Әлеуметтік көзқарастар қақтығысы.....	51
КҮДЕРОВ Т. Самбодан облыс чемпионы дүркіреп өтті.....	52
САЛЫҚБАЙ Ә. Төл тарихтың қажымас қара нары еді	55



Оны ең әуелі Көк түріктер заманынан бермен тартып жазатын саусақпен санарлық тарихшының бірі әрі қазақтың көне тілі мен ежелгі тарихын қатар меңгерген, салт-дәстүрін жетік білетін ғалым ретінде таныдық. Ол кезде қазақ тарихшыларының басым көпшілігі ХХ ғасырдың төңірегінде ұзай қоймайтын... Артынша шетелдегі қазақ тарихының білгірі, қытай профессоры Су Бэйхайдың әрқайсысы төрт томнан тұратын «Қазақтың тұтас тарихы» және «Қазақ мәдениетінің тарихы» сынды аса көлемді еңбектерін аударып бастырды. Көп ұзамай «Көк бөрілердің көз жасы» атты көлемді романы 2001 жылы Қазақстан Тәуелсіздігінің 10 жылдығына арналған мемлекеттік бәйгенің бас жүлдесін жеңіп алды. Романды халық жылы қабылдап, бірнеше рет басылып шықты. Кейін Көк Түріктердің ерлігін арқау еткен, Күлтегін, Тоныкөк образдарын сомдаған «Мәңгітас» романы жарық көрді. Ол да аз дүмпу туғызған жоқ. Енді, міне, «Атилла. Балқан тауға барғандар» романы сыншылар мен әріптестері тарапынан сәтті туынды ретінде бағаланып жатыр. Есім-соы – Тұрсынхан ЗӘКЕНҰЛЫ.

«Қазақ жерінде мемлекет ежелден болған. Қазақ ұлты ешқайдан келмеген және ешқайда кетпеген. Әр дәуірде әр түрлі аталса да, осы қонысында тұрақтап, ұрпақтан ұрпақ ауысып өмір сүріп келген. Ол туралы деректер жетеді. Бізге жетіспейтіні – теориялық пайым мен тарихнамалық және деректанулық зерттеулер жағы. Шыны керек, бұл сала бізде кенде қалған... Сондай-ақ, қазіргі жас ғалымдардың ерте заман мен ортағасырлар тарихын зерттеуге бара бермейтіні қынжылтады... ал Сақ дәуірінен Алтын Ордаға дейінгі кезді зерттейтін мамандар тым тапшы...», – деп толғанады тарих ғылымдарының докторы, белгілі жазушы, үш тарихи романның авторы Тұрсынхан ЗӘКЕНҰЛЫ. Төменде осы азаматпен сұхбат оқырман назарына ұсынылып отыр.

Тұрсынхан ЗӘКЕНҰЛЫ:

ТАРИХ ПЕН ТАРИХИ ПРОЗА – ҚОС ҚАНАТЫМ!

–Тұрсынхан! Өткен жылы «Атилла. Балқан тауға барғандар» романың Қазақстан Жазушылар одағының жыл қорытындысында 2020 жылы жарық көрген прозалық кітаптарға шолу жасалғанда аса жоғары баға алды. Осы шығарма үшін 2021 жылдың соңында Халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының сахибі және «Қазақ үні» газеті тарапынан «Жыл жазушысы» атандың. Барлығы құтты болсын! Жазушы үшін жаны рахаттанатын шығарма жазғанға не жетсін! Оның үстіне қоғам тарапынан еңбегі еленіп жатса, нұр үстіне нұр емес пе!? Сонау Шығыстағы Сарыжайықтан бастап, Еуропаның қақ ортасына жеткен, Еуропаның біріккен әскерін талқандаған ғұндар тақырыбына, онда да кәрі құрлық осы күнге дейін ұмытпай жүрген Атиллы, Атилла, Еділ тәңірқұт тақырыбына қалай бардың?

–Рахмет! Сонау ХVIII ғасырда француз тарихшысы Жозеф де Гинь «Хүн, Түрік, Моңғол және батыс татарлары» атты еңбегінде азиялық ғұндар мен еуропалық ғұндардың бір халық екенін айтқан еді. Одан соң ХІХ ғасырдың соңғы кезінде тағы бір еуропалық ғалым, ұлты неміс Фридрих Хирт Қытайдың «Вэйшу. Батыс өңір баяны» деген кітабындағы батысқа көшкен хұндар туралы деректерді зерттей келе, еуропалық ғұндардың Азиядан барғанын одан сайын жіліктеп айтып берген болатын. 1958 жылы Қытайда жарық көрген У.М.Макговерннің «Орта Азияның байырғы

мемлекеттері» атты кітабында ғұндардың батысқа қалай көшкенін және Еуропаға қалай жеткенін тәптіштеп жазады. Онда Қытай деректерінде жоқ мәліметтер қамтылған. Мұндай зерттеушілердің еңбегін ары қарай тізе беруге болады. Демек, Атилла бастаған ғұндардың Ұлы даладан барғандығы ғылымда еш талас тудырмайтын, орныққан мәселе. Солай бола тұрса да әдебиетшілерді былай қойғанда, біздің тарихшылардың өзі оған онша маңыз бергісі келмейді. Тіпті, әдетте Еуразияшыл ғалымдардың өзі де Атиллаға келгенде жақ кірісін ашпайды. Бұл нәліктен? Себебі – ғұндардың біздің даламыздан кеткендігі. Сондықтан еуроцентристер ғұндар жасап кеткен даңқты тарихты Ұлы даламен байланыстырғысы келмейді. Ал енді өзің айтқан Атиллы дегенге келсек, Атилла есімінің сондай мағына беретіні туралы маған дейін талай айтылған. Енді біреулер Еділ деген өзеннің атынан шыққан дейді. Мен романды Атилла деп атағаныммен, бас кейіпкердің есімін бастан-аяқ Еділ деп қолдандым. Мейлі қалай болмасын, Атилла – оның әуелгі есімінің дыбыстық өзгерген, еуропаланған түрі екені айдан анық. Ол – тұтас еуразиялық ғұн тарихындағы ұлы тұлға. Басқалар секілді, менде де бала кезімнен сол ғұндардың ерлікке толы тарихына деген қызығушылық пайда болды. Университеттің тарих мамандығына түскеннен кейін олар туралы тереңірек оқып-үйренудің мүмкіндігі туды. Диплом жұмысым да ғұндарға байланысты болды. Оны кәдімгідей екі

жыл кітапханадан шықпай отырып жаздым. Қанша дегенмен, ерте заман Қытай авторлары, мысалы, Сы Мацянь мен Бань Гу тарихи оқиғаларды біршама еділ жазған. Ертедегі адамдар ұланғайыр оқиғалар туралы қысқа қайырып айтқанды жақсы көреді. Олар ғұндардың саяси өмірі, тұрмыс-тіршілігі туралы тәптіштей баяндайды. Қызығасың. Өйткені бұл – біздің туып-өскен өлкеміздің ертедегі тарихы еді. Бұрындары айдаладағы көне қорымдар мен балбалдарды, бұғытастарды, жартас суреттерін көріп, осы тылсымдардың қай заманда, кімдердің қолымен жазып қалдырылғанына қайран қалатын едік. Енді соның ептеп жауабын таба бастағандай болдық. Дүниені дүбірге бөлеген сол ғұндар бір кезде Алтай тауы арқылы батысқа беттеген екен. Тарихи деректерді оқи әрі көкейге түйе отырып, кейде сол өзім білетін дүниелерді басқалармен бөліскім келді. Содан ең алғаш Ордостағы ғұндардың тарихын арқау еткен «Тәңірқұттың тағы» деген шағын тарихи әңгіме жаздым. Ол әңгіме «Шұғыла» журналында жарияланып, үлкен дүмпу тудырды. Талай жастар одан қанаттанды. Бұл жағдайлар менің тарихи тақырыпта кеңірек қалам тербеуіме шабыт берді. Сөйтіп, «Балқан тауға барғандар» атты тарихи хикая дүниеге келді. Ол бүкіл Шынжаңға тарайтын «Шұғыла» журналының 1992 жылғы 5, 6, 7 сандарында жарық көрді. Ізінше «Жұлдыз» журналының 1994 жылғы 3-4 сандарында жарияланды. Шын мәнінде, бұл мені үлкен шығармашылық белеске көтерген туынды болды. Бірақ, уақыт өте келе бұл шығармама көңілім толмай жүрді. Кем-кетігі, артық-ауысы байқалып, бір қайнауы ішінде сияқты көріне берді. Оған себеп, жаңа деректердің, зерттеулердің жарыққа шығуы еді. Өзім де осы жазғандарым тарихи шындыққа қаншалықты жақын, Еділ образын қаншалықты аша алдым деген сұрақтар төңірегінде көп ойландым. Іздендім. Бұрын қол жетпеген қызықты деректермен, болжамдармен таныстым. Ақыры болдыға санап бетін жауып тастаған шығарманы қайта жаздым.

– Әрине, «Атилла. Балқан тауға барғандарды» қолға алмас бұрын талай-талай деректер мен кітаптарды ақтарғаның анық. Қазір қазақ қоғамы көрнекті түрік тарихшысы Бахаддин Өгелдің екі томдық «Ұлы Хун империясының тарихы» (Аударған – Ә.Дәулетхан), белгілі тарихшы Әлімғазы Дәулетханның «Хұн – Түрік – Қазақ тарихын зерттеу мәселелері», белгілі тарихшы Самат Өтенияздың «Атилла» сынды бірсыпыра еңбектерімен таныс. Еуропалықтар да Еділ патша туралы талай-талай көркем шығарма, спектакль жазып, көптеген фильмдер түсірді. Еуропалықтардың «Атилла» көркем фильміндегі, Еділ тәңірқұт көшпелі ғұннан гөрі Еуропаның рыцарларына көбірек ұқсайды. Романды жазу үстінде осы тектес тарихи еңбектерді, көркем шығармалардағы мағлұмат пен деректерді қалай пайдаландың? Өз романыңда тарихи нақты деректерге көбірек сүйендің бе, жоқ жазушы фантазиясына көбірек ерік бердің бе?

– Әлімғазы Дәулетханның «Хұн–Түрік – Қазақ тарихын зерттеу мәселелері» атты еңбегі мен ол кісі аударған Б.Өгелдің «Ұлы хун империясының тарихы» атты еңбектері, Самат Өтенияздың «Атилла» сынды зерттеулері – ғұн тарихы жөнінен қазақ оқырмандарының көкірек көзін ашқан шығармалар. С.Өтенияздың ғұндар туралы зерттеулерімен өткен ғасырдың 80-жылдарынан бастап таныспын. Еліміздегі бірден бір аттилатанушы маман сол кісі десем

қателеспеймін. Әрине, ғылыми зерттеу мен тарихи романның арасы жер мен көктей. Егер ғұн тарихы, әсіресе, Еуропа ғұн тарихы туралы іргелі зерттеулер, батыл болжамдар болмаса, менің бұл шығармамның да дүниеге келуі екталай. Аты аталған және аталмаған ғалымдардың Аттила және Еуропа ғұн тарихы туралы жазған еңбектері менің Аттила туралы қолыма қалам алуыма түрткі болды. Сондықтан, мен олардың еңбегіне басымды иемін. Бұдан басқа, өзің айтқандай, еуропалықтар да Еділ тәңірқұт туралы талай-талай көркем шығармалар жазып, көптеген фильмдер түсірді. Мысалы, ағылшын Джон Мэн, француз Бюе Жан Мариолардың «Тәңірінің шыбыртқысы» деп аталатын туындылары, Аттила дәуірінің тарихшысы Приск Панийскийдің елшілік жазбалары, әр түрлі құжатты және көркем фильмдер, ұланғайыр интернет ресурстары осы шығарманы жазуға шабыт берді. Осыдан барып, менде еуропалықтар жазған Аттиланы неге оның атамекенінде отырған бүгінгі «жаңа ғұндар» жазбайды деген идея пайда болды. Айтып-айтпай, еуропалықтар ол туралы жазғанда қашан да батыстық әсермен және дүниетаныммен жазды. Қысқасы, оған өздерінің көзқарасымен қарады. Олар оның азиялық тегінен, көшпенділік табиғатынан бейхабар болды. Аттиланың әдебиеттегі және көркемөнердегі бет-бейнесін, образын еуропалықтарша сомдады. Содан барып Аттила өмірге еуропаланған Аттила болып қайта туды. Бір қызығы осы образдар адамдардың санасында мәңгі орнығып қалды. Мен осы қалыптасқан образды бұзғым келді. Өз шығармамда Аттиланың азиялық, көшпенділік, түркілік тегіне басымдық бердім. Оны ата-бабасының мекені Ордосқа дейін сапар шектірдім. Әрине, Бюе Жан Марио да солай жазды. Бұл жағынан мен одан сәл озыңқырадым. Әрине, еуропалық солай жазып отырса, менің одан бір табан озуға қақым бар еді. Менің әдеби фантастикам осы тұста шарықтау шегіне жетеді. Өйткені бұл менің өз Аттилам болатын. Оқырмандарға да солай айтамын. Мен одан өзіме жақын, түпкі тегі түркілік, көшпенді билеушінің образын жасадым. Тарихтың шын болмысы да солай болған. Ол заманда қыр даланың қырандары Өтүкен мен Алпі тауының арасын еркін шарлайтын. Олар үшін ұланғайыр кеңістік бұйым емес еді. Шығысқа не батысқа бет алған жүргіншілер алыс сапарлардан араға жылдар салып оралатын. Яғни, ұлы даланың ол шеті мен бұл шетінің арасында байланыс бірде бір сәт тоқтамаған. Біздің кейінгі уақытта көк түріктер деп жүргеніміз сол ғұндар болатын. Түріктер де кейін Қаратөз айналып, Босфордың арғы жағалауларына дейін жетті. Істеми қағанның ұлы Тардудың қосындарын еуропалық ғұндардың көсемі Анағай Қара теңіздің батыс жағалауында қарсы алды. Бұл – Аттиладан жүз жыл кейінгі әңгіме. Осы жүз жыл бедерінде олар бір-бірімен қарым-қатынасын үзбеген болатын. Ауарлар Еуропаға жеткенге дейін Кавказдың теріскейінен Карпатқа дейін қоныстанған құттығұрлар мен оттығұрлар сол Еуропа ғұндарының сарқыны еді. Мінеки, осынау ұланғайыр тарих әлі де болса жете зерттелмей жатыр. Біреулер мұның бәрі Еуропа тарихы деп ойлайтын болар. Шын мәнінде олай емес. Француз тарихшысы, академик Ренне Груссе атап көрсеткендей, Еуропа дегеніміз – географиялық және тарихи мәндегі Ұлы даланың жалғасы ғана. Сол себепті, Аттила тарихы – Ұлы дала тарихының, көшпенділер тарихының құрамдас бөлігі. Оның Ұлы далаға, бүгінгі бізге қатынасы да солай. Қалай дегенмен де, мен қазақ әдебиетінде сол даңқты бабамыз туралы алғаш қалам тартқан жазушы

болып қалдым. Сол үшін мақтанамын. Ал көркемдік пен тарихи шындықтың ара қатынасына келсек, тарихи шындыққа барынша құрметпен қарадым дей аламын. Еділ төңірегінде, оған дейін және одан кейін туындаған оқиғалар, Риммен, Византиямен болған тарихи тартыстар, Рим ордасындағы жағдайлар, Каталаун даласындағы шайқастар, ғұн аттыларының күнгей Кавказға жорығы, бәрі-бәрі тарихи шындыққа негізделген. Әрине, тарихи проза болғандықтан онда көркемдік элементтер, суреттеулер мен ойдан қосылған кейіпкерлер, аңыз-өңгімелер, көркемдік бояулар болуы табиғи нәрсе.

– Қазақтың ұлттық ұпайын көбірек түгелдеген аса көрнекті жазушысы Мұхтар Мағауиннің «Аласапыран», «Шыңғыс хан» романдары әмбебап. Осы еңбектерінде Мұхтар Донды – Таң, Днепрді – Үзе, Днестрді – Торлы, Дунайды – Истр дегендей, барлық тарихи-жағрапиялық атауларды көне түркі атауларымен атайды. Өзің қазіргі Дунайды Донай деп, басқа да тарихи-жағрапиялық атауларды, ру-тайпаларды, халықтарды қазіргісіне жақындатып алыпсың. Осындай кереғарлыққа не себеп? Сеніңше, қайсысы тарихи шындыққа жақын?

– Жалпы, мен де жер-су атауларының көнеше болғанын қалаймын. Тарихи шығармада тарихи лексика, қанатты сөздер мен сөз тіркестері, сөйлем формалары болғаны дұрыс. «Балқан тауға барғандар» алғаш «Жұлдыз» журналында жарық көргенде әйгілі әдебиеттанушы ғалым Мүсілім Базарбаев газетте «Аттила кім?» деген мақала жазып, менің шығармама оңды баға берді әрі атауларды тым қазақыландырып жіберген деген сын айтты. Міне, осыдан соң маған жер-су атаулары қалыптасқан күйінде қала бергені жөн болар деген ой келді. Өйткені оны қазіргі оқырманның қабылдауы екіталай еді. Оның үстіне, сөз болып отырған географиялық кеңістік Еуропа болса. Бұл бір. Енді бір жағынан, бізде тарихи-географиялық атаулардың бір ізге түскен сөздік қоры жоқ. Сол себептен, бұл романды қайта жазған кезде мақсатты түрде халыққа, бүгінгі ұрпаққа түсінікті болуын басты назарда ұстадым. Дегенмен, соның өзінде де лауазым, салт-дәстүр, қару-жарақ, қарым-қатынас, соғыс өнеріне тән атаулар, диалогтар мен жыр-термелер қазақ тілінің байырғы сөздік қорына, сөйлеу мәнеріне сай берілді. Онсыз тарихи шығарманың дәм-татуы болмайды.

– Біз өзіңді ең әуелі «Қазақ тарихы» журналының белсенді авторы ретінде таныдық. Ол кезде қазақ тарихшыларының басты көпшілігі Кеңес, Компартия, Кәсіподақ тарихының төңірегінен ұзай қоймайтын. Сондықтан сонау Көк түріктер заманынан тартып жазатын саусақпен санарлық тарихшы ретінде өзіңнің мақалаларыңды қуана жарияладық. Сөйтіп қазақтың көне тілі мен ежелгі тарихын қатар меңгерген, салт-дәстүрін жетік білетін ғалым ретінде таңдайға татитын тізбекті мақалалар шоғырын жаздың. Осының бәрі неден және қалай басталды? Тарих пен әдебиетті тел емуіңе нендей жағдай түрткі болды? Ғылыммен, шығармашылықпен қатар айналысу қиын емес пе? Осыны таратыңқырап айтсаң.

– Бұл жағы, әрине, менің өмірлік қалап алған мамандығыммен тығыз байланысты. Себебі туған жерімнің табиғаты, тарихи ескерткіштері мені жастайымнан тәнті етті. Менің туған жерім – Алтай

аймағының Шеміршек деген ауылы. Ол – көне қабірлер мен балбал тастарға, жартас суреттеріне бай өңір. Күнгей беттегі тау қойнауына қарай сұғынып жатқан кең қолаттан соңғы 70 жылда ерте заманның қола және алтын бұйымдары көптеп табылды. Сол себептен, археологияда «Шеміршек мәдениеті» деген термин қалыптасқан. Ол жердегі ежелгі адамдардың антропологиялық типі мен мәдениеті туралы ресейлік А.Г.Козинцев, А.А.Ковалев, Е.Е.Куликов секілді ғалымдар зерттеп жүр. Қазақстан ғалымдарының да қызығушылығы күшті. Қытай деректері бұл қоныстардың Ғұн, Түркі дәуірінде және Моңғол үстемдігінің қарсаңында осында әрекет еткен этностардың саяси орталығы болғанын дәлелдейді. Иә, оңтүстігін Қара Ертіс алқымдап, солтүстігі Алтай тауының жон арқасы арқылы Моңғолиямен шектесіп жататын осынау өлке табиғатының әр алуандығымен де, тарихының тереңдігімен де кім кімді болса да өзіне баурайды. Менің тарихқа деген қызығушылығым алдымен осы туған жердің тарихын білсем, зерттесем деген балалық аңсардан басталды. Өз басым қаршадай кезімнен өндірістік еңбекке араластым. Тоған қазып, қора салып, шөп шаптым, үлкен жігіттермен бірге таудан ағаш кесіп, балық аулады. Мал да бақтым. Кешкісін киіз үйде жарық болмағандықтан, алакеуім шақта тамақтарын ішіп алып жігіттер ерте ұйықтайтын. Ұйықтар алдында іштерінен жыр, терме және ертегі айтатындар шығатын. Жігіттер соны естіп жатып ұйқыға кететін. «Қалқаман-Мамыр», «Құралай сұлу», «Қыз Жібек» жырлары түйдек-түйдегімен айтылатын. Соларды естіп, бәрін көкірекке құйып, көз алдымызға елестетіп жатып, біз де көз ілетін едік. Соның бәрі біздің бойымызда ел мен жерге, қазақтың кең даласына деген сүйіспеншілікті және мақтанш сезімін ұялатты. Егер менің бойымда аздап болса да тарихшылық пен жазушылық дарын болса, ол сол туған жердің, көшпенді мәдениет пен қаймағы бұзылмаған елдік ортаның әсері. Кейін Шыңжаң университетінің тарих факультетіне түскен кезімде аяқ астынан әдебиет факультетіне ауысқым келді, сол кезде А.Розиев деген деканның мені кабинетіне шақырып алып: «*әдебиет пен тарих – тегі бір мамандық, әдебиет оқыған сөзсіз әдебиетші болады деген тұжырым жоқ, бірақ бойыңда әдеби таланты бар кісі тарих оқыса, ол жәй әдебиетші ғана емес, нағыз әдебиетші болады*», – дегені әлі есімде. Енді ол айтқандай нағыз әдебиетші болмасақ та, әдебиет саласында азды-көпті еңбек еттік. Осыған дейін, тарихи зерттеулеріммен бірге, Ғұн, көне Түркі, Шыңғыс хан дәуірінен үш үлкен тарихи роман жаздым. Өзің айтқандай, менің шығармашылығым туралы өткен 2021 жылдың әдеби жыл қорытындысында белгілі жазушы Ж.Шағатай да жақсы атап өтті. Жақында «Жас Алаш» газетінде тағы да сыншы Жарас Кемелжан тәуелсіздіктен кейін жарық көрген Қ.Жұмаділовтың «Дарабоз», М.Мағауиннің «Жармақ», Ә.Нұрпейісовтың «Соңғы парыз», С.Елубайдың «Ақбоз үй» секілді романдарын атай келе: «*Тоқсаныншы жылдардан кейін Қазақ әдебиеті тарихын тым тереңдеткен, яғни Алтын Орда дәуірінен ары апарып тастаған, сонау Көк түріктер дәуіріне құлаш ұрған шығарма – Тұрсынхан Зәкеннің «Аттила. Балқан тауға барғандар», «Көк бөрілердің көз жасы» сияқты еңбектері. Оны біз емес, әдебиет сыншылары солай атап отыр*», – деп жазыпты. Өзіңе және шығармашылығыңа байланысты айтылған осындай жылы лебіздерді оқығанда шынымен марқаясың. Өйткені бұл – ел руханияты үшін төккен тер мен еткен еңбегіңнің зая кетпегендігі. Осы орайда, менің

шығармашылығымды оңды бағалап, айырықша атап өткен әдебиетші, сыншы әріптестеріме шын көңілден алғыс айтамын! Енді сұрағыңның ғылыми-зерттеу мен әдеби шығармашылығыма байланысты тұсына тоқтала кетейін. Мен үшін бұл екеуі бір-біріне кедергі келтірмейді, керісінше пәнаралық байланыстағы тынымсыз ізденіс. Яғни, қос қанатым іспетті. Ғылыми зерттеудің өз алдына қалыптасқан әдіснамасы, стилі бар. Одан қашанда ауытқуға болмайды. Мен оның мектебінен өткен адаммын. Ал әдеби дүниелерім болса, көбінесе жұмыстың қарбалас емес кезінде, демалыс аралығында жазылады. Қатаң ғылыми стилден шыға алмайтын әрі жеткізіп айта алмайтын тұстарды тарихи романда жеріне жеткізіп айтуға мүмкіндік бар. Өйткені ол көркем туынды болғандықтан, кейбір деректерге жан бітіріп жіберуге болады. Керісінше, көркем шығармада терең талдап, тәптіштеп кете алмайтын тұстарды ғылыми зерттеулерде жеріне жеткізе зерттеп, дәлелдеп бере аласың. Сондықтан мен үшін олар бір-бірімен байланыста. Ылғи да ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрекпен кіріссең, олардың қай-қайсысынан да шабыт және ләззат аласың.

– *Шетелдегі қазақ тарихының білгірі, қытай профессоры Су Бэйхайдың төрт томнан тұратын «Қазақтың тұтас тарихы» және «Қазақ мәдениетінің тарихы» сынды аса көлемді еңбектерін аударып бастырдың. Осы таңғажайып еңбегінде профессор Су Бэйхай басқа да құнды пікірлерімен қоса қазақ тарихын Қазақ хандығынан емес, Түркеш қағанатынан бастау керектігін дәлелдейді. Бұл еңбегің алғашында онша бағалана қоймады. Себебі ол кезде қазақ тарихшылары VII-VIII ғасырлардағы Түркеш Қағанатын былай қойғанда, XIV–XV ғасырлардағы Ақ Орданың өзін қазаққа қатысты деп айтуға жүрексінетін. Оған сол жылдары «Қазақ тарихы» журналында шыққан мақалалар куә. Дегенмен, кейінгі жылдары қытай тарихшысының еңбегін қазақ тарихшылары да шындал зерттей бастаған сыңайлы. Оған өзіңнің тарихшылар Д. Махат, Ж. Смахановамен бірлесіп «Қазақстан тарихына қатысты қолжазбалар мен сирек кітаптар» (Жинақтау, жүйелеу, зерттеу) атты ұжымдық монография жазғаның айғақ. Қазір Су Бэйхайдың осы еңбектеріндегі мағлұматтарды қазақ мемлекеттігін зерттеуші тарихшылар пайдаланып жүр ме?*

– Бәрежелді, бұл сұрағыңа рахмет! Мен елге келе сала Су Бэйхайдың еңбегін жалпы жұртқа таныстыруға атсалыстым. Себебі ол – Қытайда қазақ тарихын кешенді зерттеп жүрген бірден бір ғалым. Қалай дегенмен де, отандық тарихшылар оның зерттеу әдісін, ұстанымы мен көзқарас-пікірлерін білуі тиіс еді. Сол мақсатта ең алғаш «Шалқар», «Қазақ елі» газеттері мен «Жұлдыз», «Қазақ тарихы» журналдарында оның кітаптарынан үзінді және таныстыру, талдау мақалаларын жарияладым. 2001 жылы Дүниежүзі қазақтарының қауымдастығының қолдауымен оның «Қазақ мәдениетінің тарихы» атты көлемді зерттеу еңбегін басып шығардық. Ол еңбекті де қытай тілінен өзім аудардым. Көп еңбектендім. Талай уақытым кетті. Соған қарамастан, ол кітап жұрттың қолына тиді әрі жақсы бағасын алды. Ал, енді «Қазақтың тұтас тарихы» атты еңбегіне келсек, оның атауын біз кейін келе ұғымға жеңіл болсын деп «Қазақтың жалпы тарихы» деп аудардық. Ол туралы «Қазақ тарихы» журналында мақала жаз-

дық, таныстырдық. Тұтас кітапты Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Шығыстану кафедрасы мен «Отырар кітапханасы» ғылыми-зерттеу орталығында Білім және ғылым министрлігінің 2018-2020 жылдарға арналған «Қытай тіліндегі Қазақстан тарихына қатысты қолжазбаларды жинау, жүйелеу және зерттеу» деп аталатын жобасы аясында дайындап, аударып шықтық. Өзің айтқандай, бұл еңбек қазақ тарихын хронологиялық жақтан біздің дәуірімізге дейінгі V ғасырға дейін апарды, сонымен бірге, оны қазіргі Қазақстанды қамтыған аса үлкен кеңістіктен алып қарастырады. Әсіресе, өзіне таныс Шығыс Түркістанның Іле, Алтай, Тарбағатай, Еренқабырға, Құмыл, Баркөлге дейінгі аумағын тұтасымен қазақтың байырғы ата қонысы ретінде көрсетеді. Сол негізде XIX ғасырдың орта кезіне дейінгі тарихты бір тұтас қазақ тарихына жатқызады. Айтпақшы, «Қытай қазағы», «Ресей қазағы» деген ұғымдардың өзі де сол кезден, атап айтқанда «Шәуешек келісімінен» кейін қалыптасты емес пе! Сондықтан оның осы концепциясы тұтас қазақ тарихы тұрғысынан өте маңызды. Сонымен бірге, бұл концепция жоғарыда аталған Іле, Алтай, Тарбағатай өлкесінің ежелден қазақтың өз жері болғанын одан сайын дәлелдей түседі. Дегенмен, автор бұл пікірін Ресей империясын айыптау мақсатында енгізген болатын. Автордың түпкі мақсаты – қазақтың Ұлы, Орта жүзі тегіннен Ресейдің емес, Ман-Цин империясының ықпалында болған дегенді орнықтыру еді. Бұл – қытай тарихшыларының, мейлі ол коммунист болсын, немесе демократ қытай болсын, бұрыннан ұстанып келген көзқарасы. Сол себептен, кітапты аудару барысында біз автордың осы тақылеттес кереғар пікірлерін сынай отырып, кітаптың біз үшін пайдалы, тиімді тұстарына бір-бірден тоқталып өттік. Кітапта қазақ деген халықтың өзінің ата қонысында ерте заманнан бері жасап келген байырғы ұлт екеніне және оның мемлекеттік саяси жүйеде дамығанына басымдық берілген. Қазақ жерінде, әрине, оның Қазақ жері деп отырғаны қазіргі Қазақстан аумағымен шектелмейді, сонау ерте заманнан бастап әр кезде саяси билік құрған түрлі хандықтар мен қағанаттарды Қазақ мемлекеттілігінің бастаулары әрі бірінен біріне жалғасқан алтын арқауы ретінде қарайды. Ал Түркеш қағанатына келсек, автордың пікірінше, дәл сол кезде қазіргі Қазақ жері толығымен оның қолтастына біріккен. Бұл жерде автор Қытай мемлекеттілігінің тарихына байланысты теориялық ұстанымдарды қазақ тарихына қолданып отыр. Өйткені Қытай мемлекеті де әр тарихи дәуірде әр түрлі аталған, бірде бөлініп, енді бірде бір орталыққа бағынып отырған ғой. Сондықтан, біздің тарихшылардың Қазақ тарихының арғы дәуірлері туралы екіұдай ойда болуына ешқандай негіз жоқ. Қазақ жерінде мемлекет ежелден болған. Қазақ ұлты ешқайдан келмеген және ешқайда кетпеген. Әр дәуірде әр түрлі аталса да, осы қонысында тұрақтап, ұрпақтан ұрпаққа жалғасып өмір сүріп келген. Ол туралы деректер жетеді. Бізге жетіспейтіні – теориялық пайым мен тарихнамалық және деректанулық зерттеулер жағы. Шыны керек, бұл сала бізде кенде қалған. Бұдан өзге, тарих факультеттерінде дүниежүзі тарихы терең оқытылмайды. Соның кесірінен біздің ғалымдар қазақ тарихын әлемдік тарихи үдерістер аясында қарастыра алмай келеді. Су Бэйхайдың «Қазақтың жалпы тарихы» деп аталатын еңбегінде біздің отандық тарихнама үшін пайдалы тұстар жеткілікті. Алайда, біздің қоғам осындай дайын дүниенің өзін орнымен пайдалана бермейді. Сондай-ақ, қазіргі жас

галымдардың ерте заман мен ортағасырлар тарихын зерттеуге бара бермейтіні қынжылтады. Өйткені, ол кезең туралы дайын материал жоқ. Бәрін де өздігінен жинап-теруге, ізденуіңе тура келеді. Қазіргі таңда жастарды осындай тақырыптарға бағыттайтын ұстаздардың өзі саусақпен санарлықтай. Бізде археология жақсы дамыған, ал Сақ дәуірінен Алтын Ордаға дейінгі кезді зерттейтін мамандар тым тапшы. Шындап келгенде, бұл кезең – біздің ұлттық, мемлекеттік тарихымыздың іргетасы. Егер біз ата-балаларымыз армандағандай баянды мемлекет құрамыз десек, осы іргетасты берік орнықтыруымыз керек.

– **Жазушы ретінде атамекенде ең алғаш 2001 жылы «Көк бөрілердің көз жасы» атты көлемді романыңмен танылды. Оны халық та жылы қабылдады. Кезінде өзіміз осы романды отбасымызбен оқып едік. Жаңылмасам, ол бірнеше рет басылды. Кейін Көк Түріктердің өміріне арналған «Мәңгітас» романың жарық көрді. Бұған дейін арғы бетте «Гүлбаршын» деген хикаятың мен «Балқан тауға барғандар» да әуелде хикаят болып «Шұғыла» журналына басылыпты. Оған дейін және кейін әңгіме деген шағын жанрда қалам тарттың ба, әлде бірден хикаяттан бастадың ба?**

– Шынымды айтсам, жазған әңгімелерім тым көп емес. Менің көкейтесті арманым тарихи тақырыпты ашу болғандықтан, бірден ауқымды дәуірлік сипаты бар оқиғаларға қалам тарттым. Өйткені бірден өзіме тарихи тақырыпта жазатын жазушы болам деген мақсат қойдым. Жұрт та мені осы жағынан таниды. Бәрін қамтым, бәрінен бақ сынаймын деген мақсатым болған жоқ. Сөйтіп, шағын, заманауи тақырыптағы әңгімелерге уақыт бөле алмадым. Бұл – менің шығармашылығымның олқы тұсы.

– **Осы шығармалар шет тілдерге, мәселен,**

түрік, ағылшын тілдеріне аударылды ма? Аударылса, қай мемлекетте жарық көрді? Үш романың үш көркем фильмге не сериалдарға сұранып тұрғандай. Қазақстан және шетел кинематографтарынан көркем фильм түсіру туралы ұсыныс болды ма? Егер ұсыныс түсе қалса, киносценарий жазуға дайындығың қалай?

– Шығармаларым шет тілдеріне әлі аударылған жоқ. Аударайық, ақшасын төле дегендер болды. Оларға бермедім, шетелде шығып қалайын деп тыраштанбадым. Бұл үш туынды – анау-мынау аударалатын дүние емес. Ол үшін аудармашының өзінің де тарихи білімі, ұлттың этно-мәдени болмысынан толық хабары, әрі тілдің қасиетін терең меңгерген болуы керек. Оның үстіне, ол сол аударатын тілінің нағыз шебері, тілдік ортаның барлық қасиеті сүтпен бітіп, сүйегіне сіңген адам болуы тиіс. Өйтпесе шығармаға да, авторға да обал. Ондай аудармашының табылуы екіталай. Қазіргілердің аударып жатырмыз, шет тілдерінде шығып жатыр дегенінің бәрі далбаса. Ол жақта сол шығармаларды түшіркеніп оқып жатқан ешкім жоқ. Тек аңқау қазаққа даңғазалап, атақ-абырой қуумен жүрміз. Сондықтан, оған асықпаймын. Байқаймын, мемлекет тарапынан аударту дегеннің өзі бір қып-қызыл бәсеке, қызғаныш әрі тамыр-таныстықтың шаруасы екен. Ешкімге жалынбаймын. Бірақ түптің түбінде келер ұрпақтың қазақ әдебиетінде осындай туынды бар ма дегенде алып шығатынына сенемін. Ал, киносценарийға келсек, бұл туындыларымызның киноға немесе теле-сериалдарға сұранып тұрғаны рас. Талантты режиссерлерден, мемлекеттен сұраныс болып жатса жазып беруге дайынмын.

Тұщымды әңгімеңе рахмет!

Сұхбатты жүргізген –
Әбділдабек САЛЫКБАЙ.

Ақын, өлкетанушы, әдебиет зерттеуші Аманжан Жақыповтың (1937-2006) қазақ халқының ұлы перзенттері туралы көптеген мақала жазғанын біреу білсе, біреу білмес. Ол «Қабанбай ұрпақтарының ұлы шежіресі», «Шыңқожа батыр», «Адамның бұлбұлы», «Бауыржан», «Нұрғиса», «Бибігүл» деген ғылыми-зерттеу еңбектерінде аталған тарихи тұлғалар туралы тебірене жазады. Аманжан ақынның бұған дейін қазақтың даңғайыр жазушысы Мұхтар Әуезов туралы «Шәкірт естелігі» («Семей таңы», 1993, 27 қыркүйек), «Абай деп өткен ғұмыры» («Түркістан», 1995, 9 тамыз) мақалалары, «Сол бір бес жыл» естелігі, «Жазушы мен қымыз» әңгімесі («Түркістан», 1997, 3-9 қазан) жарық көрген. Ол «Сол бір бес жыл» естелігінде ұлы ұстаздың дәрісін тыңдап, тағылым алғанын әңгімелей келіп, Әуезовтің баяндау әдісі, сөйлеу шеберлігі жайында төгіле әңгімелейді («Мұхтар Әуезов туралы естеліктер», А., 1997, 577-586-беттер). Төменде ақынның ұлы ұстазынан жазып алған бір ғана дәрісі оқырман назарына ұсынылып отыр.

Бас редактор.

ҚЫРҒЫЗ ӘДЕБИЕТІ

1960-61 жылы Мұхтар Әуезовтің
«Бауырлас әдебиеттер лекциясынан» жазып алғаным

Түркі елдерінің ең көнесінің бірі – қырғыздар. Өйткені б.э. 2-3 ғасыр бұрын қытай ескерткіштерінде қырғыз туралы дерек бар. Ал «қазақ» деген ат 14-15 ғасырда шығады.

«Ғұндар» заманында, қытайдың «Сүй», «Таң» деген династиясының патшалық құрған кездерінде де б.э. 600-800 жылдар арасында орнатылған құлпытаста қырғыз туралы жазылған дерек бар.

«Орхан-Енисей» жазуы Енисей бойында жазылған қырғыздікі боп шықты. Қырғыз тіліндегі жазу. Түрік қағанаты деген күшті мемлекет болған. Қытайдың Сарыте-

ңізіне, Византияға дейін барған, сол тастарға жазған.

«Үлкен жазу», Кіші жазу деп аталады. Күлтегін батырға Тоныкөк (қолбасшы) дегенге жазылған (Томсон, Радлов шешкен).

Күлтегіннің соғыстарының бәрін айтады: 17 жаста атқа мінеді, деп жазып ағасы ылғи баяндап отырған. 45 жаста өлген. Соның ішінде осылар қырғызға шабуыл жасадық дейді. Қырғыздың бегіне қызымызды (қарындасымызды) берген едік. Ол бізге қастық ойлаған екен. Оған күтпеген жерден шабуыл жасадық. Найза бойлы қарлы тауды басып өттік дейді. Енисей жазулары,



М.Әуезов пен З.Қабдолов ҚазМУ студенттері ортасында. Алматы, 1959 ж.

кіші жазулар. Бұл құлпытастар бір жақынынан жазылады. Не кейде өлген адамның өзі өсиет ретінде жазып кеткен. Мұны қоштасу (қошоқ, керез) дейді. Моңғолияның Суджа деген жерінде бір құлпытас табылған. Бұл өлген адамның атынан. «Мен Яолқар (Залқар болуы мүмкін – ред.) қырғыз оғлы» деп жазыпты. «Мен соғыспен келдім. Жеті інім, үш қарындасым бар еді. Жеті інім – жеті ауыл еді. Менің арманым жоқ» деп кеткен. Бірі: «Мен Яш ахун» депті. Сөйтіп қырғыз тарихы өте арғыдан басталады. 9-10-ғасырда Қырғыз қағанаты деген дәуірлеп тұрған мемлекет (Бұл Түрік қағанатынан кейін).

Сол дәуірді қырғыз дәуірі жүрген ұлы мемлекет деп атаған. Қырғыздар бір жорыққа аттанғанда 400 мың қолмен аттандық дейді.

Шыңғыс хан дүниені түгел аламын деп аттанғанда 125 мың әскер екен. Бұл ең мол әскер. Қырғыздың сол замандағы бегі «Бешбалық» деген қаланы алады. Бұл – Ұйғыр хандығы. Ұйғыр хандығын ойран етеді. Осыдан кейін қырғыздың аты жоғалады. 17 ғасырға дейін дерек болмайды. Ол кезде қырғыз Енисейде, 17 ғасырда орыс әскері Сібірді бағындыруға барғанда бірталай қарсылық көрсеткен – қырғыздар. «Иранақ» деген басшысы орыс жылнамаларына түскен.

Қазақты «қырғыз» деп атаған себебі – ең алғаш кезіккен соң, кейін қазақ қырғызға ұқсаған соң, қазақты да қырғыз деп атап келген. Кейін біле бастағанда «Қырғыз-қайсақ», Қырғыздың өзін «қара қырғыз», осы күнгі хакасты «ясашни татар», әзербайжанды «кавказ татары», ескі қырғыздың қалдығын «хакастар» деп атаған. Тоқмақ стансасы мен Фрунзе арасында «Баласағұн» деген қала болған. Бұл Ұйғыр хандығының қаласы. Юсуп Хад хаджіп деген кісі «Құт атғу білікті» жазады.

«Оң», «сол» деп қырғыз екіге бөлінеді. Оғыздар әскерін «оң», «сол» деп бөлген екен. Қазақтың «үш жүзінің» сыры да осында жатса керек. «Үш жүз» белгілі әскер – майдан топтары.

Аманжан ЖАҚЫПОВ.

АМАНЖАН АҚЫН ТУРАЛЫ

...Аманжанның бір қыры – ақындық.

Жазушылық – Аманжан Жақыповтың екінші қыры. «Жазушы мен қымышы» атты шағын әңгімесінде М.Әуезов өмірінің соңғы кезіндегі бір сәттік іс-әрекеті суреттеледі.

Жазушы эссе-естеліктерді де көп жазған екен. Солардың бір шоғыры «Ұлтымның ұлы перзенттері» деп аталады. Солардың бірі – «Ұстаз». Бұл М.Әуезов өмірінің екі кезеңін қамтиды. «Абай жолы» романы талқыланатын бір күні бірнеше жігіт Ғылым академиясының үлкен залына қаймыға басып, әркімге жасқана қарап арт жақтан орын алады. Бұрын шығармаларын оқып, енді өзін көрсем деген арманмен келген зерделі студент алғашқы әсерін: «...кіріп келгеннен президиумның жуан ортасындағы Мұханды бірден таныдым. Ұзақ жылдар сарыла сағынып, анадайдан әкесін тірі көрген баладай, ту сыртым тұтас дүрліге шымырлап, көзімнен жас парлай жаздап басылдым», – дейді. Тартымды баяндау мен жас жігіттің жан толқыны әдемі ұштасады. Автор бұдан кейін М.Әуезовтің өздеріне лекция оқыған сәттерін баян етеді. Ұлы жазушының ой тереңдігін, ағыл-тегіл шешен сөйлейтінін сездіреді. Екінші жағынан, студенттің ұстазына деген ілтипат-құрметі де ерекше көрінеді. «Алдымда тұрған алып ойлы адамның сөзінен де, өңінен де өмір сырын қатар оқып, үнін құлағымда, өң-ажарын көз алдымда мәңгі сақтап қалуға ынтық болдым». Бұл М.Әуезов сынды алыптың дәрісін тыңдасам деп алыстан шөліккеп келген жас жігіттің жан сыры, әсерлі баяндауға кейде дәл мінездеу қосылып, шығарманың эстетикалық-көркемдік қуатын арттырып отырады.

Белгілі ақын, сыншы әдебиетші, тарихшы, шежіреші, жазушы Аманжан Ілиясұлы Жақыптың шығармалары ұйғыр, түрік тілдеріне тәржімаланған. Оның шығармаларын

түрік оқырмандары да зерттеген, арнаулы мақалалар жазып ғылыми еңбектерде жариялаған. Түрік ғалымы, профессор Хикмет Қораштың жетекшілігімен шәкірттері Енвер Қапаған мен Осман Язан А.Жақыптың поэзиясы мен прозасы бойынша зерттеп, диссертация жазған. Арнаулы ғылыми еңбектерде мақалалар жазды.

Поэзиясы туралы түрік тілінде жеке ғылыми еңбек басылып шықты. Бұл кітапқа ғалым, түріктанушы Фадли Али «Қазақ әдебиеті» газетіне мақала-пікір жазып, жоғары бағалаған.

Еуразия Жазушылар одағының төрағасы Якуп Дели-өмероглы Аманжан Жақыптың 80 жылдық мерейтойына түркі халықтарына тарайтын, түрік тілінде шығатын «Бауырлас қаламгерлер» журналының бір нөмірін ақынның өмірі мен шығармашылығына арнаған. Журнал редакторы Әли Акбаштың ақын туралы алғысөзімен ашылған. «Ұлы ұстаз» атты Мұхтар Әуезов туралы көлемді естелігін түрік профессоры, тілші, аудармашы Мұстафа Өнер түрік тіліне аударды. Шәкірт естелігі – 1995 жылы Мұхтар Әуезовтің ЮНЕСКО бойынша аталған мерейтойында республикалық, халықаралық газет-журналдарда, кітапта қазақ-түрік тілдерінде бірнеше рет жарияланды.

А.Жақыпов – көп қырлы өнер иесі. Жазушының артында қалған мұраларынан оның пайым-парасаты биік, қалам қарымы кең қаламгер болғаны аңғарылады. Басқаларын былай қойғанда ол ғылыми зерттеу де («Құлагер» поэмасы хақында) жазыпты. Оның әр жанрда жазған шығармаларынан ана тілінің нәрі мен әрі сезіліп тұрады. Осылардың басын құрай келгенде, қазақтың өнер әлемінен лайықты орын алар рухани мұра екені аян.

Ф.ғ.д., профессор Зүфар СЕЙІТЖАНОВ.

ФТАХР / IRSTI/ МРНТИ: 03.20.00

Ергали ОМАРҒАЗЫ¹, Асхат СУМЕСИНОВ,²

¹с.ф.к., e-mail: yerga@mail.ru,

²тарих магистрі., e-mail: sumesinov@mail.ru,

^{1,2}Қазақстан-Ресей медициналық университеті, Алматы, Қазақстан

АКАДЕМИК МҰХТАР ӘЛИЕВ – Қазақстан медицинасының шамшырағы

Қазақстандық медицинаның дамуына, оның ішінде хирургия, торакальді хирургия, микрохирургия, эндоскопиялық хирургия, трансплантология салаларының дамуына тікелей ықпал еткен, Қазақстанға ғана емес, сондай ақ әлемге танымал хирург – Қазақстанның Халық қаһарманы Мұхтар Әлиұлы Әлиев. Оның ғылым ретіндегі жүріп өткен өмір жолы мен ғылыми мұрасы өскелең ұрпақ үшін, болашақ дәрігер мамандар үшін өнеге. Сонымен қатар, бұл мақала Қазақстан Ресей медициналық университетінің 30 жылдық мерейтойы қарсаңында оның негізін қалаушы және алғашқы президенті болған Мұхтар Әлиевке, оның ғылыми мұраларына назар аударуға арналған.

Түйін сөздер: М.Ә. Әлиев, ҚРМУ, хирургия, микрохирургия, трансплантология, «Әлем азаматы», «Әлем елшісі» және т.б.

Yergali OMARGAZY¹, Askhat SUMESINOV²

¹c.p.sci., e-mail: yerga@mail.ru

²master of history., e-mail: sumesinov@mail.ru

^{1,2}Kazakhstan-Russian medical university, Almaty, Kazakhstan

LIGHT OF KAZAKHSTAN MEDICINE – ACADEMICIAN MUKHTAR ALIYEV

People's Hero of Kazakhstan - Mukhtar Aliyuly Aliyev was a famous surgeon of world renown, who made a huge direct contribution to the development of Kazakhstan medicine, including surgery, thoracic surgery, microsurgery, endoscopic surgery, transplantology. The life and scientific heritage of Aliyev as a scientist are a vivid example to follow for the younger generation and for future medical specialists. This article is dedicated to the 30th anniversary of the Kazakh-Russian Medical University and its first president and founder, Mukhtar Aliyev, to attract the study of Aliyev's scientific heritage.

Keywords: M.A. Aliyev, KRMU, surgery, microsurgery, transplantology, «Citizens for Peace», «Ambassador for Peace» and etc.

Ергали ОМАРҒАЗЫ¹, Асхат СУМЕСИНОВ,²

¹к.п.н., e-mail: yerga@mail.ru,

²магистр истории., e-mail: sumesinov@mail.ru,

^{1,2}Казахстанско-Российский медицинский университет, Алматы, Казахстан

СВЕТИЛО КАЗАХСТАНСКОЙ МЕДИЦИНЫ – АКАДЕМИК МУХТАР АЛИЕВ

Народный герой Казахстана – Мухтар Алиевич Алиев был знаменитым хирургом с мировым именем внесший огромный непосредственный вклад в деле развития казахстанской медицины, в том числе хирургии, торакальной хирургии, микрохирургии, эндоскопической хирургии, трансплантологии. Жизнь и научное наследие Алиева как ученого являются ярким примером подражание для подрастающего поколение и для будущих специалистов-врачей. Данная статья посвящена 30-летию юбилею Казахстанско-Российского медицинского университета и его первому президенту и основателью Мухтару Алиеву, к привлечению изучения научного наследие Алиева.

Ключевые слова: М.А. Алиев, КРМУ, хирургия, микрохирургия, трансплантология, «Гражданин Мира», «Посол Мира» и т.д.

Кіріспе. Адамзат баласы дамуының әр дәуірінде өз ұлтына ғана емес, сондай-ақ, әлем үшін өзінің адал еңбегімен, адамсүйгіштігімен, талантымен танымал болған тұлғалар аз емес. Адам баласы осындай дара да еңселі тұлғалардың қызметінің арқасында бүгінгідей өркениет жетістіктеріне жетті. Әр ұлттың, әр салада өз мақтаныш-перзенттері бар. Жаңа заман тарихында Қазақтың да заманауи медицинасын дамытып, бәсекеге қабілетін көтеріп қана қоймай өз қоғамына адал қызмет еткен осын-

дай азаматымыздың бірі – медицина ғылымдарының докторы (1974), профессор (1976), ҚР Ғылым академиясының академигі (1989), ҚР Медицина ғылымдары академиясының негізін қалаушы және президенті (1995), Қазақстан Халық қаһарманы (1995), биыл құрылғанына 30 жыл толып отырған (құрылғанда Қазақстандық медициналық институт деп аталған) Қазақстан-Ресей медициналық университетінің (1992 жылы) негізін қалаушы және президенті, Халықаралық Хирургтар ассоциациясының бедел-

ді мүшесі, ҚазКСР-ның Жоғарғы Кеңесінің 10-12-ші шақырылымдарының депутаты – Мұхтар Әлиұлы Әлиев.

Бұл мақала Қазақстан-Ресей медициналық университетінің құрылуының 30 жылдық мерейтойына, университеттің негізін қалаған академик Мұхтар Әлиевтің туылғанының 89 жылдық мерейтойының құрметіне және оның өмір жолы мен өнегесіне арналмақ.

Қазақтың халықаралық дәрежедегі атақты хирургі, Қазақстандағы лапароскопиялық хирургияның негізін салған Мұхтар Әлиұлы 1933 жылғы 2 ақпанда Қызылорда облысының Жаңақорған ауданына қарасты, Төменарық станциясында қарапайым теміржолшы отбасында дүниеге келген [1].

Мұхтар Әлиев бала кезінен ізденімпаз, жан жақты, білімге деген қызығушылығы мол кісі болған. Жұмыстың ауыр-жеңіліне қарамастан, еңбекке жас кезінен араласып, білім алу арқылы биікке көтерілуге болатынын түсінген. Сондықтан да өз өмірінің басым бөлігін ілім ізденуге, ғылым мен білімді терең меңгеруге тырысқанынан, 17 жасынан алғаш училище бітіре сала жұмысқа ерте бастан араласқанынан анық аңғаруға болады. Ол кісі жай ғана еңбекқор, тәжірибелі хирург қана емес, сонымен қатар жаһандық медицинада айтарлықтай өзіндік үлесі бар ғалым екенін айту керек.

Материалдар мен әдістер. 82 жылдық өмірінде академик Мұхтар Әлиев ғылыми мұралары ретінде артына 832-ден астам ғылыми жарияланым, оның ішінде 63 монография мен кітаптар, оқу-брошюраларын жазып, КСРО мен Қазақстаннан 173 патент, предпатент пен жаңалыққа авторлық куәлік алған, 28 ғылыми жинақтың Бас редакторы болған. Өзінің жеке медициналық практикасында адам ағзасына 13 000-нан аса операция жасаған білікті маман [2].

Мақаланың арқауы болған биографиялық әдіске сүйене отырып Мұхтар Әлиевтің өмірбаянындағы ресми еңбек жолы оның 1950 жылы Түркістан педагогикалық училищесін аяқтап, Шымкент облысы, Шәуілдір ауданына қарасты Тимур ауылындағы жеті жылдық мектепте мұғалімдік кәсіппен бастағанын көрсетеді. Мұғалімдік қызметті атқара жүріп, білімпаздығының арқасында **1951-1957 жылдар аралығында Әлиев өзінің арман-мақсаты болған еліміздің сол кездегі астанасы – Алматы қаласындағы Медициналық университетте оқыған. Оны сәтті тәмамдап келіп Шымкент облысы, Қызылқұм ауданындағы Орталық аудандық емханада хирург және Бас дәрігер лауазымында еңбекетті. Онымен тоқтамаған Мұхтар Әлиев 1958-1960 жылдары Алматы мемлекеттік медициналық институтының, факультеттік хирургия кафедрасының, клиникалық ординатурасында оқыды. 1961-1963 жылдар аралығында Қазақ онкология және радиология институтының ғылыми қызметкері. 1963-1969 жылдары Алматы Медициналық университетінде кафедра аспиранты, ассистенті, 1969-1976 жылдарда Алматыдағы дәрігерлердің біліктілігін арттыру институтының кафедра меңгерушісі, доценті болды.**

М.Әлиев 1967 жылы кандидаттық диссертациясын, 1974 жылы сәулелену аурулары әсерінен қан-тамыр сырқаттарын хирургиялық емдеудің өзекті мәселелеріне арналған докторлық диссертациясын қорғап шықты. Ал 1976 жылы оған профессор атағы берілді.

1976-1980 жыл аралықтарында өзі оқыған Алматы Медициналық университетінде кафедра меңгерушісі болды. Өткен ғасырдың 80-жылдарынан бастап М.Әлиевтің қалыптасқан білікті дәрігер, тәжірибелі маман ретінде карьерасының өсуімен қатар, мемлекеттік қызмет бабымен өрлеу кезеңі де басталады. 1980-1982 Қазақ КСР Денсаулық сақтау министрлігінің Бас хирургі, 1980-1985 Клиникалық және экспериментальді хирургия ғылыми зерттеу институтының директоры (қазіргі А.Н.Сызғанов

атындағы Ұлттық ғылыми хирургия орталығы), 1982-1987 жылдары Қазақ КСР-і Денсаулық сақтау министрі лауазымдарын қоса атқарды.

1983 жылдан Қаз КСР-ның Ғылым академиясының корреспондент-мүшесі, 1988 жылдан Ғылым академиясының толық мүшесі.

1998 жылы – Халықаралық Медицина ғылымдарының академиясының (Брюссель, Бельгияда) негізін салушы және оның тұңғыш президенті [3].

Талдау. Ғылыми-тәжірибелік мұрасын талдай келе Мұхтар Әлиевтің медицина саласындағы үлесі зор екендігін, жеке ғылыми-практикалық әдістемелер енгізгенін, көптеген емдеу операцияларын Қазақстанда тұңғыш жасап, негіздегенін байқауға болады. Атап айтар болсақ, отандық хирургия саласында **Әлиевтің бастамасыменен бауыр эхинококкозасын лазер көмегімен оперативті хирургиялық емдеудің жаңа әдістемесі теориялық негізделіп, практикада қолданылуы бұл аты жаман аурудың операциядан кейінгі күрделенуі мен емдеу уақыттарын айтарлықтай қысқартуға, тиімді ем-дом шараларын жасауға жаңа мүмкіндіктер ашты. Сондай-ақ, Қазақстанда алғаш рет эндоскопиялық жолмен өт қабы, аппендиксті, бүйрек үсті және өкпе кисталарын алып тастау, емдеу операцияларын жасаған маманның бірі.**

Мұхтар Әлиевтің тікелей басшылығымен әзірленіп-өткізілген әдістеме арқасында өңеш аурулары хирургиясы саласында хирургиялық емдеудің тиімділігі артып, операциядан кейінгі күрделену және өлімнің мөлшері 40%-дан 3-4 %-ға төмендеген болатын [4].

Замануи қазақстандық торакальді, абдоминальді, жүрек-қан-тамыр хирургиясы, эндоскопиялық хирургия, микрохирургия, трансплантология салаларын айтқанда, дәрігер-мамандар жоғарыда айтылған салалардың барлығына Әлиевтің тікелей қатысы бар, ал тіпті **жүректің ишемиялық ауруларын хирургиялық емдеуде, өңеш-асқазан ауруларын емдеуде Мұхтар Әлиұлының енгізген жаңа әдістемелерінің елімізден тыс әлемнің өзге де көптеген елдерінде кеңінен медициналық тәжірибеде қолданылатынын айтады.**

Зерттеу нәтижелері. Қазақстандық хирургтар ішінен М.Әлиев жүректің ишемиялық дертін емдеуде 50-ден аса аорта-коронарлы шунттауды (аорта-коронарное шунтирование) сәтті өткізген дәрігер саналады. Отандық хирургтар арасында жүрек-қан тамырлары патологиясын емдеу ісіне ерекше мән берген тұлғалардың бірі.

Микрохирургия саласында да, травматикалық ампутация және күрделі аяқ-қол жақпалдары кесірінен, өмірлік мүгедектікке шалдыққан адамдарды қалыпты өмір салтына қайтаратын әдістер мен емдеу алгоритмдерін енгізген.

М.Әлиевтің жетекшілігімен бүйрек үсті бездері қыртыстары ауруларын, адреналдық бездерді рентгендік-эндovasкулярлық және пункциондық деструкциясын емдеуінің жаңа әдісі әзірленіп, қолданысқа енгізілген.

Зерттеу нәтижелері. Көптеген зерттеушілердің айтуынша, хирург М.Әлиевтің басшылығымен А.Н.Сызғанов атындағы Ұлттық ғылыми хирургия орталығында бауыр хирургия бөлімі ашылып, өт шығару жүйесін емдеу мен қалпына келтіру бойынша реконструкциялау операцияларының әртүрлі нұсқалары әзірленіп, жүзеге асырылды. Бұл – көптеген науқастардың өт жолдары ауруларынан емделуіне өз септігін тигізді.

Ғылыми медицинадағы тың ғылыми зерттеулердің бірі – клеткалық терапия заңдылықтарын фетальді клеткалар арқылы негіздеу. Бұл тұрғыда Әлиевтің атсалысуымен алғашқы нәтижелері тоқсаныншы жылдардың аяғы мен екі мыңыншы жылдардың ортасында бауыр циррозын емдеудегі гепатоциттерді

қолдану бойынша олардың жоғары тиімділігі мен келешегін көрсетті. Іріңді-септикалық ауруларды емдеу үшін спленоциттерді және жүрек жеткіліксіздігін емдеу үшін кардиомиоциттерді қолдану нәтижесінде қызықты нәтижелер алынған болатын.

Жаңа замандағы медицина тармақтарының үлкен жылдамдықпен дамуы күн өткен сайын өзектіленіп отыр. Осы тұрғыда медицинадағы адам органдарын алмастыру, өзге адам органдарын донорлық мақсатта қолдану немесе ғылым тілінде трансплантология деп аталатын сала кең етек жаюда. Академик М. Әлиевтің бастамасымен Қазақстан тәуелсіздігін алғаннан кейінгі тарихындағы органдар трансплантациясының Республикалық орталығы құрылған. Қазақстанда органды трансплантация (бауырды алмастыру) операциясын тұңғыш рет 1996 жылы академик Мұхтар Әлиев А.Н.Сызғанов атындағы ғылыми зерттеу хирургиялық институтында (Алматыда) жасады [5].

Орта Азия елдері мен Қазақстанда трансплантология бойынша ол алғаш болып науқас жас баланың бүйрек, бауырын алмастыру операциясын, ұйқы безінің ауто трансплантациясын және сусамыр ауырыменен ауыратын науқастың ұйқы безінің жасушаларын алмастыру операцияларын жасады.

Отандық медицина саласын дамыту ісінде де, ғалым-дәрігер М.Әлиев клиникалық, практикалық қызметтерінен бөлек теориялық-концептуалдық тұрғыда қазақстандық хирургтардың академиялық және ғылыми-тәжірибе алмасуы, ұтқырлықта болуы, халықаралық серіктестікті дамыту мен ұйымдастыру мәселелерімен де үнемі айналысып жүрген.

1990 жылы Әлиевтің ұйымдастыруымен (өзі президенті болған) Қазақстан хирургтары ассоциациясының V съезі өткізілді. Ал 1997 жылы Қазақстандағы хирургиялық аурулар және оларды заманауи инновациялық емдеу жолдарын талқылауға арналған Қазақстан хирургтарының I Конгресі өтті.

Қазіргі қазақстандық медицинаның өзекті мәселелерін зерттеу, оны дамыту мақсатында 1995 жылы М.Әлиев Қазақстан Медицина ғылымдарының академиясын құрды және оның алғашқы президенті болды. Сондай ақ, медицина ғылымдары шеңберіндегі күрделі тақырыптарды кәсіби көтеріп талқылаған: «Медицинский журнал Казахстана», «Хирургия», «Здравоохранение Казахстана», «Денсаулық», «Эндоскопическая хирургия», «Парасат», «Астана медициналық журналы», «Зерде» және т.б ғылыми журналдардың редакциялық ұжымының мүшесі, кейінде бас редакторлық қызметтерді де атқарған.

М.Әлиев әлемдегі бірнеше халықаралық академиялар мен ұйымдардың «мүшесі», «құрметті мүшесі», «құрметті азаматы» және «құрметті полковнигі» болған. Мысалы, Еуропалық Халықаралық медицина академиясының, Халықаралық гастроинтестиналды хирургиялық клубтың, Нью-Йорк ғылым академиясының (АҚШ), Н.И.Пирагов атындағы хирургтар Ассоциациясының (Ресей), Шығармашылық академиясы мен информатика академиясының (Ресей) мүшесі, Солтүстік Каролина Штаты хирургтары Қауымдастығының (АҚШ), Медициналық білім мен профилактика академиясының (Германия), Қырғызстан хирургтарының қауымдастықтарының құрметті мүшесі, Балтимор қаласының (АҚШ) құрметті азаматы, Кентукки штатының құрметті полковнигі, Нью-Йорк штаты Қазақтары Қауымдастығының мүшесі.

Қазақстандық марапаттары мен атақтары да өте көп. М. Әлиев сонымен қатар, әлем мойындаған дара тұлға, әлемдік ірі ұйымдар мен халықаралық кәсіби қауымдастықтардың лауреаты, дипломанты, жоғары атақ лауазымдардың ресми иегері болған. Солардың бір-нешеуіне тоқталып өтсек: 2002 жылғы Өндірісті дамыту

қоғамының (Франция) лауреаты және «Стратегиялық менеджмент үшін» алтын медалімен марапатталған. «Жыл адамы», «Әлемнің жетекші интеллектуалдары», «Медицина саласындағы атақты кәсіби жетістіктері үшін», «Әлем азаматы», «Әлем елшісі» лауазымдары, сондай ақ, Америкалық Биографиялық Институттың нұсқасы бойынша «Хирургияны дамытуға қосқан зор үлесі үшін Халықаралық құрмет грамотасының дипломанты», Халықаралық Биографиялық Орталықтың вице-президенті және «Ғылыми факультеттің өмірлік мүшесі» (Англия, Кембридж) [4,30-31-беттер].

Қорытынды. Әлиевтің ғалым ретіндегі жүріп өткен соқпақты жолындағы биік белестері бір мақалаға емес, сан кітапқа арқау болары анық. Ол кісінің жеткен жетістіктері туралы әлі біраз санамалай беруге болады. Бірақ осындай қысқа мақалада Мұхтар Әлиев сияқты өз ұлтының мақтаныш-перзенті болған, Қазақстанды әлемге танытқан, өз ісінің хас маманының өмірбаянын, ғылыми мұрасын толық сыйдыру мүмкін емес. Сондықтан бұл мақала шегінде біз М.Әлиевтің қоғамдық-саяси белсенділігін, отандық денсаулық сақтау саласының заңи-құқықтық нормативтерін жасауға қосқан ерен үлесін және т.б көптеген іскерліктерін қарастыра алмадық. Дегенмен, М.Әлиевтің өмір және еңбек жолы туралы мақалада қысқаша қамтылған мағлұматтар арқылы оның қандай алып тұлға болғаны туралы түсінік қалыптасады деген пікірдеміз.

Қазақстан медицинасының шамшырағы бола білген Мұхтар Әлиевтің ғалым әрі талантты хирург ретіндегі зор мұрасы ескеңең ұрпаққа, жастарға, әсіресе, медицина саласында білім алушы болашақ мамандарға бұлжымас бағыт, тәлімге толы ғибрат деген ой тұжырым қорытамыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

Справочник хирурга: справочное издание / М.А.Алиев. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», - 1997. – 5 стр. - ISBN 5-89800-110-7.

С.Сабеков. «Халық қаһарманы» Мұхтар Алиев – профессионал своего дела - Международное информационное агентство «Казинформ» 19 октября 2009 года, 19:34 - https://www.inform.kz/ru/halyk-kaharmany-muhtar-aliev-professional-svoego-dela_a2205728 интернет ресурсқа жүгіну күні – 25.01.2022 жыл.

Интернет басылым – Казахстанская энциклопедия - http://ru.encyclopedia.kz/index.php/%D0%90%D0%BB%D0%B8%D0%B5%D0%B2_%D0%9C%D1%83%D1%85%D1%82%D0%B0%D1%80_%D0%90%D0%BB%D0%B8%D0%B5%D0%B2%D0%B8%D1%87 интернет ресурсқа жүгіну күні - 25.01.2022 жыл.

Биобиблиография ученых Казахстана / Мухтар Алиев: Составители: к.м.н. Б.Ш.Альбазаров., к.м.н М. Кузюкеев., Д.А. Жусиев –Академия наук Республики Казахстан – Алматы: - 1993 год. – 27, 30-31 стр. ISBN 5-628-01356-0.

С.Ордабеков. «Трансплантация: кеше және бүгін» – НИ: «Казахстанский медицинский журнал» / №6 (30), декабрь 2012. – Алматы: «Signet print». – 49 бет.

TRANSLITERATION

Spravochnik khirurga: spravochnoe izdanie / M.A.Aliyev. – Almaty: «Kazakh entsiklopediasy», - 1997. – 5 str. - ISBN 5-89800-110-7.

S.Sabekov. «Khalyk khaharmany» Mukhtar Aliyev – professional svoego dela - Mezhdunarodnoe informatsionnoe agestvo «Kazinform» 19 octiabria 2009 goda, 19:34 - https://www.inform.kz/ru/halyk-kaharmany-muhtar-aliev-professional-svoego-dela_a2205728 internet resurska zhuginu kuni - 25.01.2022 zhyl.

Internet basylym – Kazakhstanskaya entsiklopediya - http://ru.encyclopedia.kz/index.php/%D0%90%D0%BB%D0%B8%D0%B5%D0%B2_%D0%9C%D1%83%D1%85%D1%82%D0%B0%D1%80_%D0%90%D0%BB%D0%B8%D0%B5%D0%B2%D0%B8%D1%87 internet resurska zhuginu kuni - 25.01.2022 zhyl.

Biobibliographia uchenikh Kazakhstana / Mukhtar Aliyev: Sostoviteli: k.m.n.B.Sh. Al'bazarov., k.m.n M. Kuzhukееv., D.A. Zhusiev –Akademia nauk Respubliki Kazakhstan – Almaty: - 1993 god. – 27, 30-31 str. ISBN 5-628-01356-0.

S.Ordebekov «Translantatsia: keshe zhane bugin» – NI: «Kazakhstanskii Meditsinskii Journal» / №6 (30), Decabr' 2012. – Almaty: «Signet print». – 49 bet.

Динара КАМЫТХОЖАЕВА,
педагогика ғылымдарының магистрі, оқытушы,
Қазақстан-Ресей медициналық университеті,
e-mail: dinara060875@mail.ru, Алматы, Қазақстан

ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ҰЛЫ МҰРАЛАРЫ

Уақыт пен кеңістіктің кемел болмыстарының бірі де, бірегейі де – пенденің қолымен емес, уақыт керуенінің жолымен өрнектелген, келер ұрпақтың болжамы емес, тұтас зерденің пайымымен шегенделген тарихнама беттері болса керек. Ұлттың ұлт болып қалыптасуы үшін оның тілі, діні, тарихы мен мәдениетінің алатын орны ерекше, тамырын тереңге жайған тарихымызға үңілсек, мәдениет пен өркениеттің пайда болып, дамыған ортасы, бастау бұлағы ол біздің ұлан байтақ жеріміз екенін көре аламыз. Осы ретте жазба тарихы кемдеу өлкеміздің кешегі өрлігін де, ерлігін де, кісілік келбеті мен кемел тұлғасын да толымды қалпында танып-білуге апарар әділет жолы – тарихи-мәдени мұраларда жатыр дер едік.

Түйін сөздер. *Бабалар, жастар, қазақ елі, қазақ тілі, Қазақстан, мәдени мұра, мемлекет, тарих, тәуелсіздік, ұлт, ұрпақ, халық, мәдениет.*

Динара ХАМЫТХОЖАЕВА,
магистр педагогических наук, преподаватель,
Казахстанско-Российский медицинский университет,
e-mail: dinara060875@mail.ru, Алматы, Казахстан

ВЕЛИКИЕ НАСЛЕДИЯ – ВЕЛИКОЙ СТЕПИ

Ни одно из совершенных реалий времени и пространства, ни одна из них – не рука Пенде, не путь каравана времени, не предсказание грядущего поколения, не видение целостного сознания и страницы историографии. Для становления нации как нации, ее язык, религия, история и культура занимают особое место, и если мы углубимся в историю, то увидим, что культура и цивилизация-это среда, среда развития, источник истоков, это наша необъятная земля. В то же время в историко-культурном наследии заложен путь справедливости, направленный на то, чтобы в полной мере познать и прошлое, и подвиг, и облик человека, и совершенство нашего края.

Ключевые слова. Предки, молодежь, казахская страна, казахский язык, Казахстан, культурное наследие, государство, политика, история, независимость, нация, поколение, народ, культура.

Dinara Khamytkhozhayeva,
Master of pedagogical sciences, teacher,
Kazakh-Russian Medical University,
e-mail: dinara060875@mail.ru, Almaty, Kazakhstan

GREAT HERITAGES – THE GREAT STEPPE

One of the most perfect beings of time and space, as well as the unique ones, is the vision of the whole mind and the pages of historiography, not the predictions of future generations, expressed not by the hand of pendi, but by the way of the caravan of time. The language, religion, history and culture play a special role in the formation of a nation, and if we look at our deep-rooted history, we can see that it is our great land, where culture and civilization are born, developed, and the source of origin. In this case, we would say that the written history lies in the historical and cultural heritage-the path of Justice, which leads to the full knowledge of the past, the feat, the manhood and the perfect personality of our region.

Key words: Ancestors, elbasy, youth, Kazakh Eli, Kazakh language, Kazakhstan, cultural heritage, state, history, independence, nation, generation, people, culture.

Кіріспе. Тұңғыш президент Н.Ә.Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында айтылғандай, жаһандануға «...өзіміздің ұлттық құндылықтарымыз арқылы ғана төтеп бере аламыз». Иә, ұлттық құндылықтарымыз – біздің еліміздің мызғымас іргетасы, алтын арқауы, тарихи темірқазығы. Құндылықтар арқылы, тәуелсіз ел екенімізді айқын көрсете аламыз. Осы орайда елімізде рухани жаңғыру бағдарламасы аясында ауқымды шаралар өткізіліп, тарихи оқиғаларды кино желісімен және көнерген кітаптар жаңартып та белсенді жұмыстар атқарылып жатыр.

Н.Ә.Назарбаев 2018 жылдың 21 қарашасында тарихи сананы одан әрі жетілдірудің заманауи үлгісін ұсынып, «Ұлы даланың жеті қыры» атты еліміздің болашаққа бағыт беретін, бағдарын айқындайтын, болашаққа деген сенімділікті арттырып, тарихи санасын жаңғырту негізіндегі мақаласын жариялады. Бұл мақалада сонау тарихымыздың құнды мұраларын қасиетті жеті санымен, ұлт рухын көтеретін, халқымызды тың ойларға жетелейтін, еліміздің тарихи дәрежесін, тарихи мәдениетінің дәрежесін бүкіл әлемге паш ететін бұл мақала аты айтып тұрғандай «Ұлы даланың жеті қырын» ай-

қындап, алдағы уақытқа бағыт-бағдар береді. «Ұлт тарихындағы кеңістік пен уақыт» және «Тарихи сананы жаңғырту» деген екі бөлімнен тұрады.

Материалдар мен әдістер. Отандық ғылымда этникалық мәселелер, **ұлттық құндылықтарымыз** туралы ғылыми жарияланымдар қазір көбейіп келеді. Мәселен, осы бағыт бойынша Қазақ елі, қазақ тілі, мәдени мұра, тарих, тәуелсіздік, ұлт, ұрпақ, халық, мәдениет және тағы басқа сияқты құбылыстар зерттелуде. Қазақстанда бұл туралы Ө.Кекілбай, Ғ.Есім, Н.Назарбаев, Т.Жұртбай, Б.Төлепберген және басқалардың еңбектері жарияланды. Біз осы мақаланы жазу барысында аталған авторлардың еңбектерін және Интернет ресурстарын пайдаландық.

Талдау. «Өткенсіз келешек жоқ» дейді халық даналығы. Кез келген жаңалық өткеннің өзегінде дамып, келешек ұрпаққа жалғасын табары заңдылық. Өрбір атқан таң мен күн тарих бетінде таңбаланып, келешек ұрпақтың еншісіне тиері анық. Ендеше, тәуелсіздік алған жылдардағы төл тарихымызды тереңнен тартып түгендеу, тарихи ақтаңдақтарды ақтап алу, олардың есімдерін жаңғырту халқымыздың тарихи сана-сезіміне ерекше серпіліс, дүмпу берсе, жаңа мыңжылдықтардың басындағы Елбасы бастамасымен жүзеге асқан жас мемлекетіміздің елдігін күллі әлемге танытқан «Мәдени мұра» бағдарламасы ұлттық тарихымызды жинақтап, өткенімізді сараптауға мүмкіндік бергені белгілі.

Бұл бағдарламалық мақалалардың «Қазақстан – 2050», «Мәдени мұра», «Мәңгілік Ел», «Халық – тарих толқынында» және «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» стратегияларымен үндескен. Сонымен қатар, халқымыздың болашағына тигізер пайдасы мен еліміздің өркендеуіне ат салысары сөзсіз. Тұңғыш президентіміздің мақаласына тоқталып, қысқаша анықтама беруімдегі басты себебім – еліміз үшін, Қазақстанның болашағына арналып жазылған бағдарламалық мақалалар жүзеге асып жатқаны, мені тарихшы ретінде қуантады.

Зерттеу нәтижелері. Тарихымызға көз жүгіртсек, қазақ халқының басынан не бір қиындықтар өткенін біле аламыз. Тарихымызды зерттеу, бұл күнге қалай жеткенімізді білу бәріміз үшін маңызды. Қан мен терін еліміз үшін төккен ата-бабамызды біз ұмытпауымыз керек. Сан қырлы тарихы бар, Ұлы даламыздың «Ұлы» болып аталуына септігін тигізген кең байтақ даламыздағы құнды да қымбат мұралар болып табылады. Ұлы дала сөзінің өзі тамыры тереңге жайылып, ұлттық болмысымызды айқындайтын мағынада қолданылады. Біз бақытты елміз, ұлы дала болып аталғанымыздың сыры да терең тарихымызда жатыр. Сондықтан, тілімізді, дінімізді, мәдениетімізді, тарихымызды шын жүректен қадірлейік, бағалайық және құрметтейік!

Тұңғыш президент Н.Ә.Назарбаев: «Біз – ұлан-ғайыр жері мен аса бай рухани тарихы бар елміз. Ұлы даланың көз жеткізгісіз кең байтақ аумағы тарихта түрлі рөл атқарған. Бірақ, осынау рухани географиялық белдеуді мекен еткен халықтың тонның ішкі бауындай байланысы ешқашан үзілмеген», – деген еді. Рас, біздің еліміздің өзіндік тарихы бар. Өзіндік тарихына сәйкес өзіндік мұралары бар. Ұлы мұраларымызды ескере отырып тарихымыз баяндалады. Ал, ұлы мұраларымыздың тарихта алатын орны ерекше. Ұлы мұралар –

ұлтымыздың негізгі бастау алатын өзегі, ұлт болып қалыптасуымыздың басты факторларының бірі. Біздің тарихымыз бен мәдениетіміз сан қилы. Ұлы мұраларымыз арқылы тарихымыз тереңге жайылып, ұлт, ел, мемлекет екеніміз дәлелденген. Ұлы даламыздың ұлы мұраларына тек Қазақстанның қалыптасуына ықпал еткен тайпалар ғана емес, ежелгі сәулет өнері, қол өнері, қалалық және далалық материалдық мәдениет, табылған құнды заттар мен жәдігерлер ғана емес, тұлғаларды да жатқызуға болады. Мәселен, ел басқарған хандар, ғалымдар, сөз саптауы ерекше шешендер, батырлар, ұйқасын таба білген ақындар, билер, елдің мұңын мұңдап, қуанышын таңды таңға ұрып жырлаған жырауларды да біздің мұралар тізіміне қоссақ болады.

Мен «Ұлы Дала» деген сөзді естісем, ең бірінші, Дешті Қыпшақ жері, яғни Алтайдан Еділге дейінгі даласы есіме түседі. Ескі ұғымның өзін жаңартып тұрған керемет сөз дәл бізге, біздің елге арналғандай...

Қорытынды. Қазақта: «Бағалай білгенге бақ қонады, қуана білгенге құт қонады» деген жақсы сөз бар. Ұлы дала тарихын ұрпақ санасына сіңіру арқылы ұлттық сана мен ұлтжандылықты Қазақстан халқының бойына дарыта береміз. Осы орайда, біздің тарихшылардың атқаратын міндеттері студент жастарға еліміздің тамыры терең тарихын, ұлттық құндылықтарымызды, тарихтағы мұраларды жеріне жеткізе түсіндіріп, олардың еліне деген сүйіспеншілігін арттыру. Сонымен қатар, еліміздегі бұрын-соңды болған оқиғаларын түсіндіре отырып, елінің, тұрып жатқан жерінің қадірін білу және мақтанышпен тарихымызды айтуына септігімізді тигізу. Терең мазмұнға ие осы құндылықтарды біз кейінгі ұрпақтың жүрегіне жеткізіп, ой-санасына сіңіруіміз қажет! Сол кезде ғана жас ұрпақтың жан-жақты болуына да, тарихқа деген қызығушылықтары оянуларына да көмегіміз тиеді. Жас ұрпақты білімді, тәрбиелі қылып өсіру біздің қолымызда!

ӘДЕБИЕТТЕР

Жұртбай Т. Өлімші халықты тірілтен Мәңгілік ел нысанасы // Байырғы түркі өркениеті: жазба ескерткіштер. – Алматы: Ғылым, 2001. – 389 б.

Есім Ғ. Ел мен Елбасы. – Алматы: Дүниежүзілік қазақтардың қауымдастығы, 2003. – 344 б.

Төлепберген Б. Ұлттық идея – тәуелсіздік тұғыры: әлеуметтік-философиялық талдау. – Алматы: Алматы баспа үйі, 2011. – 240 б.

Ұлы Даланың Ұлы есімдері. Мақалалар жинағы.

«Егемен Қазақстан» газеті Н.Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласы.

TRANSLITERATION

Zhurtbay T. The object of Mangilik El, which brought the dead people back to life // ancient Turkic civilization: written monuments. Almaty: Nauka publ., 2001. – 389 P.

Yessim G. The country and the leader of the nation. Almaty: World Association of Kazakhs, 2003. - 344 P.

Tolepbergen B. national idea – the basis of independence: socio-philosophical analysis. Almaty: Almaty publishing house, 2011. - 240 P.

“Great names of the Great Steppe. Book” collection of articles

«Egemen Kazakhstan» newspaper article by N. Nazarbayev “Seven facets of the Great Steppe.”

Диана ҚҰНДЫЗБАЙ,
гуманитарлық ғылымдардың магистрі, аға оқытушы,
Қазақстан-Ресей медициналық университеті,
e-mail: diana.krmu@mail.ru, Алматы, Қазақстан

ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДА БАЙЛАР МӘСЕЛЕСІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Мақалада қазақ қоғамындағы байлардың орны мен рөліне байланысты зерттеу еңбектері тарихнамалық тұрғыдан талданады. Автор тарихнамалық зерттеулер мен фактілерді негізге ала отырып, зерттеушілердің әр түрлі көзқарастарын көрсетеді.

Орта ғасырдағы Қазақ тарихында қанаушы феодал деген категорияға Кеңес дәуірінде қазақ байларын жатқызды. Бұл атаудың өзі айтып тұрғандай бай деген атау малы көп адамға айтылады. Бай тек көшпелі ауылдың шаруашылық ұжымының жетекшісі. Бірақ ол мал иесі атану арқылы қажетті деңгейдегі әлеуметтік сатыға көтеріледі.

Қазақ қоғамындағы байлар мәселесіне орыс зерттеушілерінің көп көңіл бөлгенін ескере отырып, автор олардың еңбектерін талдайды. Сонымен қатар Кеңестік кезеңдегі қазақ қоғамына байланысты жазылған еңбектерді қарастырып, ондағы байлар мәселесінің зерттелуін тарихнамалық тұрғыдан талдайды. Осылайша автор отандық тарихта байлар мәселесінің әлі зерттелмеген тұстары бар екендігіне көз жеткізеді.

Тірек сөздері: Қазақ қоғамы, әлеуметтік топ, бай, байлық, мал.

Diana KUNDYZBAY,
Master of Human Sciences, Senior Lecturer,
Kazakh-Russian Medical University,
e-mail: diana.krmu@mail.ru, Almaty, Kazakhstan

THE STUDY OF THE PROBLEM OF BAIS IN KAZAKH SOCIETY

This article examines some of the issues of the place and role of the rich. Based on the historiographical sources and facts he shows different views of researchers.

The average age is categorized as bai feudal lord, the Soviet time called Bagot Kazakh people. Beys called imeyushih many stingrays. Bai was auyla leader, but he becomes hozyanom cattle rose social level.

On problemmu bai in Kazakh society much studied Russian researcher and author examines their work. And are risen works of Kazakh society written in Soviet times. And so the author argues that the Problem bai in the country's history has no place isledovannye.

Keywords: Kazakh society, social group, buy, cattle.

Диана ҚҰНДЫЗБАЙ,
магистр гуманитарных наук, старший преподаватель,
Казахстанско-Российский медицинский университет,
e-mail: diana.krmu@mail.ru, Алматы, Казахстан

ИССЛЕДОВАНИЕ ПРОБЛЕМУ БАИЕВ В КАЗАХСКОМ ОБЩЕСТВЕ

В данной статье анализируются некоторые вопросы исторграфии, места и роли богатых людей. На основе историографических источников и фактов автор показывает разные точки зрения исследователей.

В среднем веке бай входил в категорию феодал, Советское время называли казахских богатых людей. Баям называли имеюших много скотов. Бай был лидером ауыла, но он становясь хозяином скота поднялся на социальную ступень.

На проблемму бая в казахском обществе много изучали русские исследователи и автор изучает их труды. И еще рассматривает труды про казахское общество написанные в советское время. И так автор утверждает что проблема бая в отечественной истории есть места не исследованные.

Ключевые слова: Казахское общества, социальная группа, бай, скот.

Кіріспе. Бай – көшпелі ру ішіндегі шартты мал иесі. Малды іс қылатын, қызығын көретін, ішіп-жейтін, қалыңмалға, құнға беретін, жылу жинайтын оның өз руластары, ағайындары. Қалай дәлелдесек те, бір кісінің көшпелі тіршілік үстінде осыншама малға иелік етуі, қаншама адамды еңбекке жұмылдыруы сенімсіз жағдай. Бай – тек көшпелі ауылдың шаруашылық ұжымының жетекшісі. Бірақ ол мал иесі атану арқылы қажетті деңгейдегі әлеуметтік сатыға көтеріледі. Бір сөзбен айтқанда мал бай үшін өз әлеуметтік мәртебесін көтеру үшін керек. **А.Левшин былай деп жазады** «қажеттілік болмағандықтан,

сараңдықтан және тіршіліктің пайдалы жақтарының қызығынан хабарсыз болғандықтан өз байлығынан даңқы шыққан, болмаса басқа пайда көре алмайды. Бір жолы мен 8 мың жылқысы бар қазақтан жылына табынның бір бөлігін неге сатып көрмейсің деп сұрадым, ол болса «мен өз қызығымды неге сатамын, ақша маған керек емес, сандыққа салып қойуым керек ешкім көрмейтін. Ал қазір, міне, менің табындарым далада жайылып жүр – бәрі көреді, барлығы осы табындардың менікі екенін біледі, барлығы мені байке деп атап, амандасады» [1.377-6.].

Материалдар мен әдістер. Көшпелі, соның ішінде қазақ қоғамындағы байлардың орны мен рөлі туралы зерттеулер жүргізіліп, мәселенің кейбір тарихнамалық қырлары да анықталған. Сондай еңбектердің бірі, тіпті бірегейі – профессор Жамбыл Артықбаевтың зерттеуі. Тарихнамалық деректерді талдай келе автор: «*әлеуметтік топтар мен жіктердің пайда болатын іргетасы алдымен шаруашылық мәдени-құрылымы*»,– деп анықтама береді. Сонымен қатар: «*әр этносқа тән тарихи ерекшеліктер топтардың пайда болуы мен қоғамның жікке бөлінуіне сөзсіз әсер етеді. Тарихи әдебиетте кейде көшпелі қазақ қоғамын ішкі әлеуметтік қайшылықтағы жіктелген, жинақы әлеуметтік топтарға бөлінген, қалыптасқан иерархиясы бар қоғам есебінде қарастырады. Бұл бағаға біздің жинақтаған толық сәйкес бола бермейді. Тағы бір айта кететін нәрсе қазақ қоғамын тек азаматтық қатынастар қоғамы, немесе күрделі ішкі құрылымы, топтары мен жіктері жоқ деуге болмайтын сияқты. Қалай болғанда да мәселенің айғағына жету үшін бұл тартпас зерттеулерге сүйенгеніміз дұрыс*»,– деп қоғамның өзіне тән ерекшеліктерін баса көрсетеді.

Талдау. Өзінің зерттеуінде Ж.Артықбаев: «*Қазақ отбасының 50 жылқысы, соған орайлас басқа малы болса, ол тамаша өмір сүре алады дейді*»,– деп Фальктің еңбегіндегі мәліметтерді көрсетеді. «Ал қазақтың малы жағы айтылған жүзге толмайтыны жоқтың қасы. Әдетте қазақтың жылқысы бірнеше есе көп, тіпті қатардағы қара сүйек қазақтың өзі мың, немесе екі мың жылқыны емін-еркін иеленіп жүреді. Бай деген қазақтарда 5 мың, тіпті 10 мың бас жылқы болады. Мұндай байлар табындағы жылқысының санын дәл білмеуі де мүмкін» Георгидің еңбегінде ел кеңесіне қатысты бар адамдарға мал бітсе, мәртебелері тіпті жоғары болады дей келіп «*ең қарапайым, өз шаруасына қараған қазақта кемі 30-50 жылқы, осының жартысындай сиыр, 100 қой, бірнеше түйе, 50-70-тей ешкі болады*», дегенді айтады. Зерттеушілердің түсінігінде емін-еркін тіршілік ететін қазақ мал жинауға қолайлы сәтті ешқашан жібермейді, ешқашан қазақ басқа біреудің қызметіне, құлдығына барғысы келмейді. Себебі көшпелілер қоғамында барлығы да ағалы-інілі. Сондықтан бай адамдар құл еңбегін пайдаланбай тұра алмайды. Кіші жүздің хан ордасында болған Георги ханның қызметінде елу шақты құл бар екенін жазды. Оның пікірінше, «*бұрын қазақ сияқты ортада өскен құлдар үшін қазақ ішінде еркінен айырылу тым ауыр емес, иесі жеген асты ол да жейді, ішеді, кигенін киеді, керек-жарағын тауып береді, иесі оған өз туысына қарағандай қарайды. Ал енді басқа орта, өркендетіп өскен адам үшін ауыр*»,– деп өз кезегінде байлардың қоғамдағы орнына берілген бағаның толыққанды, әрі көшпелі қоғамның ерекшеліктерін ашуға бағытталмағандығын, сыңаржақ жеткіліксіз көрсетілгендігіне назар аударды. Жоғарыда көрсеткен мал басының саны көшпелі қоғам үшін ең төменгі шек деп Георги, Рычковтың еңбектерін талдайды. Бірақ дәл осы ортада малдың саны жағынан жоғары делінетін меже жоқ. «*Қазақтардың арасында сондай малға бай адамдар бар, бір отбасы 20 мың жылқы мен сол шамалы қойға ие бола береді. Осыныша мал олардан көп еңбекпен қамқорлықты керек етпейді, себебі жылқы сияқты қой да тек жазда көк шөпте жайылып жүрмейді, қыста да, даланы қар басқанда өз күнін өзі көреді*» деп Н.Рычков келістіре отырып, Георгидің: «*Орта жүзде менің естуім байында табында 10 мың жылқысы, 300 түйесі, 3-4 мың сиыры, 20 мыңдай қойы мен 1000 ешкісі бар адамдар кездеседі. Кіші жүзде де 5 мың*

жылқы, сол шамалы сиыры бар адамдар табылады»,– деген мәліметтерін береді. Шын мәнінде Георгидің мәліметі бойынша «*қазақ байлары нашарларына мал бөліп береді, ал олар оның қарымтасына ырза болып өзінің қамқорының малына көз қырын салып жүреді. Егер кімде кімнің табыны көбейіп кетсе, бұл Алланың ырзығы деп кедей адамдарға мал бөледі. Егер жанағы мал иесінің болашақта ырзығы таймай жүрсе мал алғандар еш міндет өтемейді, ал егер жұттан малы қырылса, не ұрлап әкетсе, шауып алса, не басқа бір қырсықтан малынан айырылса, бұрын ол ырза қылған адамдар өзінде аз қалса да өсімімен қайтаруға тырысады. Сондықтан бай адамдар өздерінің жасаған жәрдемі арқылы өз малын мәңгілік қылып жібереді*» [2; 263-б.]. Дегенмен, қазақ қоғамының тең азаматтық қоғам құруының басты себебі елдің басым көпшілігін құраған орта шаруалардың арқасы болуы керек. Әлеуметтік мәселелердің ушықтырмайтын негізгі кілттипан қоғамның рулық сипаты екенін атап өту керек. Руды ру қылып отыратын негізгі шарт – туыстық жүйе. Меншік тұрғысынан келгенде ру ішінде әр түрлі әуқатты адамдарды кездестіреміз, бірі – бай, бірі – кедей, үшіншісі – орта дәулетті шаруа. Бірақ түптеп келгенде олардың бәрі бір атадан тарайтын жақын туыс, «*беделді және бай деген адамдары да қарапайым тұрады, сондықтан оларды тек ауылдарының молдығымен, әйелдеріне, балаларына, құлдарына тігілген үйлерінің көптігінен, атқа мінгенде соңындағы атқосшыларының санына қарап айтуға болады. Халықпен ағалы-інілі адамдардай араласады, сол себепті қарапайым адамдар олардан қаймықпайды, киіз үйінің ішіне шақырмай-ақ кіріп, жанына барып отыра береді, тамақты қатар ішеді, ойына не келсе соны айтады және тек өзіне пайдалы, жағымды бұйрықтарын ғана орындайды*»,– деп, күегер айтқан сөз осыған дәлел [2; 264-б.]. Осыдан-ақ біз қазақ қоғамында байлардың орнының ерекше екендігін көреміз.

Зерттеу нәтижелері. Қазақтың ішіндегі ең күрделі меншік қатынастары малға байланысты қалыптасты. Мал – қазақ түсінігінде: құт, ырыс, бақ. Мал әр адамға біте бермейді, тек бақ қонған, құт дарыған, ырысы мол адамға бітеді. Қазақ «*әр адамның несібесі Тәңірден*» дегенде алдымен несібе деп малды түсінеді. Н.Рычков, П.Паллас, Г.Георгилер қазақтың ең бай дегендерінде 10-20 мың қой мен жылқыдан, басқа түліктен болатынын жазды. Олар негізінен XVIII ғ. басы мен ортасына қатысты деректер. Ол зерттеушілердің айтуынша 50-70 жылқысы болмайтын қазақ сирек. 1790 ж. Орынбор өлкесін басқарған барон О.Игельстром «*байлығы орташадан аспайды дегендерінің өзі бірнеше мың жылқы және 10-20 мың қойға ие*» дейді. Егер көшпелі тұрмыс жағдайында отбасының қажетін өтейтін мал саны – жылқы 10-100, сиыр сол шамалы, қой бір қотан, яғни 500-700» десек, расында да О.Игельстромның нұсқаған межесі аса байлық емес [3].

Көптеген тарихи және ауызша тарих айту деректері байлық атауының әуелі тұтас руға тиесілі екенін анықтайды. Ол үлкен олжаға ғана емес қатардағы айт-той, бәйге кезінде де, мысалы, ат бәйгесінен алған сыйлықтан ат иесінің түк те ала алмай қалатын жағдайы, құн төленген уақытта оның салмақты бөлігінің өлген адам отбасына жетпей қалуы, құн төлеуге бүкіл ел болып қатысатыны, сол сияқты жасау, алымшығын бүкіл ел үшін ортақ болып келетіні. Әдет-ғұрып заңдарының ережелері қазақ тіршілігінің негізгі қоғамдық ұясы ру екенін көрсетеді. Мысалы: 1740 ж. тамыздың 20-күні Ор кездесуінде антқа қатысқан би-батырларға орыстар қымбат сый ұсынды. Олардың көптігі соншалық барлығын бір жерге үйді. Түбі дау болып кетпесін деп

сол жерде ұлыс билері сыйлықты бірден үш жүзге бөліп тастады. Деректерде бір жердің қазағының малы ұрланса, алдымен оның руы көрсетіледі, мәселен 1794 ж. башқұрттар жағалбайлы руының 2 мың жылқысын айдап алды делінеді [2; 260-б.].

Өзіне дейінгі қазақ көшпелілері туралы жиналған деректердің бәрін жинақтап, оларды жүйелеген, құнды еңбектердің бірі А.И.Левшиннің үш томдық «Описание киргиз-казацких или киргиз-кайсацких орд и степей» аталатын кітабы [1]. Орыстық Қазақстан тарихнамасында тұтас кезеңнің қорытындысы болатын бұл еңбекте қазақтың әлеуметтік, саяси тарихына, тұрмыс ерекшеліктеріне қатысты баяндалған. Ғалым көшпелі қоғамның ерекшеліктерін атап берумен шектеліп қалмай, оларға өз деңгейінде баға да берген.

А.И.Левшин қазақ қоғамының үстем үлгілері, әлеуметтік байланыс түрлері, рухани және материалдық мәдениетті, шаруашылық дәстүрлері қоршаған ортаның тікелей ықпалына байланысты қалыптасқан деген пікірлер білдіреді. Осыдан әрі автор көшпелілер қоғамының дүниеге келу, құрылымы негізінің қалыптасу заңдылықтарына едәуір көңіл бөледі. Оның ойынша көшпелілер мемлекеті әлеуметтік қайшылығы болғанымен ортақ билік жобасына бағынбаған ел. Жердің құнарсыздығы, соған бола пайда болған көшпелі мал шаруашылығы және қазақтың ықылым заманнан бергі тәуелсіздігі бәрі де бір-бірімен тығыз байланысты құбылыстар. А.И.Левшин қазақ қоғамының арқауы «анархия» деп атайды, көшпелілердің қоғамдық дамуы «варварлық» дәуіріндегі Еуропа халықтарымен саластыруға келеді деген пікір түйеді. Автор өз еңбегінде байлардың тұрмыс жағдайына көп көңіл бөледі. Онда шаруашылықтағы байлардың алатын орнын жеке қарастырады. Тұрған киіз үйінің, малының санының көптігін және жерлеу құрпын баяндайды. Ол бай адам қайтыс болған жағдайда Ұлы және Орта жүзде Түркістан қаласындағы Қ.А.Яссауидің жерленген жеріне жақын маңға жерлеген деп суреттейді. Бай адамдардың түйе саны 400, 500 және одан да көп болса, жылқыларының саны 10000 дейін болғанын айтады [1; 340-341-бб.]. Жайлауға жарыса көшпес деменіз деп шұрайлы теңеулермен ел санасына сіңіреді. Көшпелі тұрмыстың заңы бойынша қу таяқты кедейге дәулет бітері хақ. Сондықтан Тәңірінің өзі берген несібесі, адамды адам қанаудың құралы болуы мүмкін бе? Екінші бір басты мәселе малға меншіктің иесі деп белгілі бір адам аты аталғанмен, ол меншіктің нақты иесі – ру. Ол малда, қанша көп болса да, рудың таңбасы тұрады, ол малды, қанша жерден бір адамдікі деп аталса да, тұтас ру қорыйды. Бұқар жырау сөзімен айтқанда:

Рулық оғы қалса табылар,

Жалғыздың тартатғын

Жағы қалса табылмас [4; 121-б.].

Қазақ даласына капиталистік қатынастардың енуіне байланысты байлар шаруашылығын сипаттауда тарихшы-ғалым С.Толыбеков қазақ байларын жаңа әлеуметтік категория деп есептейді. Байлар әлеуметтік топ ретінде тіпті моңғол-татар шапқыншылығына дейін болғанын жазады. Автордың айтуынша, қазақтар кез келеген малы көп адамды «бай» деп атаған. С.Толыбеков байлардың түрлері туралы жазады. Революцияға дейінгі көшпелі ауылда ірі бай шаруашылығындағыларды **басбайлар** деп атаған. Өр басбайдың шаруашылығында 2000-5000-ға дейінгі қойлар, 100-300-ге дейін түйе болса, жылқылары 300-1000 дейін жеткенін айтады. Одан кейінгі орташа байларды **кеуде бай** деген. Олардың шаруашылығында жұмыс күші ретінде батырақтар ғана емес, сонымен қатар экономикалық жағынан тәуелді

кедейлер де болған. Бұндай байлар туралы Қазалы және Перовск уездері бойынша 150-200-дей түйе мен жылқысы болса, 1000-1500 ұсақ мал қойы мен ешкісі болған. Тағы бір байдың түрі, яғни ұсақ байларды **аяқ бай** деп атаған. Олар алдыңғы байлардың екі түріне қарағанда аз мөлшерде өз иелігінде жалдамалы батырақтар мен тәуелді кедейлерді қолданған. Аяқ байдың иелігінде 100-150 түйе мен жылқысы болса, 500-1000 қойы болған. Байлардың шаруашылығына байланысты негізгі үш түрі осындай.

XIX ғасырдың екінші жартысына дейін қазақ байлары қазақ қоғамындағы жаңа әлеуметтік категория емес, бұрыннан бар топ екендігін айтады. Сондай-ақ олардың қоғамдағы рөлінің күшейе түскендігіне тоқталады. Байлардың қоғамдағы рөлінің өсе түсуін зерттеуші төрт түрлі себептермен түсіндіреді; 1) хандық биліктің жойылуымен, осыған орай хандардың тірегі болып тұрған билер құқығының әлсіреуіне байланысты; 2) қазақтарды әкімшілік басқарудың аға сұлтандық және сұлтан-билеушіліктің жойылуына; 3) жаугершілік заманның саябырсуына байланысты (батырлардың әлеуметтік топ ретінде азайып кетуіне байланысты); 4) Қазақстандағы тауар-ақша қатынасының дамуына байланысты, – деп тұжырымдаса, С.Зиманов та осы пікірді қолдайды [5; 509-510-бб.].

Ал М.П.Вяткин қазақ байларының шығуын сауданың негізінде товар-ақша қатынасының дамуына байланысты және XIX ғасырдың ортасында пайда болған жаңа әлеуметтік құрылым деп есептейді. Оның көзқарасын зерттеуші В.Ф.Шаяхметов та қолдайды. Ал Е.Б.Бекмаханов байлардың шығуын Ресей тарихында реформалық кезең деп аталған XIX ғасырдың екінші жартысында болған капиталистік қатынастардың дамуымен байланыстырады. Байларды автор феодалдық топқа қарағанда товар-ақша қатынасымен байланысты, өз шаруашылығында жалдамалы еңбекті пайдаланатын топ деп есептейді. Байлар жаңадан пайда болып келе жатқан ұлттық сауда буржуазиясының өкілдері болып табылады деп түсіндіреді Толыбеков.

Кестілік тарихи әдебиеттерде байлықтың экономикалық және әлеуметтік жағдайы толығымен ашылмаған. С.З.Зиманов профессор М.Вяткин зерттеуі бойынша бай деген әлеуметтік топ тарихи аренаға Қазақстанда тауар қатынасының дамуымен байланыстырады. Автордың ойынша, дұрысырақ деген пікір экономист С.Е.Толыбековтың көзқарасы деп есептейді. Ол бай ерте кезеңде феодалдық қатынастардың жемісі ретінде пайда болды. Сонымен бірге, автор «бай» сөзі XIX ғасырдағы жаңа термин емес, ол ежелгі түркі тілдес халықтардың ескерткіштерінде де кездеседі. XVII-XVIII ғасырлардағы қазақтардың фольклорлық деректерінде «бай» сөзі жалпылама әлеуметтік мағына береді. Ешқандай деректерден «бай» деген ұғым XIX ғасырда товар-ақша қатынастарымен келді дегенді кездестірмейсің дейді [6; 212-218-бб.]. Автор «бай» сөзінің екі мағынасы бар екенін, бірінші жағдайда «бай» сөзі адамға байланысты айтылса, екінші жағдайда жалпыға бірдей байлық туралы айтылады. Хандар, сұлтандар, билер, тархандар, старшындар бұлардың бәрі байлар, өйткені олар жақсы жайылым жер мен мыңдаған малдардың иесі болды. Ал басқа жағдайда бай термині бүкіл бай-феодалдарды мұрагерлі жолмен немесе берілген атағына байланысты айтады, тек белгілі байлығы бар әлеуметтік топтарды жатқызады. Билер, батырлар, старшындар және ақсақалдар көпшілік жағдайда байлардың ортасынан шығып отырған. Егерде әкімшілік ауылдың (50-70 киіз үй) басшылығында бір ақсақал немесе старшын тұрса, бұл ауылда бірнеше бай аулалар бар олар ауылдың

басқару шараларына өздерінің ықпалын тигізіп отырған.

Қорытынды. 1920 жылдары Қазақстанда жүргізілген байларға қарсы реформалар олардың қоғамдағы рөлі мен орнының қомақты болғандығын дәйектеп берді. Осыған орай байларды тап жауы ретінде жоюдың төңірегінде жазылған еңбектердің басым көпшілігі қазақ ауылының байларсыз өмірі жоқ екендігін қадап айтты. Мұны келесі зерттеудің өзекті тақырыбы деп есептеуге болады. Осылайша, қазақ қоғамындағы байлар мәселесінің отандық тарих ғылымында әлі де болса зерттелмеген тұстарының бар екендігіне көз жеткізуге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

Левшин А.И. Описание киргиз-казачьих или киргиз-кайсацких орд и степей.– Алматы, 1996.

Артықбаев Ж.О. XVIII ғ. қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымы. Тарих ғылымының докторы ғылыми атағын алуға дайындалған диссертациясының қолжазбасы.– Алматы, 1997.

Материалы по истории Казахской ССР. Т.IV (1785-1828 гг.).– М., 1940.

XV-XVIII ғғ. Қазақ поэзиясы.– Алматы, 1982.

Толыбеков С.Е. Кочевое общество казахов в XVII- начале

XX века.– Алматы, 1971.

Зиманов С.З. Общественный строй казахов первой половины XIX века.–Алматы, 1958.

REFERENCES

Levshin A.I. Opisanie kirgiz-kazachih ili kirgiz-kaisaskih ord i stepei [Description of Kyrgyz-Kazakh or Kyrgyz-Kaisak hordes and steppes].– Алматы, 1996.

Artyqbaev J.O. XVIII ғасырдағы қазақ қоғамының әлеуметтік құрылымы. Тарих ғылымының докторы ғылыми атағын алуға дайындалған диссертациясының қолжазбасы [Social structure of Kazakh society in the XVIII century. Manuscript of the dissertation for the degree of Doctor of Historical Sciences].– Алматы, 1997.

Materialy po istorii Kazahskoi SSR [Materials on the history of the Kazakh SSR]. T.IV (1785-1828 gg.).– М., 1940

XV-XVIII ғғ. Qazaq poeziasy [XV-XVIII centuries. Kazakh poetry].– Алматы, 1982.

Tolybekov S.E. Kochevoe obşestvo kazahov v XVII – nachale XX veka [The nomadic Kazakh society in the XVII-early XX centuries].– Алматы, 1971.

Zimanov S.Z. «Obşestvennyi stroi kazahov pervoi poloviny XIX veka [The social structure of the Kazakhs of the first half of the XIX century].–Алматы, 1958.

FTAХP/ IRSTI/ MPHTI: 03.20.00

Тайыржан ОРАЗХАН¹, Құндызай ҚАЙРУЛЛАЕВА²

¹гуманитарлық ғылымдардың магистрі, аға оқытушы,

e-mail: taiyrgyzan@list.ru, ²студент, 2-курс, e-mail: kundyzai.krmu@mail.ru,

^{1,2}Қазақстан-Ресей медициналық университеті, Алматы, Қазақстан

ҰЛЫ НӘУБЕТ ТАҒЫЛЫМЫ

Тарихымыздың ең бір қасіретті беттері болып ашылып, қазақты ұлт ретінде жойып жібере жаздаған XX ғасырдың басындағы алапат ашаршылық бүгінгі күнге дейін толыққанды зерттеліп болған жоқ. Зерттеулердің басым көпшілігі терең талдаулар мен нақты деректерге негізделген емес, жалпылама шолу немесе сипаттамалық мағынадағы ізденістерден тұрады. Зұлмат оқиғаға байланысты тың деректерді іздеу, зерттеумен қатар, ел жадындағы естеліктер мен көркем шығармалар, ғылыми еңбектер мен мұрағат материалдары негізінде жинақталған дүниелерді ғылыми жалпылау, жүйелеу де кезек күттірмес мәселе. Мақалада зұлмат аштықтың бүгінгі ғылымдағы зерттелу мәселесіне шолу және алапат оқиғаның себептері мен салдарын сараптауға талпыныс жасалады. Ақтөбе облысы Байғанин ауданындағы халық санының 1926-1999 жж. аралығындағы кемуі мен өсімі бойынша деректер негізінде ұлы нәубеттің еліміздегі демографиялық ахуалға әсері пайымдалады. Жазушы Смағұл Елубайдың «Ақ боз үй» романы бойынша, ашаршылықтың өкінішті салдарға әкелген ықтимал субъективті себептері зерделеніп, ауыртпалығы мен зардаптары ой елегінен өткізіледі.

Түйін сөздер. Ашаршылық, зұлмат, нәубет, қасірет, ұжымдастыру, тәркілеу, демография, көркемдік шындық, тарихи сабақ.

Тайыржан ОРАЗХАН¹, Құндызай ҚАЙРУЛЛАЕВА²

¹магистр гуманитарных наук, ст. преподаватель, e-mail: taiyrgyzan@list.ru,

²студент 2-курса, e-mail: kundyzai.krmu@mail.ru,

^{1,2}Казахстанско-Российский медицинский университет, Алматы, Казахстан

УРОКИ ВЕЛИКОГО БЕДСТВИЯ

Катастрофический голод начала XX века, открывший одну из самых трагических страниц нашей истории и грозивший уничтожить казахский народ, до сих пор до конца не изучен. Подавляющее большинство исследований основано не на глубоком анализе и фактических данных, а на общем обзоре или описательных исследованиях. Помимо поиска и изучения новых фактов, связанных с трагедией, необходимо научно обобщить и систематизировать материал, собранный на основе воспоминаний и художественных произведений, научных трудов и архивных материалов. В статье рассматриваются проблемы изучения Великого голода в современной науке и делается попытка проанализировать причины и последствия катастрофического события. На основе данных о снижении и росте численности населения Байганинского района Актюбинской области в 1926-1999 гг. оценивается влияние Великой бедствия на демографическую ситуацию в стране. Роман писателя Смагула Елубая «Ақ боз үй» послужил основой для изучения возможных субъективных причин голода приведшего к трагическим последствиям, а также его бремени и страданий.

Ключевые слова. Голод, бедствие, трагедия, коллективизация, конфискация, демография, художественная реальность, уроки истории.

LESSONS OF THE GREAT CALAMITY

The catastrophic famine of the early twentieth century, which opened one of the most tragic pages of our history and threatened to destroy the Kazakh people, has not yet been fully studied. The vast majority of research is not based on in-depth analysis and evidence, but on a general overview or descriptive research. In addition to the search and study of new facts related to the tragedy, it is necessary to scientifically summarize and systematize the material collected on the basis of memoirs and works of art, scientific papers and archival materials. The article examines the problems of studying the Great Famine in modern science and attempts to analyze the causes and consequences of a catastrophic event. Based on data on the decline and growth of the population of the Bayganinsky district of the Aktobe region in 1926-1999, the impact of the Great Disaster on the demographic situation in the country is estimated. The novel by the writer Smagul Yelubai «White House» («Ak boz uy») served as the basis for studying the possible subjective causes of hunger that led to tragic consequences, as well as its burden and suffering.

Key words: Famine, disaster, tragedy, collectivization, confiscation, demography, artistic reality, history lessons.

Кіріспе. Еліміз тәуелсіздік алғаннан бері ашаршылық тақырыбы кеңінен зерттеле бастады. Бұл тұрғыда отандық тарихшылармен қатар шетелдік ғалымдар мен жазушылардың да ізденістері назар аударарлық. Отандық тарихшылардың зерттеулері көпшіліктің қолына түсе бермейтін мұрағат материалдары негізінде сол кездегі шекара әскерінің мәлімдемелері мен құпия баяндауларының, сонымен бірге Қазақстанның Егіншілік Халық Комиссариатының (Наркомзем), Қазақстанның Халық шаруашылығы есептеу басқармасы (Казнархозучет) мәліметтерін зерделеу арқылы бүгінге дейін бұрмаланып жеткен немесе құпия болып келген көптеген мәселелердің бетін ашады. Ол бұрмалауларға адам шығынын азайтып көрсетуді, сондай-ақ қоныс аударғандар санына байланысты бұрмаланған деректер айғақ. Немесе соңғы кездері ашаршылық тақырыбын зерттеушілер, әсіресе, жазушылар, XIX ғасырдың соңындағы патшалық Ресейдегі халық санағы, ауыл шаруашылығы бойынша жүргізілген есептер және қазақ даласына шыққан түрлі экспедиция мәліметтері негізінде зұлмат аштықтағы қазақ халқының шығыны бүгінгі жарияланған сандардан екі-үш есеге көп болуы мүмкіндігін алға тартады.

Материалдар мен әдістер. Ашаршылық тақырыбын зерттеуде шетелдік ғалымдар мұрағат материалдарымен бірге, халық жадындағы естеліктер, әдеби көркем шығармалар негізінде сол кездің ащы шындығын ашуға талпынуда. Мәселен, Аризона мемлекеттік университетінің PhD докторанты (АҚШ), 1931-1933 жж. Қазақстандағы ашаршылық тақырыбында докторлық диссертация жазып жүрген Мехмет Волкан Кашыкчы «Қазақстандағы ашаршылыққа жаңа көзқарас: ашаршылық айғақтарынан біз не үйренеміз?» атты баяндамасында, ашаршылық ақиқатын ресми деректерге негізделген мұрағат материалдарымен бірге, ел жадында сақталған естеліктер, көркем шығармаларды зерттеу арқылы жаңа қырынан зерделеу керек деп есептейді. Өз зерттеуінде аштықтағы Аналардың кешкен күйі мен балалардың басынан өткен ауыртпалықтарды талдап-таразылай келіп, алапат оқиғаның әділ бағасын бергісі келеді. «Қысқарды», «азайды», «кеміді» деп келетін ресми деректерге қарағанда көркем шындық формасында жеткізілген «Шарасыз Ана», «Ашыққан бала», «күйзелген ел, күңіренген жұрт» бейнесіндегі зұлматтың, ел басынан өткен қиямет-қайымын ең шынайы бейнесін бере алатындығы ақиқат.

Талдау. XX ғасыр әлемдегі ірі тарихи оқиғалармен ерекшеленді. Өткен ғасырдың алғашқы жартысы қазақ халқының өмірінде бетбұрыс кезең болды. Әсіресе, XX ғасырдың 20-30-жылдарындағы ашаршылық апаты немесе «Ұлы жұт» қазақ тарихының қасіретті беттерін

айғақтайды. Ресей империясының отарлау саясатын жалғастырған кеңестік билік елдің еуропалық бөлігіндегі шаруаларды Қазақстан сияқты шеткері аймақтарға қоныстандырды. Сол арқылы жергілікті халықты құнарлы жерінен ығыстырып, дәстүрлі шаруашылық жүйесін бұзды. Бұл үдеріс кеңестік дәуірде айқын көрініс берді [1]. Ғасырлар бойы көшпенді өмір сүріп келген қазақ жұртын еш дайындықсыз, қысқа мерзім ішінде отырықшылық жағдайға көшіруді қолға алған ойы шолақ, ісі олақ саясаткерлердің оспадар әрекетінің салдарынан қазақ даласын жайлаған жаппай аштық пен ауру-індеттен жергілікті халықтың үштен бірінен көбі жойылып кетті. Қолдан жасалған жұт құрбандарының арасында қазақ жеріне зорлап көшірілген көптеген өзге ұлт өкілдері де болды [2].

Басқаша айтсақ, 1917 жылы ақпанда Ресейде патша билігі құлап, Уақытша өкімет орнады. Сол жылы 25 қазанда уақытша өкіметті құлатқан большевиктер партиясы билік басына келді. Іле-шала осы жылдың 30 қазанынан бастап қазақ жерінде Кеңес үкіметі орнай бастады. Кеңестік жүйенің мұндай жылдамдықпен билік басына келуі еліміздің ұзақ жылдар бойы патшалық Ресей құрамында болуымен байланысты еді. Яғни кезінде хандық билікті жойып, әскери-әкімшілік билік құрылымын мықтап орнатқан Ресей билігі, формасы жағынан өзгерді демесек, мазмұны бойынша тұтастығын сақтап қалды. Қазақ жерінде Кеңес үкіметінің орнауы мен ол жүргізген саясат «еңбекші, бұқара таптың мүддесін қорғау» деген желеумен бүркемеленген Ресейдің көрші елдерді отарлау саясатының кезекті сатылы жалғасы болатын. Ол бай мен кедей, жұмысшы мен жұмыс беруші, тіпті көзі ашық зиялылардың арасында араздық отын жақты. Тарих ғылымдарының докторы Талас Омарбеков байларды тәркілеу кезінде бастапқыда аса ірі деген 700 ауқатты адамның мал-мүлкі тәркіленгенін айтады [3]. Олардың көпшілігінің елінің берекесі, іскер жандар екендігі ескерілмеді. Жалданып жұмыс істеп жүрген кедейлердің де сол байға қатысты – ағайын-туыс екендігі, бір рудың адамдары екендігі жайына қалды. Олардың бәрі ел қанаған залым, сасық бай болып шықты. Келесі кезекте тәркілеуге орта деңгейлі ауқатты, яғни өз еңбегімен мал жинап, кәсібін дөңгелеткен байлар мен орта шаруалар ілікті. Мұның бәрі қазақ халқын сансыратып, ұлт ретінде жойып жібере жаздады.

Зерттеу нәтижелері. Зерттеушілер арасында ашаршылық себептеріне байланысты әр түрлі пікір қалыптасқан. Бірақ олардың ішіндегі ең бастысы деп, «дәстүрлі мал шаруашылығының күйреуі» аталады. Халықты сан жылдар бойы қалыптасқан үйреншікті шаруашылық жүргізу тәсілінен айырып, күштеп отырықшыланды-

ру осынау алапат аштықтың басты себебі екені анық. Алдын ала дайындық жасалып, кезең-кезеңімен біртіндеп жүзеге асуы тиіс маңызды шараны қысқа уақыт ішінде жеделдетіп іске асыру кеңестік жүйенің үлкен қателігі болатын.

Дегенмен бұл мәселеде дәурені өткен Ресейдің империялық саясаты мен келмеске кеткен Кеңестік жүйені ғана кінәлау, зұлмат ашаршылықты қазақ халқына жасалған геноцид деп мойындату немесе оны теріске шығаруға тырысу ХХ ғасырдағы алапат оқиғаға берілген объективті баға бола алар ма екен?

Олай дейтін себебіміз, қазіргі ресми деректер 1931-1933 жылдардағы ауыл халқының кемуінің 3 млн. адамнан асып кеткенін, оның ішінде қайтыс болғандар саны 2 млн 200 мыңнан асатынын, өзгесі ішкі және сыртқы босқындар есебінен екенін атап көрсетеді [4].

Ал ресми емес деректер ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басында қазақ халқының саны 6-10 млн аралығында болғанын, осыған орай ашаршылық салдарынан болған адам шығынының ресми деректермен салыстырғанда екі есеге жуық көп болғанын алға тартады.

Осы ретте Ақтөбе облысының бұрын Табын аталған, бүгінгі Байғанин ауданы туралы деректерге тоқтала кетсек. **Өйткені еліміздің қайсы ауданының да өткені еліміздің шежірелі тарихының құрамдас бөлігі ғана емес, оның жүріп өткен жолы мен тағдыр-талайының да шағын сызбасы, жалпының жалқы арқылы көрінісі іспеттес проекциясы деп есептейміз.**

Деректерге сүйенсек, сол ауданның халқы 1926 жылы 80 мың жанды құраса, 1930 жылы Табын ауданында 11781 шаруашылықта 62663 адам болыпты. Ал 1931 жылы, небары бір жылдың ішінде бұл сан 5769 шаруашылықта 27943 адамға азайған. 1931 жылға дейін ауданда 25 ауылдық кеңес болса, 1931 жылы 15 ауылдық кеңес қалады. Бүтіндей 10 ауылдық кеңес, оның 30 мыңдай халқы қайда?.. «...Бұл кезде, – деп жазады зерттеушілер, – ашаршылық әлі басталған жоқ еді. Ал 1931-1932 жыл аралығында халық саны тағы да 34720 адамға, яғни 52% -ға төмендеді, бұл жерде көшуден гөрі аштық салдарынан шығын болғандардың саны көбірек болуы мүмкін. Халықтың азаю тенденциясы мұнымен бітпей, үдей түскен. 1939 жылы КСРО-да бүкілодақтық халық санағы өтеді. Оның алдында, яғни, 1937 жылы халық санының алдын ала есебі бойынша аудан халқының саны 11 мыңға жуық болған. Яғни 1930 жылмен салыстырғандағы халық саны 1937 жылы баржоғы 17% болды. Халықтың көшіп кетуі бар, шығыны бар 83 процентке азайғаны көрініп тұр. 1939 жылғы санақ бойынша халық саны 13779 адам болды, демек 1937 жылғы құлдырау шегімен салыстырғанда 125% ке өсті, бұл екі жыл үшін өте үлкен көрсеткіш, алайда бұл көбеюді тек табиғи өсім деп түсіну қате болар еді, мұнда халықтың едәуір көбеюі босып кеткен елдің 1937 жылдан кейін там-тұмдап болса да елге оралған адамдарының үлесі болуы тиіс». Ал 1940-70 жылдары аудан халқы, 2500-ден аса адамы майданға аттанып, одан жаралы, сауы бар 550-дейі елге оралғанын есепке алғанда, 13,8-ден 22,5-ке, яғни 8800 адамға өседі. Бұл көрсеткіштер 1979 – 26368, 1989 – 27231, 1999 – 24652 адамды құрайды [5]. Қарап отырсақ аудан 1999 жылдың өзінде халық саны бойынша 1926, 1930 жылдар былай тұрсын, 1931 жылғы көрсеткіштерге де жете алмағанын көреміз...

Бұл деректерге қарасақ, 1931-1933 жж. ашаршылықтағы адам шығынының көлемі бүгінгі айтылып жүрген деректермен салыстырғанда шынымен де айтарлықтай көп болуы әбден мүмкін екенін көреміз.

Ал мұндай зұлматтың әкелген салдары қандай

болуы мүмкін?..

Бұл сауалдардың жауабын, әзірше дейік, **зерттеуші Мехмет Волкан Кашыкчы айтпақшы, ел аузындағы естеліктер мен көркем шығармаларды зерттеу арқылы ғана пайымдап, таразылауға мүмкіндігіміз бар.** Өйткені бұл тақырыпқа қатысты мұрағат материалдары әлі күнге дейін құпия сақталып отыр. ҚР Орталық Мемлекеттік архивінің директоры, т.ғ.к. Шілдебай Сәбит Қамытбекұлы өзінің: «1921-22 жж. Қазақстандағы аштық және оған қарсы күрес тарихынан» атты баяндамасында, аштық тақырыбына қатысты Ресей мемлекеттік мұрағатынан әлі күнге дейін бірқатар құжаттарды алудың ешқандай мүмкін болмай отырғанын айтады. Атап айтқанда, сол жылдары, яғни аштық өршіген 1921-1922 және 1931-1933 жж. Республика басшылығы мен зиялы қауым тарапынан Мәскеуге жолданған хаттар мен баянаттардың өздері табылғанымен, оларға қайтарылған ресми жауап хаттар, мәселені шешуге қатысты нақтылы қаулы-қарарлармен танысуға рұқсат етілмеген.

Ашаршылықтың шынайы себептері әлі де зерттеледі деп сенеміз. Бұл бағыттағы зерттеулер Ақтөбе өңірінде 2021 жылдың өзінде-ақ басталып, Мемлекет басшысы Қ.-Ж.Тоқаевтың тапсырмасымен, **ХХ ғасырдың басындағы ашаршылық және саяси қуғын-сүргін құрбандары жерленген жерлердің картасын жасау қолға алынған.** Философия ғылымдарының кандидаты Үмбетхан Сәрсенбин бұл мақсаттағы жұмыстардың бірнеше бағыттар бойынша ұйымдастырылып, нақтылы нәтижелерге қол жеткізуді көздейтінін, ол үшін шек-аралас елдердегі мұрағат материалдары да мұқият зерттелетінін айтады [6].

Өз тарапымыздан мұндай зерттеулерге тарихшылармен қатар заңгер ғалымдар, экономистер, мұрағат мамандары, философтар мен саясаттанушылар, әлеуметтанушылар мен психологтар, сондай-ақ қаламгерлер қауымы да атсалысып, зұлмат оқиғаға заңдық, экономикалық тұрғыдан да баға берілсе дейміз.

Себебі Бейімбет Майлиннің «Айт күндері», Мұхтар Мағауиннің «Бір уыс бидай», Смағұл Елубайдың «Ақ боз үйінде» баяндалатын жағдайлар немесе ел жайындағы естеліктер ашаршылық себебінің дәстүрлі мал шаруашылығының күйреуі, қуаңшылық, күштеп ұжымдастыру ғана емес, шектен тыс асыра сілтеу мен әпербақандыққа жол берген, соңы орны толмас қайғыға душар етіп, ұлттық апатқа әкелген Кеңестік жүйенің адамзат алдындағы қылмысы деуге болады.

Жазушы Смағұл Елубайдың «Ақ боз үй» романында мынандай эпизод бар. Ұжымдастыру кезінде бар малынан айырылып, түрлі салықтан қысылған, оған қоса бай-қулақ деген айдар тағылып қуғындалған, кезіндегі ауқатты адам Пахраддин атты кісі елден көшіп Қарақалпақ жаққа кетеді. Ол кісімен бірге ауылдың колхозға кіруден бас тартқан, салықтан әбден ығыры шыққан бай болмаса да орта шаруалы үйлері, Пахраддинді пана тұтқан көптеген кедей отбасылар да бірге кетеді. Олардың ойы шамалары барда Ауған асып кету болатын. Бірақ олар енді көшеміз деп дайындалып отырған түні ауылдарын қарақшылар шауып, аяқ артар жылқысы мен түйелерін барымталап әкетеді. Бас көтеріп қарсы шыққан ер-азаматтар оққа ұшады. Азық-түлік таусылады. Сөйтіп ат-көліксіз қара жаяу қалған ел, қайтадан елге қайтуды ұйғарады. Үйлер тігілген күйі, ауыл қаңырып бос қалады. Адамдар керекті заттарын ғана түйіншектерге буып, балаларын ертіп жолға шығады. Осы ұзақ жолда қолда бар аздаған бидай, жүгері, тары таусылып елдің көбі аштықтан қайтыс болады. Пахраддиннің отбасы төрт адам еді. Өзі, жұбайы Сырға және ұлын ертен жалғыз қызы

Таңсұлу. Оларда да жетіскен азық болмайды. Сөйтіп шұбыра көшкен ел қолда бар азықпен жүрек жалғауға бір жерге аялдаған кезде, әр отбасы әр жерге дастархан жайып, шай қайнатып, тары-талқандарын ортаға салып тамақтануға отырады. Пахраддин отбасы баласы өліп, келіні мен немересі қалған Дәу апа деген көршімен бірге дастархан жаяды. Сол кезде ауылдағы көп балалы үйлердің балалары адамдарды аралап жүріп тамақ сұрайды.

«— Әнеки, тағы келеді, таратып бер, енді мына қалған бір уыс бидайды да!.. — деді Сырға. Ақырын айтса да күйініп айтты. Пахраддин басын көтерді.

Қараса жетім қозылардай жан-жақтан өріп келе жатқан өңшең жоқ-жітік балалар.

— Ей, қарақтарым! Қайда келесіңдер ентелеп, түгее?!— деп қалды зор дауысты Дәу апа. Балалар үрпиісіп тоқмай қалды.

— Келіңдер! Келіңдер! — деді Пахраддин. Даусы қатқыл.

— Көкесі-ау!.. — дей беріп еді Сырға, Пахраддин:

—Жә, доғар! Өлсек бірге өлдік! Осы нәрестелердің жанынан артық емес менің жаным! — деді шырығып.

Әңгіме осымен бітті. Пахраддин әр баланың жайған алақанына бір-бір шөкім бидай салып жатты» [7, 312-б.].

Осы сәтте оқырман қанша қиын жағдай болса да адамгершілігін жоғалтпаған Пахраддиннің азаматтығына іштей разы болады. Бірақ, әйелі Сырғаны да сөге алмай пұшайман күй кешеді.

Бұдан ары қарай романда босқан елдің басынан өткен небір қиындықтар тілге тиек етіледі. Сол көштен қанша адамның елге аман жеткені белгісіз. Пахраддин денсаулығының нашарлауына байланысты әйелі екеуі жолда қалады. Кейіннен олар аштықтан әлсірегеннен жолдан адасып, аштан өледі. Қызы Таңсұлу болса жас баласымен, көршісі Дәу апа немересін ертіп ел жаққа қарай жылжи береді. Небір қиындықты көріп, ел шетіне ілігеді. Онда да Бұлыштың анасы, көпті көрген кейуана Дәу апаның шыдамдылығының арқасында қолда бар дәнді талғажау етіп, зорға дегенде елге жетеді. Аштық салдарынан адам психологиясы мен санасының қандай өзгерістерге түсіп, қандай моральдық күйді бастан кешетіні туралы айтылып та, жазылып та жатыр. «Бір күн аш болған адамнан қырық күн ақыл сұрама» дейді. Оны біз, әсіресе, ел жадындағы естеліктер, көркем туындылардағы оқиғалар желісі арқылы білеміз.

Жазушы Смағұл Елубай аталған шығармасында елге жетіп, ес жиған Таңсұлудың басындағы жағдайды былай суреттейді:

«— Ту, алыс жағада бір қайық көрінеді. Қайық үстінде шошайған екі кісі. Соған қарап отырып көз жасы бұрқ етті. Әке-шешесі түсті есіне. Құла дүзде қалған қос мұңдар! Күндері не болды екен? Тірі ме екен? Өлде... өлде бір бұтаның түбінде қарға-құзғынға жем болып жатыр ма екен? Не болды екен? О, арсыз тіршілік! Өлгенде ғана бұл өз жұмырына жұғын барғанға мез болды-ау. Дүниені ұмытып, есіл-дерті дастарханның үстіндегі дәм болды-ау. Со кезде ғой, жарты жолда қалған байғұс әкесі мен шешесі мына кіріп те шыққан жоқ. Мінеки, енді есіне алды, әбден қарны тойып болғасын... О, арсыз тіршілік!» [7, 350-б.], — дейді Таңсұлу.

Қорытынды. Ашаршылық тақырыбын арнайы зерттеп, оған әділ баға берудің пайдасы — төл тарихымыз бен қасіретке толы өткенімізді терең пайымдау, алапат оқиғаның келтірген зардаптары мен ауыртпалығын ой-сезім елегінен өткізу, таразылау. Зұлматқа әкелген объективті және субъективті себептерді айқындап, олардың ықтимал салдарын анықтау. Тағлымы терең

тарихтан сабақ алу. Өткен ғасырдың басында Алаш қайраткерлерінің дамыған елдермен салыстырғанда, қазақтың тұрмыс-тіршілігінің әлі де болса табиғаттың қас-қабағына тәуелді екеніне алаңдаушылығы бекер болмай шықты [8, 155-б.]. 2021 жылғы еліміздің батыс өңірлеріндегі қуаңшылық, жайылымдағы төрт түліктің жұттан қырылуы — Қазақстандағы ауыл шаруашылығының табиғи факторларға әлі де болса тәуелді шынайы жай-күйі мен елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының өткен XX ғасырдың басындағы ахуалдан әлі де ұзап кете алмағандығын анық көрсетті. Ауыл шаруашылығын дамытуда шетелдік озық тәжірибе мен инновациялық технологияларды қолдануды былай қойғанда, биылғы қуаңшылықта шаруашылықтарға дер кезінде көмек берудің өзін дұрыстап ұйымдастыра алмадық.

ӘДЕБИЕТТЕР

Аяған Б.Ф., Қыдыралина Ж.Ү., Ауанасова Ә.М., Қашқымбаев А.Н., Анафинова М.Л., Илиясова К.М. 1932-1933 жылдардағы ашаршылық ақиқаты — Правда о голоде 1932-1933 годов/ Б.Ф. Аяғанның редакциясымен. — Алматы: ТОО «Литература-М», 2012. — 362 б.

Михайлов В. Ғаламат жұт шежіресі: деректі хикаят. — Алматы: Мектеп, 2013. — 296 б. <https://adebiportal.kz/web/viewer.php?file=/upload/iblock/ada/ada94fb1f4f899d963fc50340a8f3f6c.pdf&ln=kz>

Омарбеков Т. Тарихпен өрілген тағдыр. — Астана: «Ана тіл - Ата тарих» ЖШС, 2007. — 460 б.

Омарбеков Т. 1931-1933 жылдардағы ашаршылық қарсаңында қазақ халқы қанша еді? <https://turkystan.kz/article/4334-1931-1933-zhyldarda-asharshylyk-karsanynda-kazak-halky-kansha-edi/>

Ақтөбе облысы, Байғанин аудандық орталықтандырылған кітапхана жүйесі. Аудан өткен асулар. http://www.bjka.kz/audan_tarihi.php

Қопаева К. «20-30-шы жылдардағы ашаршылықта қанша бала көз жұмды?» Сұхбат. <https://exk.kz/kk/news/118472/20-30-shy-zhyldardagy-asharshylykta-kansha-bala-koz-zhumdy>

Елубай С. Ақ боз үй: роман. — Алматы: «Жазушы», 2011. — 376 б.

Қопаева Ж.Б. Қазақ философиясы тарихы (ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейін). XX ғасырдағы қазақ философиясы. 4-том. — Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану Институты, 2016. — 391 б.

TRANSLITERATION

Ayagan B.G., Kydyralina Zh.Y., Auanasova A.M., Kashymbaev A.N., Anafinova M.L., Iliyasaova K.M. 1932-1933 zhyldardagy asharschylyk akikaty — Pravda o golode 1932-1933 godov/ B.G. Ayagannyn redakciyasymen. — Almaty: TOO «Literatura-M», 2012. — 362 b.

Mikhailov V. Galamat zhut shezhiresi: derekti hikayat. — Almaty: Mektep, 2013. — 296 b. <https://adebiportal.kz/web/viewer.php?file=/upload/iblock/ada/ada94fb1f4f899d963fc50340a8f3f6c.pdf&ln=kz>

Omarbekov T. Tarikhpen orilgen tagdyr. — Astana: «Ana til - Ata tarih» ZHSHS, 2007. — 460 b.

Omarbekov T. 1931-1933 zhyldardagy asharschylyk karsanynda kazak halky kansha edi? <https://turkystan.kz/article/4334-1931-1933-zhyldarda-asharshylyk-karsanynda-kazak-halky-kansha-edi/>

Aktobe oblysy, Baiganin audandyk ortalyktandyrylgan kitapkhana zhuiesi. Audan otken asular. http://www.bjka.kz/audan_tarihi.php

Kopaeva K. «20-30-shy zhyldardagy asharschylykta kansha bala koz zhumdy?» Sukhbat. <https://exk.kz/kk/news/118472/20-30-shy-zhyldardagy-asharshylykta-kansha-bala-koz-zhumdy>

Elubai S. Ak boz ui: roman. — Almaty: «Zhazushy», 2011. — 376 b.

Oshakbaeva Zh.B. Kazak filosofiyasy tarihy (ezhelgi dauirden kazirgi zamanga dein). XX gasyrdagy kazak filosofiyasy. 4-tom. — Almaty: KR BGM GK Filosofiya, sayasattanu zhane dintanu Instituty, 2016. — 391 b.

Гүлжанар ШУЛАНБЕКОВА,
тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, e-mail: gul.aidana@mail.ru,
Қазақстан-Ресей медициналық университеті, Алматы, Қазақстан

ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫ – ұлттаралық қатынастарды қалыптастырушы

Біздің халқымыздың ең маңызды құндылықтары – толеранттылық және жауапкершілік. Мәселен, 130 ұлттың өкілдері тұратын саяси-этникалық мемлекеттің қазақстандық моделі бүкіл әлем үшін бірегей. Сондықтан Қазақстан Республикасының этникалық саясатының тәжірибесі зерделеніп, әлемдік ғылым мен қоғамға кеңінен қол жеткізу үшін ұсынылуы керек. Отаршыл кезеңде басталған және кеңестік дәуірінде жалғасын тапқан көші-қон саясаты, елімізде славян халқының санының ұлғаюына әкелді. Ол кезде елдің демографиялық дамуының ерекшелігі халықтың табиғи өсуінен гәрі көші-қонға байланысты болды, сондықтан бұл көпұлттылыққа алып келді. Көші-қон үдерістерін жандандыру, ең алдымен, белгілі бір мемлекеттік шешімнің нәтижесі болып табылады. Көші-қонды, мемлекет көбінесе санкциялау ағымдардың рұқсатымен реттейді, еңбек ресурстарын бөлу үшін қоныс аударуды ұйымдастыру, барлық халықтарды жер аудару арқылы мәжбүрлеп қоныс аудару. Үкіметтің жүргізген көші-қон және тілдік саясаты, яғни Қазақстанның байырғы тұрғындары үлесінің 29,9% -ға дейін төмендеуіне алып келді (1959 ж.).

***Түйін сөздер.** Ұлттық таным, Ассамблея, ұлттық рух, этносаясат, ұлттық психология, менталитет.*

Gulzhanar SHULANBEKOVA,
Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, e-mail: gul.aidana@mail.ru
Kazakh-Russian Medical University, Almaty, Kazakhstan

NATIONAL ASSEMBLY OF KAZAKHSTAN – FORMATION OF INTERNATIONAL RELATIONS

The most important values of our people are tolerance and responsibility. For example, the Kazakh model of a political-ethnic state with 130 nationalities is unique in the whole world. Therefore, the experience of the national policy of the Republic of Kazakhstan must be studied and presented for wide access to world science and society. It should be noted that the migration policy, which began in the colonial period and continued in the Soviet era, led to an increase in the number of Slavs in the country. At that time, a feature of the country's demographic development was population growth, which was largely due to migration, rather than natural growth, which led to a multinational composition. The activation of migration processes is, first of all, the result of a certain state decision. Migration is often regulated by the state with the permission of sanctioning flows, the organization of resettlement for the distribution of labor resources, the forced resettlement of all peoples through deportation. State migration and language policy led to a decrease in the proportion of indigenous peoples in Kazakhstan to 29.9% (1959).

Keywords. National knowledge, Assembly, national spirit, ethnopolitics, national psychology, mentality.

Гүлжанар ШУЛАНБЕКОВА,
кандидат исторических наук, доцент, e-mail: gul.aidana@mail.ru
Казахстанско-Российский медицинский университет, Алматы, Казахстан

НАРОДНОЕ АССАМБЛЕЯ КАЗАХСТАНА – ФОРМИРОВАНИЕ МЕЖДУНАРОДНЫХ ОТНОШЕНИЙ

Важнейшими ценностями нашего народа являются толерантность и ответственность. Например, казахстанская модель политико-этнического государства со 130 национальностями уникальна для всего мира. Поэтому опыт национальной политики Республики Казахстан необходимо изучить и представить для широкого доступа мировой науке и обществу. Следует отметить, что миграционная политика, начавшаяся в колониальный период и продолженная в советское время, привела к увеличению численности славян в стране. В то время особенностью демографического развития страны был прирост населения, который в большей степени происходил за счет миграции, а не естественного прироста, что приводило к многонациональному составу. Активизация миграционных процессов – это, прежде всего, результат определенного государственного решения. Миграция часто регулируется государством с разрешения санкционирующих потоков, организации переселения для распределения трудовых ресурсов, принудительного переселения всех народов путем депортации. Государственная миграционная и языковая политика привели к снижению доли коренных народов в Казахстане до 29,9% (1959 г.).

Ключевые слова. Национальное познание, Ассамблея, национальный дух, этнополитика, национальная психология, менталитет.

Кіріспе. Қазақстанның оңтүстік өңірлерінде 108 ұлттың өкілдері өмір сүреді, онда ұлттық мәдени орталықтар жұмыс істейді, мектептер мен университеттерде кішігірім жиналыс ұйымдастырыла-

ды. Елдің оңтүстік бөлігіндегі, соның ішінде Алматы қаласындағы ең ірі қалалар көбірек көші-қонның тартымды аймағы ретінде ерекшеленеді. Осы аймақтардағы халықтың этникалық құрамында ел

халқының 95 пайызын құрайтын саны ең көп 7 ұлт бар: қазақ, орыс, украин, өзбек, неміс, татар, ұйғыр. Қалыптасқан қайшылықтарды шешу мемлекеттік саясат саласындағы билік органдарының тұрақты серіктестігімен ғана мүмкін болады. Мемлекеттік саясат саласында мемлекеттік органдарға осындай қолдау көрсете алатын, терең әлеуметтік-экономикалық реформаларды жүзеге асыра алатын беделді қоғамдық құрылымдардың болуы бұқаралық қоғамдық қолдау және қажет.

Елімізде және шетелде кеңінен танымал халық өртістері, құрметті мәдениет қайраткерлері: әнші Лаки Кесоглу (грек), Сұлтан Байсұлтанов (шешен), Гүлвира Разиева (ұйғыр), Халид Абулхакова (татар), хореограф Римма Ким (кәріс), Лермонтов атындағы театрдың режиссері Сергей Башаян (армян), Т.Жүргенов атындағы Қазақ мемлекеттік театр және кинематография институтының «Музыкалық театр және жеке-әнші актеры» кафедрасының оқытушысы Полина Дорохова (украин). Республиканың ұлттық мұрасын атақты суретшілердің картиналары да толтырды: Э.Казарян – армян, К.В. Муллашева – татар, М.С.Таншаева – дүңген, Ш.Урадова – түркімен, «Мың ой» галереясының ұйғыр суретшілері, суретші-коллекционер Азат Акимбек – ұйғыр және тағы басқалар.

Тұрақты түрде халықтық өнер фестивальдері, Қазақстан халықтарының тілдері күні, жалпыұлттық мерекелері «Наурыз», «Сабантой», «Қазақстан халықтарының бірлігі күні», «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күндері», «Рухани бірлік және келісім сияқты» мерекелер өткізіліп тұрады. Сонымен бірге, әрбір этникалық топ өз елінің тәуелсіздік жылдарында қайта өркендеп, басқа халықтардың шақыруымен атап өтілетін өз ұлттық мерекелеріне ие. Қазақстан халықтарының этникалық мәдениетіне арналған кітаптар жарияланды: Г.Т.Хайрулин «Қазақстандағы татарлар», А.Ф.Макаренко «Қазақстандағы украиндар», А.З.Алиев «Қазақстандағы күрдтер», М.Н.Вансванова «Дүңгендер», О.Г. Дымов «Қазақстан жерінің жылуы», С. Калиев «Халық – шынайы тәрбиеші», В.Примин «Этномәдени білім берудегі ана мектебінің рөлі», т.б.

Материалдар мен әдістер. Қазақстандық ғылымда этникалық мәселелер туралы ғылыми жарияланымдардың саны артуда. Мәселен, осы бағыт бойынша ұлт, ұлтшылдық, ұлттық өзін-өзі тану, ұлттық рух, ұлттық психология, этникалық өзін-өзі тану, этносаясат, ұлтаралық қайшылықтар, ұлттық патриотизм, этникалық көші-қон және тағы басқа құбылыстар зерттелуде. Қазақстанда Р.Б.Әбсәттаров, В.Ю.Дунаев, Ә.К.Ертісбаев, С.К.Калмыков, А.П.Коновалова, В.Д.Курган, К.Е.Көшербаева Г.В.Малинина, К.Марданова, А.Н.Нысанбаев, В.В.Примина, С.Т.Сейдуманова, З.К.Шәукенова және басқалардың еңбектері жарияланды.

Талдау. 1992 жылдың өзінде бұрынғы астанамыз Алматыда Қазақстан халықтарының Бірінші Форумы шақырылды. Мұнда Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев осы форумның жұмысын үнемі жалғастыру қажеттігі туралы идеяны білдірді. Тек 1995 жылдың 1 наурызында ғана Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен жаңа қоғамдық ұйым – Қазақстан халықтарының Ассамблеясы құрылды (ҚХА). Ассамблея теңгерілген ұлттық саясатты жүргізудің ең қуатты механизмдерінің біріне айналды.

Бүгінде Қазақстан халқы Ассамблеясы қоғам үшін маңызды құрылымдар бойынша қызмет жасайды. Біріншіден, ол қазақстандық қоғамды нығайту мен

біріктіруге бағытталған. Екіншіден, Ассамблея елдегі ұлтаралық келісімнің сақталуына ықпал етеді. Үшіншіден, бұл мемлекеттік мекеме Қазақстан диаспораларының ана тілін және мәдениетін дамытуға тырысады. Төртіншіден, Қазақстан азаматтарының құқықтары мен бостандықтарын сақтаудың кепілі ретінде өз қызметін жүзеге асырады.

Зерттеу нәтижелері. 2007 жылдан бастап Қазақстан Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізілді. Енді Қазақстан халқының Ассамблеясы өзінің ең таңдаулы тоғыз өкілін елдің Парламентіне делегаттауға құқылы. Мұның бәрі қазақстандық қоғамды одан әрі демократияландыруға ықпал етеді.

Қазақстан халқы Ассамблеясының құрылымында 16 кіші ассамблея бар, оның 14-і тиісті әкімдіктермен, ал екеуі – Астана және Алматы қалаларының әкімдіктерінде жұмыс жасайды.

Кішігірім ассамблеялар көптеген ұлттық-мәдени бірлестіктер мен диаспоралар бірлестіктерінің жұмысын біріктіріп, ұйымдастырып және үйлестіреді. Кіші ассамблеяның төрағалары – облыстардың, сондай-ақ республикалық маңызы бар қалалардың әкімдері.

Сессияларды Ассамблея Төрағасы шақырады. Сессияның күні, орны және алдын ала күн тәртібі оның жұмысы басталғанға дейін бір ай бұрын жарияланады. Ассамблея сессиясы жылына кемінде бір рет шақырылады. Кезектен тыс сессияны Ассамблея Төрағасы өз бастамасы бойынша немесе Ассамблея мүшелерінің кемінде үштен бірінің өтініші бойынша шақырады.

Ассамблеяның құрамы мемлекеттік органдардың, ұлттық-мәдени және өзге де қоғамдық бірлестіктердің өкілдерінен, сондай-ақ мемлекеттегі өзінің қоғамдық беделін, қоғамдық және саяси қызметін ескере отырып, басқа тұлғалардан құралады. Қазіргі уақытта Ассамблеяның өзінде шамамен 350 мүшесі бар. Жұмыс органы – Қазақстан Республикасы Президенті әкімшілігінің бөлігі болып саналатын Хатшылық. Бұл Ассамблеяның қоғам алдындағы қандайда бір сенімін арттырады.

Қазақстан халықтарының Ассамблеясына үміткерлер ұлттық мәдени орталықтардың ұсыныстары бойынша кішігірім отырыстардың шешімдерімен, ал облыстық және республикалық қоғамдық бірлестіктерден жоғары тұрған органдардың шешімдері бойынша ұсынылады.

Жыл сайын мемлекет ұлттық-мәдени бірлестіктерге және шағын ассамблеяларға қаржылық қолдау көрсетеді. Ал ұлттық мәдени орталықтардың басшыларына Президенттік стипендиялар бекітіледі. Өзінің барлық уақыттағы тіршілік ету барысында Ассамблея ұлтаралық қатынастарды реттеу туралы шын мәнінде беделді мемлекеттік мекемеге айналды. Мұны Қазақстанның диаспораларының қоғамдық бірлестіктерінің алуан түрлілігінен көруге болады.

Бүгінде республикада этникалық диаспоралар өздерінің мына көлемде қоғамдық бірлестіктеріне ие: немістер – 49, қазақтар – 40, кәрістер – 36, татарлар – 29, славяндар – 27, шешендер мен ингуштар – 26, азербайжандар – 23, ұйғырлар – 21, орыстар – 20, украиндар – 19, еврейлер – 18, поляктар – 16, түріктер – 14, гректер – 12, армяндар – 11, белорустар – 10, дүңгендер – 10, күрдтер, өзбектер – 8-ден, казактар – 6, түркімендер, болгарлар, дағыстандықтар – 4-тен, қырғыздар, тәжіктер – 3-тен, қарашайлар мен балқарлар, қытайлар, чуваштар, қарақалпақтар – 2-ден, ассириялықтар, чехтар, Балтық жағалауы ел-

дері, грузиндер, осетиндер, лезгиндер, ирандықтар, буряттар, венгрлер, румындар – 1-ден. Және бұл шектеулік мәселе емес. Қазақстан диаспораларының қоғамдық бірлестіктерінің сандық және сапалық құрамы тұрақты түрде өсіп келеді.

Ассамблея мүшелерінің бастамасымен және мемлекеттің тікелей қолдауымен 100-ден астам ұлттық мектеп, 170 жексенбілік мектеп бар, онда 23 ұлттың ана тілдерінде оқытылады. Ұлттық жаңғыртудың үш мектебінде 12 ұлттық тілдерді зерттеуге арналған 29 филиалы бар. Оларды ұстап тұру үшін Үкімет жыл сайын 12 млн. теңгеден астам қаражат бөліп отырады. Оларға сондай-ақ жергілікті атқарушы органдардан көмек көрсетіледі. Олар сонымен бірге Қазақстан Республикасы мәдениет және ақпарат министрлігі бөлінген көптеген гранттарға қатысуға құқылы.

Мемлекеттің қолдауымен республикада 11 тілде газеттер мен журналдар, 44 телеарналар студиясы 12 тілде хабар таратады және 18 радиостанция 7 тілде хабар таратылады. Бірқатар мемлекеттік телеарналар кәріс, неміс және ұйғыр тілдеріндегі бағдарламаларды тұрақты кестеге енгізді. Көптеген қоғамдық бірлестіктердің Интернетте сайттары бар.

2003 жылдан бастап Қазақстан халқы Ассамблеясының қамқорлығымен «Достық-Дружба» журналы жарық көрді, 2009 жылдан бастап «Менің елім – Моя страна» атты тағы бір аналитикалық журнал шығарыла бастады. Бірқатар диаспоралардың ұлттық театрлары бар (орыс, неміс, ұйғыр, кәріс, өзбек және т.б.).

Жыл сайын этникалық топтардың тілдерінде бірнеше ондаған жаңа кітап шығарылады. Наурыз мейрамы, Масленица және Рождество мейрамдарына жаппай қатысу дәстүрге айналды. Хабар тарату арналары қазақ және орыс тілдерінде 50:50 қатынасында жүргізіледі.

Қазақстан халқы Ассамблеясы екі референдум өткізуге және жаңа Конституцияны қабылдауға бастамашы болды. «Қоғамдық бірлестіктер туралы», «Мәдениет туралы», «Қазақстан Республикасындағы тілдер туралы» және басқа да бірқатар заң жобаларын дайындауға белсене қатысты. Қазақстан халқы Ассамблеясының халықаралық беделі де өсті. Қазақстан тәжірибесіне сәйкес, ТМД елдерінде ұқсас мемлекеттік құрылымдар құрылды. Мысалы, Шешенстан Республикасында Ассамблея жұмыс істей бастады, ол Қазақстанның үлгісі мен ұқсастығына негізделген.

Қазақстанның тәжірибесіне әлемдік қоғамдастық үлкен-үлкен ықыласпен көңіл бөлуде. Шетелде Республиканың көпұлтты халқының өмірінде Ассамблея рөлі туралы ірі халықаралық конференциялар өткізілді. Қазақстандық тәжірибені халықаралық сарапшылар жоғары бағалады. Өз кезегінде БҰҰ-ның Бас хатшысы Коффи Аннан Қазақстанды «ұлтаралық келісімнің, әлемнің басқа мемлекеттерінің тұрақты және баянды дамуының үлгісі» деп атап өткен болатын. Рим Папасы Иоанн Павел II 2001 жылғы сапарында Қазақстандағы этносаралық қатынастардың жай-күйіне жоғары баға берген болатын.

Қазақстан халқы Ассамблеясының институционалдық дамуында екі кезең бар. Бірінші кезең, 1995 жылдан бастап, яғни Ассамблея ресми түрде құрылғаннан бастап, Ассамблея атағына өзгеріс енгенге дейін, Қазақстандағы этносаралық саясатты жүзеге асырудың бірегей институты ретінде ұйымдық қорларды қалыптастырумен байланысты. Қазақстан

халқы Ассамблеясының алғашқы екі сессиясында – көктемде және 1995 жылдың жазында – екі елдің жалпыхалықтық референдумдары басталды.

Екінші кезең, 2002 жылдан бастап, қазақстандық қоғамды біріктіру бойынша Қазақстан халқы Ассамблеясының белсенді жұмысына байланысты: қоғамның интеграциясы туралы, нормативтік құқықтық актілерді әзірлеуге қатысу, тіл саясаты және т.б. Сонымен қатар 2007 жылғы конституциялық реформа да қолданылады, Парламент палаталарының бірлескен отырысы өткізілді, онда Елдің 15 жылдық дамуының қорытындысы шығарылды және «Қазақстан Республикасының Конституциясына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасын ұсынды. Реформа президенттік-парламенттік республикаға өтуге әкеліп соқтырғанымен қатар, жүйені қалыптастырушы векторларының бірі елдегі этносаралық және конфессияаралық қатынастарды үйлестіру болды. Реформаға сәйкес, Қазақстан халқы Ассамблеясы Кеңесінің 9 мүшесі қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы Парламентінің төменгі палатасының мүшелері болып табылады, осылайша, Қазақстан халқы Ассамблеясы мемлекеттің саяси процестеріне нақты әсерін тигізді. Мемлекет басшысының басшылығымен өтетін Ассамблея – жоғары органның ерекше буыны. Бұл бірегей конституциялық рөл аймақтық әкімдердің жетекшілігімен құрылған аймақтық жиналыстардың жалпыұлттық желісінің болуы арқылы одан әрі айрықша атап өтіледі. Көппартиялық Парламенттің жағдайында, Қазақстан халқы Ассамблеясы депутаттық тобының қызметі бейбітшілік, келісім, бірлік және тәуелсіздік мәселелері бойынша партиялық ынтымақтастықты ұйымдастыруға бағытталған.

2008 жылғы 20 қазанда Қазақстанда «Қазақстан халқы Ассамблеясы туралы» Заң қабылданды. 1995 жылдың 1 наурызында Мемлекет Басшысының жанындағы консультативтік орган ретінде пайда болған Қазақстан халқы Ассамблеясы қазіргі уақытта Қазақстандағы толыққанды саяси ұйым мәртебесін бекітті. 1995 жылдың 1 наурызында Мемлекет Басшысының жанындағы консультативтік орган ретінде пайда болған Қазақстан халқы Ассамблеясы қазіргі уақытта Қазақстандағы толыққанды саяси ұйым мәртебесін бекітті. Заң мемлекеттік ұлттық саясатты іске асыруға, Қазақстан Республикасында әлеуметтік және саяси тұрақтылықты қамтамасыз етуге, этносаралық қатынастар саласында мемлекеттік және азаматтық қоғам институттарының өзара іс-қимылының тиімділігін арттыруға бағытталған мәртебені, жұмыс тәртібін қалыптастыру және ұйымдастыру тәртібін анықтады. Қазақстан халқы Ассамблеясы заңды тұлға емес, мекеме ретінде құрылды. Облыстық Қазақстан халқы Ассамблеясы жергілікті атқарушы органдармен жұмыс істейді. Қазақ халқының біріктіруші рөлі қазақстандық азаматтығы мен қазақстандық патриотизм, қазақстандық азаматтық және рухани-мәдени қоғамдастық негізінде Қазақстан азаматтық сәйкестігін қалыптастыру үдерісінде этносаралық келісімді қамтамасыз етудің негізгі идеологиясы ретінде қарастырылады (Заңның 3-бабы). Ассамблеяның негізгі қызметі – мемлекеттік ұлттық саясатты әзірлеуге және жүзеге асыруға жәрдемдесу; қазақстандық патриотизмді қалыптастыруға жәрдемдесу; Қазақстан халқының мемлекеттік тілін және басқа да тілдерін дамыту; этникааралық саладағы аймақтық саясатты жетілдіру; демография және көші-қон саласындағы жоспарлар мен іс-шараларды әзірлеуге және іске асы-

руға қатысу; елде және шетелде этносаралық және конфессияаралық келісімнің қазақстандық үлгісін насихаттау; ұлтаралық келісімге қол жеткізуге бағытталған білім беру және баспа қызметін жүзеге асыру; этносаралық қатынастардың жай-күйін, оның ішінде мемлекеттік тілді және Қазақстан халқының басқа тілдерін қолдану саласында мониторинг жүргізу; мемлекеттік ұлттық саясат мәселелері бойынша заң жобаларының қоғамдық және саяси сараптамасына қатысу; ана тілін, мәдениетін және ұлттық дәстүрлерін сақтау және дамыту, ана тілін, мәдениетін және ұлттық дәстүрлерін сақтау және дамыту, тарихи отанымен байланысын нығайту мәселелері бойынша шет елдердегі қазақ диаспорасын қолдау; ұсыныстарды әзірлеу және келіспеушіліктер мен дауларды шешу бойынша практикалық шараларды жүзеге асыру, этносаралық қатынастар саласындағы қақтығыстарды болдырмау және оларды шешуге қатысу (6-бап).

Қорытынды. Осылайша, Қазақстан Республикасының егемендігі мен тәуелсіздігі жағдайлары ұлттық мәдени орталықтардың пайда болуы мен нақты дамуына мүмкіндік берді. Қазақстанның қазіргі этнос мәдениетінің нысандарын дамыту және жетілдіру әлеуметтік-экономикалық және саяси жағдайға, қазақстандық қоғамды жаңғырту қарқынына және біздің еліміздің өркениетті әлемдік қауымдастыққа енуіне тікелей байланысты. Елдің оңтүстік өңірлеріндегі этникалық ортадағы мәдени процестердің өз ерекшеліктері бар, бірақ олар Қазақстандағы және басқа да этникалық топтар арасында мәдени процестерді қалыптастырудың және дамытудың тарихи құрылымдарының жалпы контекстінде орын алады. Қазіргі заманғы Қазақстанның ұлттық-мәдени орталықтарының дамуының басымдықтары мемлекеттік стратегиялық және бағдарламалық құжаттарды жүзеге асыру қарқынымен байланысты, ұлттық мәдени орталықтар тарихын зерттеу және этникалық топтардың мә-

дениетін дамытудың болашағы этносаралық қатынастар саласындағы мемлекеттік саясаттың жаңа формалары мен әдістерін әзірлеу қажеттілігіне байланысты.

ӘДЕБИЕТТЕР

Ассамблея народа Казахстана // <http://www.assembly.kz/50>
Султанбеков Ш.С. История национальных культурных центров южных регионов Казахстана (1991-2008 гг.). 07.00.02 – Отечественная история (История Республики Казахстан). Диссертация на соискание ученой степени кандидата исторических наук. Республика Казахстан Алматы, 2010.

Доктрина Национального единства Казахстана. Одобрена на состоявшемся 19 апреля 2010 года заседании Совета Ассамблеи народа Казахстана // <http://adilet.zan.kz>.

Гупенко А.Б. Культура народов Казахстана как фактор консолидации казахстанского общества консолидации казахстанского общества. // http://yandex.kz/clck/jsredirpxQ0nmy__3EOLsnj2LyM8c_rNZG6lgX&l10n.

Салкынбек Д.И., Ксенжик Г.Н., Шуланбекова Г.К. «Қазақстан халқының тарихы және мәдениеті». Оқу құралы. – Алматы, 2021. – 132 б.

TRANSLITERATION

Assambleya naroda Kazakhstana // <http://www.assembly.kz/50>
Sultanbekov SH.S. Istoriya natsional'nykh kul'turnykh tsentrov yuzhnykh regionov Kazakhstana (1991-2008 gg.). 07.00.02 – Otechestvennaya istoriya (Istoriya Respubliki Kazakhstan). Dissertatsiya na soiskaniye uchenoy stepeni kandidata istoricheskikh nauk. Respublika Kazakhstan Алматы, 2010.

Doktrina Natsional'nogo yedinstva Kazakhstana. Odobrena na sostoyavshemsya 19 aprelya 2010 goda zasedanii Soveta Assamblei naroda Kazakhstana // <http://adilet.zan.kz>.

Gupenko A. B. Kul'tura narodov Kazakhstana kak faktor konsolidatsii kazakhstanskogo obshchestva konsolidatsii kazakhstanskogo obshchestva. // http://yandex.kz/clck/jsredirpxQ0nmy__3EOLsnj2LyM8c_rNZG6lgX&l10n.

Salkynbek D.I., Ksenzhik G.N., Shulanbekova G.K. «Kazakhstan khalkynin tarikhy zhane madeniyeti». Oku kuraly. – Алматы, 2021. – 132 б.

ҒТАХР/ IRSTI/ МРНТИ: 03.20.00

А. ТЕБЕГЕНОВА¹, З. АҚТАМБЕРДИЕВА², Г. ИСАТАЕВА³

¹филология ғыл/н кандидаты (PhD), E-mail: Tebegenova@mail.ru, Қазақ Ұлттық Аграрлық зерттеу университеті,

²тарих ғыл/н кандидаты, қауым.проф., E-mail: z.salkeevna@mail.ru, Қазақ Ұлттық Аграрлық зерттеу университеті,

³философия ғыл/н кандидаты, аға оқыт., E-mail: isataeva.gulnara@mail.ru. Қазақстан-Ресей медициналық университеті, ^{1,2,3}Алматы, Қазақстан

ОЛЖАС СҮЛЕЙМЕНОВ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ және ақын поэзиясындағы батырлық рух сарындары

Мақалада қазіргі қазақ поэзиясы аясында көрнекті ақын, мемлекет және қоғам қайраткері Олжас Сүлейменовтің шығармашылық өмірбаяны мен қоғамдық қызметі зерттелген. Ақын шығармаларының әлем халықтарының тілдеріне аудармалары, сондай-ақ О.Сүлейменовтің әлемдік әдеби үдерістегі танымалдылығы қарастырылды және бағаланды. Ақынның ұлы дала құндылықтарына арналған өлеңдері талданады. Олжас Омарұлының өлеңдері мен тарихи-танымдық ғылыми еңбектерінде тұжырымдалған халықтық, өршіл романтикалық-батырлық тақырыптардың, ақын оптимизмі мен өкініштерінің психологиялық және поэтикалық ерекшеліктері мен эстетикалық ілімдері бойынша бағаланады.

Түйінді сөздер: Ұлы Дала, азаматтық поэзия, ата-баба рухы, романтикалық мәні, көркем ойлау эстетикасы, лирикалық кейіпкер, ақын-ғалым.

Қазақ тарихы

№1 (196), қаңтар-ақпан, 2022

А. ТЕБЕГЕНОВА¹, З. АКТАМБЕРДИЕВА², Г. ИСАТАЕВА,³

¹кандидат филологических наук (PhD), e-mail: Tebegenova@mail.ru,

Казакский национальный аграрный исследовательский университет,

²кандидат исторических наук, община.проф., E-mail: z.salkeevna@mail.ru,

Казакский национальный аграрный исследовательский университет,

³кандидат философских наук, старший преподаватель, E-mail: isataeva.gulnara@mail.ru.

Казакстанско-Российский медицинский университет, ^{1,2,3} Алматы, Казакстан

ТВОРЧЕСТВО ОЛЖАСА СУЛЕЙМЕНОВА И МОТИВЫ ГЕРОИЧЕСКОГО ДУХА В ПОЭЗИИ ПОЭТА

В статье исследована творческая биография и общественная деятельность выдающегося поэта, государственного и общественного деятеля Олжаса Омаровича Сулейменова в рамках современной казахской поэзии. Рассмотрены и оценены переводы произведений поэта на языки народов мира, а также популярность Олжаса Омаровича Сулейменова в мировом литературном процессе современности. Анализируются стихи поэта, посвященные ценностям Великой степи. Оцениваются по психологическим и поэтическим особенностям оптимизма и сожаления и эстетические учения народных, амбициозных романтико-героических тем сформулированных в стихах поэта и историко-познавательных научных трудах.

Ключевые слова: Великая Степь, гражданская поэзия, исконный дух, романтическая сущность, эстетика художественного мышления, лирический герой, поэт-ученый.

A. TEBEGENOVA¹, Z. AKTAMBERDIEVA², G. ISATAYEVA,³

¹candidate of philological Sciences (PhD), E-mail: Tebegenova@mail.ru,

Kazakh National Agrarian Research University,

²candidate of historical sciences / community.Prof., E-mail: Z.salkeevna@mail.ru,

Kazakh National Agrarian Research University,

³candidate of Philosophy/Science, senior lecturer., E-mail: isataeva.gulnara@mail.ru,

Kazakh-Russian Medical University, ^{1,2,3} Almaty, Kazakhstan

CREATIVITY OF OLZHAS SULEIMENOV and heroic spirit motifs in the poet's poetry

The article examines the creative biography and public activity of the outstanding poet, statesman and public figure Olzhas Omarovich Suleimenov within the framework of modern Kazakh poetry. Translations of the poet's works into the languages of the peoples of the world, as well as the popularity of Olzhas Omarovich Suleimenov in the world literary process of modernity are considered and evaluated. The poet's poems dedicated to the values of the Great Steppe are analyzed. The psychological and poetic features of optimism and regret and the aesthetic teachings of folk, ambitious romantic and heroic themes formulated in the poet's poems and historical and cognitive scientific works are evaluated.

Keywords: : Great Steppe, civic poetry, primordial spirit, romantic essence, aesthetics of artistic thinking, lyrical hero, poet-scientist.

Кіріспе. Әлем әдебиетінің классикалық мұралары – ұлттық және жалпыадамзаттық рухани құндылықтар қазынасы. Классикалық құндылықтарды жазған ақын-жазушылардың ғылыми-танымдық байыптау тұтастығымен өрілген шығармашылық болмыс дәстүрі ежелгі дәуірлерде негізі қалыптасып, ғасырлар бойы жалғаса келе қазіргі біздің заманымызға ұласты. Бұл орайда, біз әлем өркениетінің алып тұлғалары Қорқыт Атаның, Жүсіп Баласағұнның, Махмұт Қашқаридың, Әбу Насыр Әл-Фарабидің, Әбуғали ибн Синаның, Мұхамед Хайдар Дулаттың, хакім Абай Құнанбайұлының, Шоқан Уәлихановтың, Ыбырай Алтынсариннің, Ахмет Байтұрсыновтың, Мұхтар Әуезовтің, Қажым Жұмалиевтің, Зейнолла Қабдоловтың, т.б. есімдерін айтамыз.

Материалдар мен әдістер. Әдеби және ғылыми шығармашылығын тұтастандырған осы жалпыадамзаттық дара ерекшелік аясында біз Олжас Сулейменовтің шығармашылығын айтамыз. Оның Ұлы Даланың жыршысы-жазушы және зерттеуші ғалымы болуының негізі – Алланың құдіретімен туа біткен табиғи жаратылысы. Балалық шағынан-ақ бүкіл Жер планетасының және ғарыштық-ғаламдық кеңістіктің өткені мен қазіргісін, болашағын зерделеуге құштар көңілі айрықша байқалған. Туған қаласы Алматыда онжылдықты бітіргеннен кейін қазіргі Әл-Фараби атындағы (ол кезде С.М.Киров атындағы Қазақ мемлекеттік) Қазақ ұлттық университетінің геология факультетінде жоғары білім алуы да болашақта оның Жер-Ананың жыршысы және қорғаушысы, зерттеушісі болуының ғылыми негізін қалыптастырғаны анық. Шығармашылық

дүниетанымының әлемдік кеңістік құндылықтарын зерделеуі мен толығында оның М.Горький атындағы Әдебиет институтында оқығаны да зор ықпал етті. XX ғасырдың 60-90-жылдары мен қазіргі ХХІ ғасырдың басына дейін ұласып отырған оның шығармашылық еңбек өтілі кезеңдеріндегі қызметтері – әлемге әйгілі қайраткер тұлға ғұмырнамасы. «Казакстанская правда» газетінде бөлім меңгерушісі, «Казакфильм» киностудиясы сценарийлік-редакторы, Қазақстан Жазушылар Одағының бірінші хатшысы, Қазақ КСР кинематография жөніндегі мемлекеттік комитетінің төрағасы, ҚР Жоғарғы Кеңесінің депутаты, Қазақстан Республикасының Италиядағы төтенше және өкілетті елшісі, Қазақстан Республикасының Біріккен Ұлттар Ұйымы ЮНЕСКО-дағы өкілі қызметтері арқылы ол әлемге танымал мемлекет және қоғам қайраткері болып қалыптасты.

Талдау. Олжас Омарұлы – ядролық сынаққа қарсы «Семей-Невада» қозғалысының, Халық Конгресі партиясының жетекшісі. Қазақстанның әдеби-мәдени дамуына өзінің жеке шығармаларымен және мемлекеттік басқару, қоғамдық-әлеуметтік қызметімен елеулі үлес қосқандығы үшін отандық марапаттауларға да ие болды. Ол – Қазақ КСР Абай атындағы Мемлекеттік сыйлығының (1967 ж.), Қазақстан комсомолының, БЛКЖО сыйлықтарының (1966 ж.) лауреаты, Қазақстанның Халық жазушысы. «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет белгісі», «Октябрь революциясы» ордендерімен, көптеген медальдармен марапатталған. Олжас Сулейменов – қазіргі Тәуелсіз Қазақстан Республикасының жаңа тари-

хындағы ұлттық рухани құндылықтарымыз қатарындағы аса көрнекті тұлғамыз.

О.Сүлейменов – шығармалары әлем халықтарының көптеген тілдерінде жарияланған қазақ ақыны. Қазіргі энциклопедиялық анықтамаларда жазылған олардың тізбесі: Арғымақтар: Өлеңдер мен поэмалар (1961); Адамға табын, Жер, енді: Поэма (1961); Нұрлы түндер: Өлеңдер мен поэма (1962); Қызықты түн: Өлеңдер (1969); Шапағатты шақ: Өлеңдер (1964); Мешін жылы: Өлеңдер (1967); Таңдамалы лирика (М.: Молодая гвардия. 1968); Қыш кітап: Поэмалар (1969); Ақ дария аспаны: Өлеңдер мен поэма (Т.: Ғафур Ғұлам атындағы көркем әдебиет баспасы. 1970); Атамекен: Өлеңдер мен поэма (1972); Өр күн – арайлы шақ: Өлеңдер (М.: «Огонек» кітапханасы. 1973); Жұмыр жұлдыз: Өлеңдер (М.: Советский писатель. 1975); Қалаулы қайырма: Таңдамалы өлеңдер мен поэмалар (1979); Аз и Я: Зерттеу кітабы (1975); Көңіл көкжиегі: Таңдамалы өлеңдер мен поэмалар (1976, екінші басылымы 1980); Жалынның шалқуы (Трансформация огня): Өлеңдер мен проза (Париж.-Галлимар, француз тілінде, 1981); Алматы: Жалын, 1983; Қайта басылымы; 1985; Өр күн – арайлы таң: Өлеңдер мен поэмалар (1986); Асқардан асу (1987), т.б. [1, 291-292-бб.].

Қазақ әдебиеті – әлемдік классикалық сөз өнері дамуы үдерісіндегі көпғасырлық тарихы бар рухани құндылықтардың көркем қазынасы. Ақындар – туған халқының рухани құндылықтарының жалынды жыршылары. Қазіргі қазақ поэзиясының әлемге танымал тұлғалары қатарындағы Олжас Сүлейменовтің поэзиясындағы азаматтық сарынды шығармалары оның халқымыздың жан ділінен берік орын алуына, алыс, жақын шетелдердегі қандастарымыздың жан жүйесін баурауына айрықша ықпал еткендігін атап айтамыз.

Зерттеу нәтижелері. Олжас ақынның поэзиясы мен ғылыми-танымдық еңбектеріне ортақ көркемдік арнасы – Ұлы Даланың ежелгі дәуірлерінен бері сақталған ұрпақтар дүниетанымын байытқан ұлттық-отаншылдық ұстанымындағы ата-бабалық рух қуатының өршіл романтикалық-қаһармандық сарынмен жырланғандығы. Бұл орайда, Олжас ақын поэзиясындағы рухани құндылықтарды ұлықтап жырлаған лирикалық өлеңдерді даралап атап көрсетеміз: «Арғымақ», «Ата-баба аруағы», «О, сөйгүлік!», «Батыр Мәмбеттің өлер алдындағы сөзі», «Домбырасын қасып шертіп ақырын», «Адресім – Азия», «Қыстауға көшу», «Махамбетке», «Қазақ үшін қашанда қыр қазына», «Домбыра», «Махамбеттің өлер алдындағы ойы», «Мен таңсықпын тұяғы мен тұлпардың», «Сұр жебедей кең маңдайын тасқа ұрған», т.б. Ақынның аталған азаматтық сарынды лирикалық өлеңдеріндегі көркем мағыналы бейнелі өрілімдерден Ұлы Дала перзенттеріне ортақ көркем ойлау дүниетанымын сезінеміз:

*Дала қандай!
Даладағы ат қандай?
Нәсер шөпке белшесінен батқандай!
Құйғытсам бір,
Дала,
Қала
Болады-ау
Көз алдымда аунап бара жатқандай!*

*От тигендей
Асау қанға,
Етіңе,
Арғымағым,
Шығып желдің өтіне,*

*Шабуылдап
Құрыш-болат тұяқпен
Пергілеші*

Жалтақ жолдың бетіне! [2, 6-б.].

Өлеңдердегі лирикалық қаһармандар – Ұлы Даланың көп ғасырлық тарихындағы батырлар. Қазақ өркениетінің ата-бабалар қалыптастырған қаһармандық-жауынгерлік рух қуатын кейінгі буын ұрпақтарға жалғастырған батырлар-жауынгерлер ұстанымы – рухани құндылықтардың алтын арқауы емес пе? «Батыр Мәмбеттің өлер алдындағы сөзі» оптимизм мен өкініш тұтасқан дала батырларына ортақ психологиялық көңіл-күй ахуалын көз алдымызға елестетеді:

*...Қош, тұлпарым, болған талай ақ көбік,
Жатырмын мен көр зынданға шақ көніп.
Шауып-шауып бұралқы итке тастайды-ау
Қайран басты
Жүрген кеше бақ қонып!*

*Өтті-кетті жауға салған сүреңім,
Алмас қылыш сияқты еді-ау түр-өңім.
Тот-өкініш кеміреді
Көмейге
Шабынады оқ жыландай жүрегім!*

*Тіфә! Тіфә!
Қайда барсаң – бір өлім!
Жүнін жұлған қырғи – менің жүрегім.
Ұмытыла ма асыл дұғам,
Арманым!
Ұмытыла ма қанды майдан,
Жыр елім! [2, 31-б.].*

«Куман жыры» – қазақ өркениетінің жауынгер-батыр бабалар тұлғаларының көркем жинақтаумен өрнектелген монологы-сыры. Лирикалық қаһарманның асқақ айбынды монологы – қазіргі және болашақ ұрпақты рухани жаңғырта сілкіндіріп, серпілтетін сарынымен әсерлі:

*Уа, аруақ!
Бейбіт күннен өлмейді ер!
Жебедің бе,
Қан майданда жебей гәр!
Мейлі маған жасын лақтыр,
Жай таста!
Бас сауғалап көрген емен айқаста.
Бірінші боп жығылмаспын,
Жығылсам,
Жығылармын ең ақырғы шайқаста [2, 38-б.]*

Ұлы Дала Елі – Қазақ Елінің рухани құндылықтарын жасаушы халықтың қорғаушылары – батыр бабаларымыз. Олжас ақынның азаматтық-қаһармандық рухты жырларындағы көркем бейнелеулермен мүсінделген арғымақ, тұлпарлар, алдаспан, семсерін жарқылдата жаумен шайқасқан батырлар, зеңгір көкте қалықтаған қырандар, кең-байтақ дала келбеті, т.б. – бәрі де қазақтың ұлттық дүниетанымына тән бояуларымен суреттелген. Олжастың батыр-ақын Махамбет Өтемісұлына арналған жеке өлеңдеріндегі көркем мағыналық бейнелеулерден қазақтың ұлттық-батырлық дәстүрін ұлықтаған өршіл ұстаным иелерінің келбетін елестетеміз:

*Қас жауыңды
Ел алдында жазықты
Жерге қағып жіберіпсің қазық қып.
Қайсар бопсың, бірақ сенің жырыңның
Ар жағында жатады бір нәзіктік.
О, даланың жолбарысы,
Көкжалы!*

Көкжал бәрі қай кезде де олжалы!
Өзіңнен бе?
Сөзіңнен бе?
Әйтеуір
«Сенен кепті, – дейді, – ханның ажалы»
Дұшпаныңнан қайтты кегің,
Қайтты есең.
Айтып сапсың ақиқатты,
Айт десе,

Қандай бақыт ақын болып туғаным,
Сені ақын деп білер ме едім әйтпесе! [2, 111-112-бб.]
«Махамбеттің өлер алдындағы ойы» атты өлең-дегі лирикалық қаһарманның жан ділі сырын психологиялық болжам сарынымен жырлау арқылы замандастарына өкпе-назын («Кешіре біл, ағайынды суысқан, ел бақыты – сен жымисаң, туысқан!» дегенде ғой, тұра тұрған болар ем тізгінімді шығармай-ақ уыстан. «Жайың барда ортаймайды, көлге сен. Ақын барда қартаймайды, елге сен. Сен тірі де – біз де тірі» дегенді айтпады олар, айтқанда олар өлмес ем!») да бүгінгі оқырманға мегзеулігімен жеткізген.

Батыр, ақын Махамбеттің романтикалық-реалистік тұтастықпен сомдалған дара тұлғасын Олжас ақын өлеңіндегі лирикалық қаһарманның ішкі монологымен бейнелеген:

Неткен жомарт,
Неткен батыр,
Ер еді!
Ер еліме мендей сарбаз керегі.

Зарлы әуенге жерік болсам,
Мен үшін
Оның өзін қуана айтып береді...
Көрген емен ешуақытта бастығып.
Елдің мұңын,
Елдің жоғын жоқтағам,
Көмейіме қойса да хан тас тығып [2, 145-б.].

Қорытынды. Шығармашылық ғұмырнамасы мен поэзиясындағы азаматтық-отаншылдық сарындары тұтастығы арқылы қазіргі қазақ өркениетінің көрнекті тұлғасы, мемлекет және қоғам қайраткері Олжас Омарұлы Сүлейменов Қазақстан Республикасының рухани жаңғырудағы жаңа тарихында да ұрпақтардың дүниетанымын өз туындыларымен байыта береді.

ӘДЕБИЕТТЕР

Қазақстан Жазушылары. XX ғасыр: Анықтамалық. – Алматы: «Ана тілі» баспасы ЖШС, 2004. - 291-292-бб.

Сүлейменов О. Әр күн – арайлы таң: Өлеңдер мен поэмалар / Ауд. Қ. Мырзалиев. – Алматы: Жазушы, 1986. 480 б.

REFERENCES

Qazaqstan Jazuşylary. XX ǵasyr: Anyqtamalyq [Writers Of Kazakhstan. XX century: a reference book] . – Almaty: Ana Tili publishing house LLP, 2004. pp. 291-292.

Süleimenov O. Ār kün – araily tañ [O. Suleimenov. Song Sun – araily Tan: poems and poems / AUD. “No,” I Said]. – Almaty: Writer, 1986. 480 P.

ЕЛ ТАРИХЫ – ШЕТ ТІЛДЕРДЕ

ГТАХР/IRSTI/МРНТИ: 03.20.00

Ерлан ЧЕРМУХАМБЕТОВ,
магистр философии, старший преподаватель,
Казахстанско-Российский медицинский университет,
e-mail: erlan_chen@mail.ru, Алматы, Казахстан

ПРОЦЕСС ВОЗРОЖДЕНИЯ ИСЛАМА

и формирование религиозной идентичности в независимом Казахстане

В статье рассматриваются актуальные проблемы мусульманского сообщества и формирование религиозной идентичности в условиях политических, социально-экономических и культурных трансформаций в Казахстане в рубеже XX–XXI веков. Так же показывается взаимодействие и связь ислама с национальными традициями и культурой, влияние государственной политики на внутрисламские процессы и течения, секуляризации на исламское сообщество в Казахстане.

Ключевые слова: ислам, религиозная идентификация, ревитализация, секуляризация, модернизация, возрождение.

Ерлан ЧЕРМУХАМБЕТОВ,
философия магистрі, аға оқытушы,
Қазақстан-Ресей медициналық университеті,
e-mail: erlan_chen@mail.ru, Алматы, Қазақстан

ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДІНИ БІРЕГЕЙЛІКТІ ҚАЛЫПТАСТЫРУ ЖӘНЕ ИСЛАМ ДІНІНІҢ ЖАҢҒЫРУ ҮДЕРІСІ

Мақалада XX–XXI ғасырлар тоғысындағы Қазақстандағы саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени қайта құрулар жағдайында мұсылман қауымының өзекті мәселелері және діни бірегейлікті қалыптастыру мәселелері қарастырылған. Сондай-ақ исламның ұлттық дәстүрлермен және мәдениетпен өзара әрекеттесуі мен байланысы, мемлекеттік саясаттың исламшілік процестер мен ағымдарға әсері, Қазақстандағы ислам қауымдастығына секуляризацияның әсері көрсетіледі.

Түйін сөздер: Ислам, діни идентификация, жандану, секуляризация, модернизация, жаңғыру.

Yerlan CHERMUKHAMBETOV,
Master of Philosophy, Senior Lecturer,
Kazakh-Russian Medical University,
e-mail: erlan_chen@mail.ru, Almaty, Kazakhstan

THE PROCESS OF THE REVIVAL OF ISLAM AND THE FORMATION OF RELIGIOUS IDENTITY IN INDEPENDENT KAZAKHSTAN

The article deals with the urgent problems of the Muslim community and the formation of religious identity in the context of political, socio-economic and cultural transformations in Kazakhstan at the turn of the 20th-21st centuries. It also shows the interaction and connection of Islam with national traditions and culture, the impact of state policy on intra-Islamic processes and trends, secularization on the Islamic community in Kazakhstan.

Key words: Islam, religious identification, revitalization, secularization, modernization, revival.

Введение. В конце 1980 – начале 1990-х гг. отмечается взлет того, что и было впоследствии названо «исламским возрождением» в Центральной Азии (по нашему мнению, правильнее было бы использовать термин «ревитализация религии», т.е. возвращение жизни религии). Исламская вера и связанные с ней традиции, как важные элементы национальной идентичности начали свое возрождение и на Северном Кавказе, в Азербайджане, в Поволжье, Крыму, в Татарстане и других регионах бывшего СССР [1, с. 147-148]. Сформировалась целая совокупность теоретических концепций [2, с. 16-17]. Исследователи указывали, что общей предпосылкой, подготавливавшей этот взлет интереса к религии, явились мощные общественно-политические процессы, которые влияли на многие стороны жизни общества [3, с. 8]. Немаловажную роль здесь сыграли годы перестройки и последствия распада СССР, вкупе с обретением независимости бывших союзных республик, позволившей через короткий промежуток времени соединить духовно-культурные ценности со своим народом, формируя постепенно в новых условиях этническое и религиозное самосознание. В этот период религиозные деятели поддержали перемены, порожденные инициативами М.С.Горбачева по перестройке общества. Стали возрождаться мечети и храмы. Число верующих стало постепенно расти. Особенно возросло их количество после принятия 15 января 1992 г. Закона Республики Казахстан «О свободе вероисповедания и религиозных объединениях», в котором было гарантировано право на свободу вероисповедания (ст. 1), равенство граждан Республики Казахстан, независимо от их отношения к религии (ст. 3), запрет на организацию политических организаций религиозного характера и т.д. [3, с. 161-162]. Данный Закон отразил значительные перемены в государственном регулировании религиозной сферы в новых социально-экономических и общественно-политических условиях. Новое законодательство устанавливало равенство всех религий перед законом, право граждан определять свое отношение к религии. Провозглашался принцип невмешательства государства в дела религиозных объединений.

Материалы и методы. В целях реализации цели и задач исследования были использованы методы социологического исследования: метод анализа документов, опрос, контент анализ, метод фокус групп, а также методы сравнительно-историческая методология, компаративистский и структурно-функциональный анализ.

Анализ и результаты исследования. Казахстане была создана сеть исламского образования, куда

Results of research and discussion. According to the first research method, the following results were obtained. Most of the issues (80%) were actively discussed among the students. These questions were mainly about the concepts, components, conditions for organizing a healthy lifestyle. And the rest of the questions (20%) had more in-depth information about lifestyle categories and turned out to be more difficult to talk about. Summarizing the result of the group conversation, we can assume that students are more informed and have basic knowledge of a healthy lifestyle. Analyzing the conversation, one cannot help but pay attention to the psychological phenomenon of collective coherence, where active participants put forward their opinions and others support them. But this is also in favor of our study, since there is an interchange or mutual formation between students.

The method of analysis of students' creativity was carried out through independent work of students on the topic of new methods of promoting a healthy lifestyle among student youth. Many propaganda options were repeated, but there were still creative ways to instill a healthy lifestyle among students. Here it was important not what solutions they offer, but how they will work to solve this problem. Synthesis of the results of independent work of students showed that almost all N=94.5% of respondents know about the basic methods of promoting a healthy lifestyle and are ready to apply them for themselves and others. The remaining N=5.5% students of small groups were not active enough in presenting even the basic methods of promoting healthy lifestyles. But here it is necessary to take into account various factors that affect each individually or in group work, the psycho-physiological characteristics of students. That is, this could not mean that a small part of the students do not know anything at all. Later, interviews were held with them to analyze the results of joint work. The students explained the reason for their inactivity by the unwillingness to repeat the propaganda methods already voiced, and they were able to come up with new ones because there were not enough resources.

According to the results of the survey to the question "What is the reason for a healthy lifestyle in the first place for you?" 46% answered - no bad habits, 33% - proper nutrition, 19% - good sleep and daily routine, 2% - found it difficult to answer. To the question "What are considered bad habits of a person?" 68% - abuse of alcohol and tobacco products, 20% - malnutrition, 12% - irregular physical labor.

According to the answers to the above questions, it can be seen that among young people the problem of alcoholism and smoking is relevant as bad habits that harm the body. But proper nutrition also does not lag behind in importance among students, although many students, according to the stereotype, eat improperly.

To the open question "What needs to be done to make a healthy lifestyle a new trend among students?" answers vary in content, but can be synthesized as follows: 39% - at the state level to create conditions for an affordable healthy life (free gyms, a balance of work and leisure, a city for a healthy lifestyle), 27% - at the university level (fitness rooms, cafes with the right nutrition, more sports activities), 23% - at the personal level (self-development, self-actualization), 11% - at the family level (friendly atmosphere, correct role models, social security of the

family.) The answers to the last question already showed firm views on the problems formation of a healthy lifestyle among students by the respondents. Perhaps this can be explained by the fact that the respondents themselves are experiencing this problem now, or they were sufficiently informed and critically thinking by virtue of the first two research methods.

Conclusion. A healthy lifestyle of a student depends on his value orientations, worldview, social and moral experience. The values developed by the public consciousness do not always coincide with the values of a student's healthy lifestyle. The personality of a student has a real opportunity to choose forms of life activity, types of behavior that are significant for her, having a certain autonomy and value, each student forms his own way of acting and thinking. The personality is able to influence the content and nature of the way of life of the group, the collective in which it is located.

Responsibility for health in a healthy lifestyle is formed in a student as part of a general cultural development, manifested in the unity of stylistic features of behavior, the ability to build oneself as a person in accordance with one's own ideas about a spiritually, morally and physically full life. Our study shows that students, as well-formed individuals, know the relevance of a healthy lifestyle and how to adequately promote it at different levels of society. And we hope this will soon become a real new trend among young people.

REFERENCES

Vilensky M.Ya. Physical culture and a healthy lifestyle of a student: textbook. allowance / M. Ya. Vilensky. - M. : KnoRus, 2016. - 240 p.

Zhuravskaya N.V. Problems of Formation of Motivation for a Healthy Lifestyle among Students of a Non-Sports Higher Educational Institution. Uchenye zapiski universiteta imeni PF. Lesgaft. - 2009. - No. 12. - P. 49-52.

Fundamentals of psychological and pedagogical diagnostics: textbook / M.M.Dudina, F.T.Khamaturov. Ekaterinburg: Publishing house Ros. state prof.-ped. un-ta, 2016. 190 p.

Herzen Yu.A. Methods of pedagogical research (spravochnik.ru).

Nind M., A. Curtin, and K. Hall. Research Methods for Pedagogy. London: Bloomsbury, 2016. 216 p.

ӘДЕБИЕТТЕР

Виленский М.Я. Дене шынықтыру және студенттің салауатты өмір салты: оқу құралы. жәрдемші / М.Я. Виленский. - М.: KnoRus, 2016. - 240 б.

Журавская Н.В. Спорттық емес жоғары оқу орны студенттерінің салауатты өмір салтына деген ынтасын қалыптастыру мәселелері. Ученые записки университета имени ҚФ. Лесгафт. - 2009. - No 12. - 49-52 б.

Психологиялық-педагогикалық диагностика негіздері: оқу құралы / М.М.Дудина, Ф.Т.Хаматуров. Екатеринбург: Рос. мемлекеттік баспа үйі, пед. ун-нің проф., 2016. 190 б.

Герцен Ю.А. Педагогикалық зерттеу әдістері (spravochnik.ru)

Нинд, М., А. Кертин және К. Холл. Педагогиканың зерттеу әдістері. Лондон: Блумсбери, 2016. 216 б.

ТАНЫСЫҢЫЗ ЖАҢА КІТАП!

АСҚАР СӘБИТОВТІҢ ЖАҢА КІТАБЫ ЖАРЫҚ КӨРДІ



Таяуда «Үш қиян» баспасынан ақын, жазушы, журналист, аудармашы Асқар Сәбитовтің «Зайсанның жайсаң балуандары» атты жаңа кітабы жарық көрді. Оған қаламгердің Зайсан бапкерлері мен балуандарының өмірі мен күрес жолына арналған жүзден астам мақалалары мен ой толғаулары енген екен.

Автор тек Зайсан бапкерлерімен, балуандарымен шектеліп қалмай, әйгілі Қажымұқан, Байғозы, Бақыт Одынайұлы сынды балуандардың да өмірінен сыр шертіп, жекеленген спорт мектептерінің тарихына да үңіліпті. Марқұм Асқар Сәбитов осы кітабына мәлімет жинау мен жазуға соңғы бірер жылын толық арнады. Алматыдағы, Зайсандағы бапкерлер мен балуандардың басын бірнеше рет қосып, әбден ақылдасып, әрқайсымен жеке-жеке сөйлесіп, мәліметтерін түртіп алып, жүзден астам мақалалар мен ой толғауларды бас алмай отырып жазып шықты. Қазақстанның түкпір-түкпірін аралап, қалған зайсандық бапкерлер мен балуандарды түгендеді. Барлығын бітіріп, баспаға тапсырған соң көп ұзамай өзі де бақилық болды. Кітапқа Зайсан ауданының әкімі Серік Зайнолдин алғысөз жазыпты. Автор осы кітабына енген шығармаларындағы ұлттық бояуға бай, жаны жайсаң кейіпкерлері арқылы өз оқырмандарын ізгілікке, жасампаздыққа, спортты сүйеге үндейді.

Редакция.

АЛМАТЫ ҚАЛАЛЫҚ МҰРАҒАТШЫЛАРЫ ЖЕЛТОҚСАНШЫЛАРМЕН ЖҮЗДЕСТІ

1986 жылы 17-18 желтоқсан аралығында Алматыдағы Республика алаңында қазақ жастарының КСРО үкіметінің отаршылдық, әкімшіл-әміршіл жүйесіне қарсы бас көтергені мәлім. Биыл қазақ халқы тарихындағы осынау аса күрделі де күрмеулі оқиғаға 35 жыл толып отыр. Бұл қылышынан қан тамған Қызыл империяның озбырлығына қарсы тұрған қазақтың қайсар жастарының бостандыққа, тәуелсіздікке ұмтылысы еді.

Тәуелсіздіктің 30 жылдығы қарсаңында Алматы қаласының Мемлекеттік архивінің галерея залында «Тәуелсіздіктің жалынды жастары» атты кездесу өтті. Оған Алматы қаласында тұратын желтоқсаншылар мен оқиға куәгерлері, журналистер және архив қызметкерлері қатысты. Басқосуға қатысушылар ең әуелі аты шулы оқиғаға арналған, архив қызметкерлері недәуір уақыты мен күштерін сарп етіп дайындаған көрмені тамашалады. Онда Алматы қаласының Мемлекеттік архивіндегі Алматы қалалық прокуратурасының №22 қор құжаттарынан 1986-1992 жылдардағы (тергеу жөніндегі құжаттар), алаңдағы оқиға көрінісі, оқиғаның өрбуі барысынан, алаңда желтоқсанға қатысушылар пайдаланған құралдардың суреттері, тергеу хаттамалары, күдікті ретінде

ұласты. Оны Алматы қаласы Мемлекеттік архивінің директорының орынбасары **А.Исалова** ашып, бас сарапшы **Л.Рахипова** жүргізіп отырды. Алғашқы сөзді аталған кітапты құрастырған әлеуметтану ғылымдарының кандидаты, доцент, көрнекті ұстаз **Қарабаев Шора Қалиұлы** алып, «Тәуелсіздікке жеткізген желтоқсандықтар» атты кітапты қалай құрастырғанына, қандай ұстанымдарды басшылыққа алғанына тоқталды. Іле-шала желтоқсаншыларға сөз кезегі тиіп, олар осынау қанды оқиғаға қалай қатысқанын, көтеріліс кезінде, кейінгі тергеу, қинау сәттерінде қандай сезімдерді бастан кешкенін баяндап берді. Желтоқсаншылардың бір бөлігі, әсіресе, қыздар жағы өз бастарынан кешкен қиын жайттарды айтқан кезде көз шараларына толған жасты ірке



ұсталған азаматтар құжаттарының көшірмелерінен, 327-қор құрушысы Хасен Қожа-Ахметтің, 369-қор құрушысы Жансая Сәбитованың, әлеуеттік қор құрушы Қалдыбай Әбеновтің жеке құжаттары және «Аллажар» фильмін түсіру барысындағы суреттер топтамасы жинақталған болатын. Жиналғандарды көрме құжаттарымен сарапшы **Г.Шойбекова** таныстырса, Архив қоймаларына **Г.Құрманжанова** мен **А.Имашова** экскурсия жүргізді.

Кездесу Мемлекеттік архивтің құжаттары негізінде құрастырылған «Тәуелсіздікке жеткізген желтоқсандықтар» атты кітаптың тұсаукесеріне

алмай, сүртіп тастап отырды. Жан-жүйкеңе салмақ салар бірыңғай ауыр естеліктер болып кетпес үшін ара-арасында П.Чайковский атындағы музыка колледжінің 4-курс студенттері **З.Қызырова мен Қ.Халиева** сынды қарындастарымыз жетіген мен қобыздың сүйемелдеуімен дәстүрлі әндерді орындап, ел еңсесін көтеріп, серпілтіп отырды. Мұндай іс-шаралардың 35 жыл бұрынғы тарихтың қойнауына саяхат жасап, одан тағылым алып тұруға зор пайдасы тиері анық.

Әбділдабек САЛЫҚБАЙ.

ЕСТЕ ҚАЛҒАН ЕСТЕЛІК



Мен Желтоқсан көтерілісінің қаһарманы емеспін. Алайда қаһарлы Желтоқсанның ызғарын сезбедім дей алмаймын. Сондықтан осыдан бақандай отыз бес жылғы көтеріліс туралы азмаз естелік айтсақ еш әбестігі бола қоймас...

Мен 1965 жылы 13 наурызда Талдықорған облысы Киров ауданы Бостаған ауылында шаруа отбасында дүниеге

келдім. Желтоқсан көтерілісі кезінде, нақтырақ айтсам, 1985-1990 жылдары Алматы қаласындағы Қазақ мемлекеттік ауылшаруашылық институтының агрономия факультетінде оқыдым. Біздің факультеттің студенттері ол кезде Алматы қаласындағы Фурманов көшесінің бойында орналасқан №8 жатақханада тұратын. Ол Орталық алаңға жақын орналасқан.

1986 жылдың 16 желтоқсанында Қазақстан ССР Компартиясының бірінші хатшысы болып Колбиннің тағайындалуына байланысты Алматы қаласында жастардың билік шешімімен келіспейтінін білдірген бейбіт шеруі басталды. 17 желтоқсан күні студенттерді бөліп-бөліп, әр оқу корпустарына кезекшілікке шығарды. Алайда, сағат 12.00 шамасында шеруге қатысушылардың оқу корпустарына баса-көктеп кіруіне байланысты кезекшілікте тұрған студенттерді таратты. Кезекшіліктен қайтып келе жатқан курстастарым жатақханаға кіріп кетті, ал мен Орталық алаңға тарттым.

Келе жатып, сол кездегі «Океан» дүкенінің алдында тұрған митингке қатысушылардың қатарына қосылдым. Шеруді басу үшін автокөлікпен әскер қатарындағы жауынгерлерді алаңға әкеле бастады. Митингке қатысушылардың біразы қолдарына тас алып автокөліктердегі әскерилерге лақтыра бастады, олардың ішінен Мусин Амантай деген бір бөлмеде тұратын досымды көріп қалып соларға қарай жүгірдім. Алайда, автокөлікпен келген әскерилер «Океан» дүкенінің алдында тұрған митингке қатысушыларды қоршап алып, соққыға жыға бастады. Митингке қатысушылар жан-жаққа қаша бастады. Сарбаздардың бірі басымнан саперлық күректің қырымен ұрып құлатты, орнымнан тұруға ұмтылғанда әлдекім аузыма хром етігімен бір тепті. Басымнан және аузымнан қан кетіп, әскерилердің қолына түстім. Осы күнге дейін басымда, ернімнің ішкі жағында тыртықтар бар. Отбасыма 1986 жылғы 16 желтоқсанынан естелік деп қоямын.

Милиционерлер мен әскерилер «Океан» дүкенінің алдынан алаңдағы Трибунаға дейін жасанды дәліз (коридор) құрып, қолға түскендерді қолдарымен бастарын ұстатып, дәлізбен жүгірте бастады. Жүгіріп бара жатқанымызда екі жақтан арқамыздан арнайы келдекпен соққылады. Мінбер жаққа жеткенде қалтамыздағы бар құжаттарды сыпырып алып, қарға тізерлетіп, басымызды төмен қаратып, екі қолымызды желкемізге ұстатып қойып отырғызып қойды (сол күндері қар қалың болған). Мінбердің маңына қолға түскендер көп жиналды. Ту сыртымызда тұрған милиционерлер шетте отырып қалғандардың арқаларынан, бүйірлерінен тепкіледі.

Екі сағаттан астам уақытта жиналғандарды 8-10 адамнан шақырып, автозактарға отырғызып қала сыр-

тына, сол кездегі Алматы Малдәрігерлік институтының подхозының егістік алқабының сыртын айналдыра тастап кетті. Автозактан түскенде сырт киімімізді көтеріп, шалбарымыздың ауын пышақпен кесіп, қоя берді. Егістік алқаптың ортасына біраз жігіттер жиналды, жігіттердің біреуі «Ауыл шаруашылық институтының алаңға жақын орналасқан жатақханаларында тұратындарың ол жаққа бармаңдар, өйткені көптеп келген әскерилер жатақханалардан студенттерді алып кетіп жатыр» деді.

Кейіннен білгеніміз 17 желтоқсан күні түс қайта Алматыда қолға түскендерді қамайтын орын болмағандықтан, сыртқа шығарып ұрып-соғып далаға тастаған деп айтады.

Егіс алқабынан шығып, сол кездегі 9-шы автобуска отырып, Бауман-Сәтбаев мекен-жайында тұратын Жотабаров Асқар, Тынысбаев Қайрат деген жерлестерімнің жалдамалы пәтеріне бардым. Кешкісін сол кезде Алматы медицина институтының 3-курсында оқитын Тынысбаев Әсет деген кластасым інісіне келген еді, менің жарақатымды көріп, сол жерде зарарсыздандырып, таңып берді. Сол кездегі Әсеттің айтқаны ауруханаларға, поликлиникаларға барып керек емес, ол жерде тергеушілер келіп жаралыларға іс қозғауда деді. Әсет үш күн пәтерге келіп басымды емдеп, қайта таңып беріп жүрді. **Әсеттей абзал азаматқа сол кездегі жасаған жақсылығы үшін осы күнге дейін алғысым шексіз!**

19 желтоқсан күні кешкісін 8-жатақханаға келдім. Курстастарым мен және Мейрамбек, Есенбек деген курстастарымыздың екі-үш күн келмегенімізге қатты алаңдаған екен.

Мен 17 желтоқсан күні ұсталғанда жатақханаға кіретін рұқсат қағазым (пропуск) қалтамадан шыққан еді. Кейін сол құжатпен Құқық органдары (қалалық Прокуратура, Ұлттық қауіпсіздік комитеті) мені тауып алып, 2 айдан астам уақыт тергеп, әбден ығыр қылды.

Алайда, алаңға барғанымды, митингке қатысқанымды мойындамадым. Сабақтан келе жатқанда жатақхананың жанынан ұстап әкетті деп өтірік айттым. Ол сөзімді жатақханада тұратын курстастарым жиналыстың Хаттамасымен растап, жақсы мінездеме жазып берді.

Әр кезде құқық орындары мені, курстастарым Есенбек, Мейрамбекті шақырған кезде бір күн бұрын кеште курстастар жиналып, жатақханада кімнің қалай түскені туралы алдын ала бір ауыздан айтамыз деп келіскенбіз. Олардың ішінде маған көп кеңес барған Мусин Амантай деген бір бөлмеде тұратын досым! **Курстас достарыма және Мусин Амантай досыма сол кезде мені қолдап көмек көрсеткендеріне, осы күнге дейін алғысым шексіз!**

Кейін, құқық орындары құжаттарды Институттың қарауына жіберді. Институт ректоратында желтоқсан митингісіне қатысып, қолға түскен студенттердің мәселелері қаралды. Басқа факультет студенттерінің біразы оқудан шығып қалды. Алайда, Агрономия факультетінің студенттері сол кездегі факультет деканы Жұмабеков Ермек Жұмабекұлының және оның орынбасары Нұрғасенов Тәкен Нұрғасенұлының арқасында институттан шығарылмай, оқу орнымызда қалдық. Олардың ішінде мен және курстастарым Есенбек, Мейрамбек бар.

Осы күнге дейін сол кездегі декан Жұмабеков Ермек Жұмабекұлына және оның орынбасары Нұрғасенов Тәкен Нұрғасенұлына алғысым шексіз!

Курстастарымның және жоғарыда аты аталған ұстаздарымыз арқасында институтты уақытында бітірдім. Қазір Алматы қаласының Мемлекеттік архивінен тергеу кезіндегі түсірген фотосуретім және жатақханаға кіретін құжатым табылып жатыр.

**Марат СӘРСЕБЕКОВ,
Желтоқсан көтерілісіне қатысушы.**

FTAHP/IRSTI/MPHTI: 03.01.45, 03.20

Зият АЙТКЕНОВ¹, Алтын АХМЕТОВА,²¹тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, e-mail: ziyat15@mail.ru,²магистрант, e-mail: bolik_akhmetova@mail.ru^{1,2}Павлодар педагогикалық университеті, Павлодар, Қазақстан

ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНДАҒЫ ТАРИХИ ШЫНДЫҚ және ғылымның дамуын тарих сабағында оқыту

Бұл мақалада біз Қазақстан тарихы пәнінен Ұлы Отан соғысының бастауындағы тарихи шындық және ғылымның дамуы тақырыбында тарих сабағында жаңа әдістер қолдана оқытуға баса назар аударып отырмыз. Қазіргі жаңаша білім беруде инновациялық технологияларды қолдану қажеттілігі өте зор. Мұндай технологияларды пайдалану арқылы оқушыларға қазіргі заман талабына сай білім беру үдерісінде біршама мағлұматты меңгертуге болатыны дәлелденеді.

Маманның дамуы, өз кәсібін терең түсінуі белгілі бір кәсіптік салаға бағытталған білім, іскерлік пен дағдыны жаңаша түрде меңгеруді қажет етеді. Аталған тақырып бойынша білім берудің сапасын қамтамасыз етіп, оны жүзеге асыратын басты тұлға мұғалім болса, оқыту теориясы мен тәжірибесі көрсетіп тұрғандай болашақ мұғалімдердің кәсіптік және тұлғалық өсуінің едәуір әлеуеті жоғары мектептегі білім беру мазмұнын инновациялық технологиялар арқылы меңгеру нәтижесі болып келеді.

Кілт сөздер: Отан, соғыс, ғылым, әдістер, инновация, маман, тарих, мәдениет.

Зият АЙТКЕНОВ¹, Алтын АХМЕТОВА,²¹ кандидат исторических наук, доцент, e-mail: ziyat15@mail.ru,² магистрант, e-mail: bolik_akhmetova@mail.ru,^{1,2} Павлодарский педагогический университет, Павлодар, Казахстан

ИСТОРИЧЕСКАЯ ПРАВДА И РАЗВИТИЕ НАУКИ ВО ВРЕМЯ ВЕЛИКОЙ ОТЕЧЕСТВЕННОЙ ВОЙНЫ НА УРОКАХ ИСТОРИИ

В данной статье мы акцентируем внимание на изучении темы развитие науки в начале Великой Отечественной войны с применением новых методов на уроках истории. В настоящее время необходимость применения инновационных технологий в новом образовании огромна. С использованием инновационных технологий у учащихся возникает необходимость использовать их для овладения некоторыми достижениями в современном образовательном процессе.

Развитие специалиста, глубокое понимание своей профессии требует нового освоения знаний, умений и навыков, ориентированных на определенную профессиональную сферу. Основным лицом, обеспечивающим и реализующим качество образования по данной теме, является учитель, но, как показывает теория и практика обучения, значительный потенциал профессионального и личностного роста будущих учителей является результатом освоения содержания школьного образования посредством инновационных технологий.

Ключевые слова: Родина, война, наука, методы, инновации, специалист, история, культура.

Ziyat AITKENOV¹, Altyn AKHMETOVA²,¹ Candidate of Historical Sciences, Associate Professor, ziyat15@mail.ru,² Master's student, e-mail: bolik_akhmetova@mail.ru,^{1,2} Pavlodar Pedagogical University, Pavlodar, Kazakhstan

HISTORICAL TRUTH AND THE DEVELOPMENT OF SCIENCE DURING THE GREAT PATRIOTIC WAR IN HISTORY LESSONS

In this article, we focus on the study of the History of Kazakhstan and the development of science at the beginning of the Great Patriotic War with the use of new methods in history lessons. Currently, the need for the use of innovative technologies in new education is enormous. With the use of innovative technologies, students need to use them to master some achievements in the modern educational process.

The development of a specialist, a deep understanding of his profession requires a new development of knowledge, skills and abilities focused on a specific professional field. The main person providing and implementing the quality of education on this topic is the teacher, but, as the theory and practice of teaching shows, a significant potential for professional and personal growth of future teachers is the result of mastering the content of school education through innovative technologies.

Keywords: Homeland, war, science, methods, innovations, specialist, history, culture.

Кіріспе. Өзінің өмір сүруінің соңына дейін Германияға қарсы соғыстың сталиндік «сценарийі» және оның Қызыл Армия мен бүкіл кеңес халқы үшін қайғылы бастапқы кезеңінің себептері туралы азапты мә-

селе кеңес тарихнамасының соңына дейін «ақтаңдақ» болып қала берді. 1990 жылдардың аяғында бұл олқылықтың орнын толтыру үшін зерттеушілер көп еңбек сіңірді. Осы тақырыптағы пікірталастардың

алғашқы нәтижелерін қорытындылауға талпыныс жасалды.

Дауға қатысушылар арасындағы айқын келіспеушіліктерге қарамастан, И.В. Сталиннің 1941 жылы 22 маусым қарсаңында Германиямен қарулы қақтығысқа дайындалуы туралы бұл полемика мынаны көрсетті. Сталин мен Кеңес басшылығының алдағы соғыстың өзіндік «сценарийі» болғаны сөзсіз. Олар бұл соғысты жан-жақты қиратушы және шабуыл ретінде елестетті.

Дегенмен, кейбір зерттеушілер бүгінгі қол жетімді тарихи дереккөздерге сүйене отырып, Сталин Германияға қарсы «алдын алу» соғысын бастау үшін бірінші болып шабуыл жасағаны сөзсіз деп санайды. Бұл ретте Кеңес басшысы бұлтартпас басқыншылыққа жауды талқандауға әкеп соқтыратын күшті соққымен жауап беруді жоспарлады деген пікірмен келісуге болады. Өкінішке орай, жағдай мүлде И.Сталин ұсынғандай болмады, бұл 1941-42 жылдардағы Кеңес халқы мен Қызыл Армия үшін қайғылы жеңілістерге әкелді.

Зерттеушілердің назары 1941-1945 жылдардағы КСРО мен Германия арасындағы қарулы қақтығыстың әр түрлі аспектілері болып табылады. Соғыс басталған кездегі екі державаның әскерлері арасындағы күштердің тепе-теңдігі әлі де өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Ол бұрын қатаң түрде құпияланған және тарихшылар үшін қол жетімсіз мәліметтер ғылыми айналымға енгізілгеннен кейін бұрынғыдан да үлкен өзектілікке ие болды. Соңғы зерттеулер көрсеткендей, 1941 жылдың 22 маусымында немістер мен олардың одақтастары адам күші бойынша ғана басымдыққа ие болды (ол 1,3: 1 қатынасымен көрсетіледі), бірақ олар танктердегі Қызыл Армиядан 3 есе дерлік кем және жауынгерлік ұшақтарда 2 есе одан да көп болды [1].

Осының аясында мәселені Кеңес шекараларына жақын жерде жаудың шоғырланған әскерлері тек сан жағынан ғана емес, сонымен қатар кеңестік бөлімшелерден техникалық жағынан да жоғары болатындай етіп көрсетуге ұмтылу анахрониялық болып көрінеді.

Материалдар мен әдістер. Мақала жазу барысында осы мәселе бойынша зерттеу жүргізіп жүрген авторлар материалдары пайдаланылды. Зерттеудің методологиялық негізі таным және педагогикалық жалпы ғылыми принциптері болып табылады. Тарихилық принципті оқыту заңдарын және заңдылықтарын пайдалану әдістерін сипаттайды. Сондай-ақ, жинақтау, жүйелеу, салыстыра зерттеу, тарихи салыстырмалы әдістер қолданылды.

Талдау. Осы мақаланың өзектілігі соғысқа қарамастан, қазақстандық ғылымның белсенді дамып келе жатқандығына, Ұлы Отан соғысы жылдарында республикада Қазақ Ғылым академиясының (1945) құрылуына байланысты.

Білім сапасын бақылауға көп көңіл бөлініп, бастауыш сыныптарда, жетіжылдық білім беретін мектептерде, жалпы білім беретін мектептерде кәмілеттік аттестат енгізілді. Қырық үшінші жылдан бастап оқу базасын нығайту шаралары қолға алынды. Кешкі мектептер желісі кеңейіп, мектеп ғимараттарын қайтару шаралары жүргізілді. Мектептердегі, техникумдар мен жоғары оқу орындарындағы қазақ студенттерінің оқу ақысы алынып тасталады. Соғыс басталғанда елімізде 20 жоғары оқу орны мен 110 орта оқу орны болды. Соғыс жылдарында кадрларды белсенді дайындау жалғастырылды. Олардан басқа республикаға 20-дан астам жоғары оқу орындары

мен 16 техникалық оқу орындары эвакуацияланды. Эвакуацияланған жоғары оқу орындарының арасында мыналар болды: Мәскеу авиациялық институты, Ленинград сигнал беру және байланыс электротехникалық институты, Қырым медициналық институты, Украина мемлекеттік университеті. Соғыс жылдарында бұл оқу орындарынан 900-ден астам маман шықты.

Зерттеу нәтижелері. Кеңес Одағының фашистік Германиямен соғысы ғылым мен мәдениет қызметкерлері үшін ауыр сынақ болды. Әскери жағдай ғылымның одан әрі қарқынды дамуын белгілі бір дәрежеде тежеді. Дегенмен, оның соғыс уақытының шарттарымен қойылған міндеттерді орындауға байланысты кейбір бағыттары жеделдетілген қарқынмен дами бастады. Бұған Коммунистік партия мен Кеңес үкіметінің, КСРО ҒА президиумының ғылыми мекемелерді құруға, сондай-ақ білікті кадрларды дайындау мен толықтыруға үнемі назар аударғаны зор ықпал етті. 1942 жылы КСРО ҒА-ның Қазақ филиалында (ҚазФАН-да) аспирантура ұйымдастырылды. Соғыс жылдарында мұнда 237 адам оқыды, 63 адам докторлық және кандидаттық диссертация қорғады. КСРО ҚазФАН ғылыми және ғылыми-техникалық қызметкерлерінің саны 1940 жылы 152 болса, 1945 жылдың аяғында 864 адамға жетті. Олардың ішінде КСРО ҒА-ның 6 академигі мен корреспондент-мүшесі, 57 ғылым докторы, 184 кандидаты бар. КСРО ҒА ВАСХНИЛ Қазақ филиалының жүйесінде 600-ден астам ғылыми қызметкер, оның ішінде 34 ғылым докторы мен кандидаты қызмет атқарды. 1941 жылы КСРО ҚазФАН-да астрономиялық обсерватория ұйымдастырылды. Оны академик В.Г.Фесенков пен корреспондент-мүше Г.А.Тихов басқарды. 1942 жылы Тіл, әдебиет және тарих институты, Химия-металлургия институты, 1943-1945 ж.ж. Топырақтану және ботаника, зоология және аймақтық патология институттары құрылды. Кейіннен Химия-металлургия институты Химия институты және Metallургия және байыту институты болып екіге бөлінді. Тіл, әдебиет және тарих институты Тіл және әдебиет институты мен Тарих, археология және этнография институттары болып екіге бөлінді [2]. 1945 жылдың соңына қарай КСРО ҚазФАН-да 16 институт пен жеті сектор болды, ғылыми мәселелер кеңейе түсті. Ғылыми зерттеулерге бөлінген қаржы 11 есе өсті. 1945 жылдың соңына қарай Қазақстанда барлығы 75 ғылыми мекеме, лабораториялар мен станциялар болды.

1945 жылы қазанда КСРО үкіметі Қазақ Ғылым академиясын құру туралы шешім қабылдады. Бұл – республиканың мәдени өміріндегі маңызды оқиға, Кеңестік Қазақстан ғылымының дамуына Коммунистік партияның зор қамқорлығының жарқын дәлелі. Еліміздің батыс облыстарынан көшірілген ғылыми күштер Қазақстандағы ғылыми кадрлардың қалыптасуында және ғылымының өркендеуінде ерекше рөл атқарды.

Соғыс жылдарында республикада 20-дан астам ірі ғылыми-зерттеу институттары орналасты, олардың ішінде КСРО Ғылым академиясының Физиология институты, КСРО Ғылым академиясының Физика-механика институты болды. Елге көрнекті кеңес академиктері И.И.Мещанинов, А.И.Прасолов, А.С.Орлов, М.М.Завадский, корреспондент-мүшелер В.А.Догель, Б.М.Козо-Полянский, Н.Н.Баранский, А.Б.Думганский, А.М.Панкратова, С.Е.Малов, Е.Ф.Истрина келді. Майданды металл, көмір, мұнай және азық-түлікпен қамтамасыз етуде өзінің ең бай табиғи

ресурстары бар Қазақ КСР-і маңызды рөл атқарды. 1941 жылдың қыркүйегінде Орал ресурстарын жұмылдыру үшін КСРО Ғылым академиясының комиссиясы құрылып, ол өз қызметін еліміздің басқа да бірқатар шығыс облыстарына, соның ішінде Қазақстанға да таратты.

Республикада КСРО Ғылым академиясының президенті В.Комаров бастаған бір топ көрнекті кеңес ғалымдары жұмыс істеді. Комиссия Қарағанды көмір бассейнінің, Орталық Қазақстандағы мыс балқыту зауыттарының, Кенді Алтайдағы және республиканың оңтүстігіндегі полиметалл комбинаттарының, Ақтөбе ферроқорытпа зауытының, Орал-Ембі мұнай кәсіпшіліктерінің өндірістік қуатын одан әрі арттыру жолдарын әзірледі. Орталық Қазақстандағы қара металлургия жөніндегі комиссияның жұмыс істеп тұрған металлургия кәсіпорындарының өндірістік қуаттарын кеңейту туралы ұсыныстары республика үкіметіне ұсынылып, КСРО Мемлекеттік қорғаныс комитеті мен Мемлекеттік жоспарлау комитетіне жіберілді. 1942 жылы қазақ ғалымдары Қ.И.Сәтбаев Орталық Қазақстандағы ең ірі марганец кен орнының өнеркәсіптік кендерінің қорын есептеп, зерттеулерді аяқтады. Сол жылы Жезді кен орнынан марганец кендерін өндіру және Оралға жөнелту басталды. Үлкен Жезқазғанның байлығы зерттелді. Қ.И.Сәтбаев бастаған ғалымдар Орталық Қазақстанда ірі металлургиялық комбинат пен жаңа темір кен орындарының негізінде қуатты ферроқорытпа зауытын салу мүмкіндігін негіздеді [4]. КСРО ҚазФАН Геология ғылымдары институты мен Қазақ геология басқармасының экспедициялары (олардың саны 1941 жылы 48-ден 1944 жылы 130-ға дейін өсті) қара, түсті және сирек металдардың, металл емес шикізаттың кен орындарын, республиканың жанғыш пайдалы қазбалары, су және су энергетикалық ресурстарын анықтап, зерттеді. Тек 1943 жылы экспедициялар 25 мың шаршы км аумақты және 50-ден астам нысан зерттеді. Соғыстың соңына қарай сирек металдардың – вольфрамның, молибденнің және қалайының 500-ге жуық кен орны тіркелді, оның 150-і зерттелген және есепке алынған. Қарағандыдағы жаңа кен орындары жеделдетілген қарқынмен зерттелген. Екібастұзда егжей-тегжейлі барлаудың бірінші кезеңі аяқталды. 13 жаңа көмір кеніші салынды және пайдалы қазбалардың 20-ға дейін түрі, жаңа мұнай кен орындары ашылды.

Республиканың топырағы, өсімдік жамылғысы, фаунасы мен ландшафттық аймақтарын зерттеуге көп көңіл бөлінді. Химиктер Қаратау фосфориттерінен тыңайтқыштар алу технологиясының негізгі қағидаларын әзірледі, мұнайдың жергілікті түрлерін ұтымды өңдеу, сирек металдар алу технологиясын ұсынды. Олардың күш-жігерімен ғылыми мекемелерге ғана емес, сонымен қатар зауыттар мен фабрикаларға майданның тапсырыстарын орындауға қажетті бірқатар реактивтер мен химикаттарды өндіру жолға қойылды. Республиканың медицина ғалымдары Мәскеудің, Ленинградтың, Киевтің, Харьковтің көрнекті мамандарымен, ғалымдарымен бірлесіп отырып, барлық зерттеулерін Кеңес Армиясы жараланған жауынгерлерін емдеудің игі ісіне арнады [5]. ВАСХНИЛ-дің Қазақ филиалы, КСРО ҚазФАН-ның физиология және биохимия кафедрасы күздік және жаздық бидайдың жақсартылған сұрыптарын, бақша дақылдарының жаңа сұрыптарын және бау-бақша өсімдіктерін өсіру бойынша тәжірибелер жүргізді. Генетик ғалымдар Н.С.Бутарин, А.Есенжолов, А.Н.Жандеркин ауыл шаруашылығы жануарлары-

ның, негізінен, қойдың жаңа тұқымдарын өсірумен айналысты.

Білімнің әр түрлі салаларының ғалымдарын біріктіретін бірқатар арнайы кеңестер мен комиссиялардың құрылуы қорғаныстық маңызы бар мәселелерді тезірек әзірлеу үшін ғылыми күштерді тиімді пайдалануға мүмкіндік берді. 1941 жылы қазанда Қазақ КСР Мемлекеттік жоспарлау комитеті жанынан Ғылыми-техникалық кеңес және тұрақты жұмыс істейтін ғылыми-техникалық комиссиялар ұйымдастырылды. КСРО ҚазФАН төрағасы Қ.И.Сәтбаев ауыр өнеркәсіп комиссиясын басқарды, профессор М.И.Горяев жеңіл және тамақ өнеркәсібі жөніндегі комиссияның жұмысына жетекшілік етті. Кеңес 1941 жылдың қазанынан 1942 жылдың наурызына дейін соғыс жылдарында КСРО ҚазФАН химия, тау-кен-металлургия, жеңіл, тамақ өнеркәсібі мен көлігін дамыту бойынша экономикалық және қорғаныстық маңызы бар 148 маңызды халық шаруашылығы ұсыныстарын енгізді. Ауылшаруашылық және биологиялық бейіндегі жоғары оқу орындарының институттары мен кафедралары республиканың колхоздарымен, совхоздарымен тығыз байланыста болды. Эвакуацияланған ғылыми-зерттеу институттары жемісті жұмыс істеді. Сонымен, Украина КСР Ғылым академиясының Физикотехникалық институты атом ядросы физикасының, төмен температуралар физикасының, қатты денелердің, электромагниттік тербелістердің табиғатының мәселелерін зерттеді. 1941-1944 жж. Бурабайда математик С.Н.Бернштейн, физик Л.И.Мандельштам, химик Н.Д.Зелинский математика, тербеліс және радиотолқындардың таралу теориясы, сондай-ақ органикалық химия саласындағы ғылыми еңбектерін басып шығаруға дайындықты аяқтады, олар Мемлекеттік сыйлықтармен марапатталды. Республика экономистері КСРО ҒА Экономика институтының ғалымдарымен бірлесіп Қазақстанның соғыс жылдарындағы еңбек ресурстарына зерттеу жүргізді. Ұлы Отан соғысы орыс және біздің еліміздің басқа халықтарының тарихына үлкен қызығушылық тудырды. Тарихшылар Ұлы Отан соғысының материалдарын жинап, зерттеп, түрлі ғылыми еңбектер мен зерттеулерді дайындап, жариялай бастады.

1943 жылы Қазақстан ғылымы мен мәдениеті тарихына қосылған маңызды үлес болған «Қазақ КСР-інің ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі тарихы» жарық көрді. Партиялық баспасөз кітапта біршама өрескел қателер болды, атап айтқанда, өткен феодалдық өмір идеализацияланған деп сынады. Қазақстан Компартиясы (большевиктер) Орталық Комитеті жанындағы Партия тарихы институты Қазақстан еңбекшілерінің революциялық қозғалысуы қатысуы, республикалық партия ұйымының дамуы мәселелерін зерттеді. Институт В.И.Лениннің «Социалистік Отанға қауіп төніп тұр», «Пролетарлық революцияның әскери бағдарламасы», «Соғыс және революция», «Неміс және неміс емес шовинизмі туралы» және т.б. еңбектерін қазақ тіліне аударды. Қазақстан ғалымдары халық арасында ғылыми және саяси білімді белсенді түрде насихаттап, бұқара нәсілшілдіктің мисантроптық идеологиясын әшкереледі. 1942 жылы қазан айының басында Алматыда өткен жиналыста республика ғалымдарының антифашистік бюросы құрылды [3]. Қазақстан ғалымдарының ғылымды дамытуға сіңірген зор еңбегі ескеріліп, 75 көрнекті ғалым мен 126 инженер КСРО ордендерімен және медальдарымен марапатталды. Геология ғылымы саласындағы ерекше еңбегі үшін Мемлекеттік сыйлықтармен Қ.И.Сәтбаев, Е.И.Антоновский, Н.С.Грей-

вер, И.М.Маш-каре, А.А.Коноплянецв және т.б.

Қорытынды. Осының бәріне қарамастан Кеңес Одағы қолда бар күштер мен ресурстарды шебер пайдалана отырып, фашистік агрессияға тойтарыс бере алатындай материалдық және рухани әлеуетке ие болды. Алайда, елдегі саяси және әскери басшылықтың қате есептеулері мен қателіктері соғыстың бірінші кезеңіндегі ең сорақы сценарийге әкелді. Бұл өткеннің ащы беттерін әшекейленбей оқытын кез келді.

Мақаланың соңына кіші сабақ жоспар ұсынсақ:

«Фашистік Германияны КСРО-ға шабуылға дайындау және Ұлы Отан соғысының басталуы» (Проблемалық оқыту әдістерін қолдану).

Сабақтың мақсаты: Студенттерге фашистік Германияның КСРО-ға шабуылға қаншалықты мұқият дайындалғанын, фашистік басшылықтың қандай факторларды ескергенін және ақырында оның жоспарларына не кедергі болғанын көрсетіңіз.

Сабақтың мақсаттары: Білімділік – оқушылардың Германия мен КСРО-ның соғысқа дайындығы, Ұлы Отан соғысының бастапқы кезеңі туралы нақты тарихи түсініктерін қалыптастыру, осы кезеңдегі Қызыл Армияның сәтсіздіктерінің себептерін ашып, Гитлерлік соғысқа не кедергі болғанын көрсету; «Барбаросса» және «Ост» жоспарларын қарастыру, «соғыс», «біртүрлі соғыс», «әділ және әділетсіз соғыс», «найзағай соғысы» және т.б. ұғымдарын қалыптастыру жұмыстарын жалғастыру.

Тәрбиелік – оқушылардың бойында отансүйгіштік қасиеттерді, ең қиын жағдайда Отанының бостандығы мен тәуелсіздігін қорғаған ата-бабаларының ерлігіне мақтаныш сезімін, фашизмге бірлесіп қарсы шыққан басқа халықтарға құрмет пен алғыс сезімін қалыптастыру, кез келген Томастағы тоталитаризм өз мәселелерін зорлық-зомбылық жолынан басқаша шешуге, апатты қателіктер мен қате есептеулерге жол бермеуге қабілетсіз жүйе ретінде.

Дамытушылық – оқушыларды оқытылатын материалды талдау мен синтездеуге, сабақ барысында қойылған проблемалық тапсырмаларды шешуге тар-

ту, мұғаліммен әңгімеден аралық қорытындылар мен қорытындылар жасай білуді дамыту:

Сабақтың жабдығы: Сабақта «Екінші дүниежүзілік соғыс» қабырға картасы, атластар картасы қолданылады.

Сабақтың түрі: проблемалық оқыту әдістерін қолдана отырып, жаңа материалды меңгерту сабағы.

Жоспар: жаңа тақырыпты меңгеруді эвристикалық әңгіме барысында оқушылардың өздері қалыптастырады.

Уақыты: тақырып екі сабақта оқытылады, сондықтан қос сабақты өткізген жөн.

Сабақтың барысы: төмендегі кестеде көрсетілген. Проблемалық оқытуды пайдаланған кезде сабақтың әр сәтіне жұмсалған уақытты анықтау қиын болғандықтан, бұл график шығарылады. Бірақ бұл мұғалімнен дер кезінде қажетті түзетулер енгізу үшін сабақтың барысы мен қарқынына ерекше назар аударуды талап етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Медведев Р. За ценой не постоим // Аргументы и факты, № 8, 2004.
2. Итоги Всесоюзной переписи населения 1959 года. Казахская ССР. - М., 1962. - С.103.
3. История индустриализации Казахской ССР. Т.2. А., 1967. С.306-312, 400-401.
4. Библиотечное дело в Казахстане 1918-1945 гг. Сб. документов и материалов. - А., 1990. С.176.
5. Казахстан за 40 лет. Стат. сборник. С.460.

REFERENCES

1. Medvedev r. бага úshin biz turmamyz / / dálelder men faktiler, № 8, 2004.
2. 1959 jylgy Búkilodaqtyq halyq sanagynyń qorytyndysy. Qazaq KSR. - M., 1962. - B.103.
3. Qazaq KSR indýstriandyry tarıhy. T. 2. A., 1967. B. 306-312, 400-401.
4. Qazaqstandagy kitapshana isi 1918-1945 jı. - A., 1990. 176 b.
5. Qazaqstan 40 jyl ishinde. Stat. jinagy. 460 b.

ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ – ОРТА МЕКТЕПТЕ

II ТОҚСАН БОЙЫНША ЖИЫНТЫҚ БАҒАЛАУҒА АРНАЛҒАН ТАПСЫРМАЛАР

Ләззат ЖҰМАБЕКОВА,
№163 орта мектеп мұғалімі, ҚР Білім беру ісінің
құрметті қызметкері, «педагог-шебер»

№1 БЖБ «Қазақстанда кеңестік биліктің орнығуы» бөлімі бойынша жиынтық бағалау.

Тақырып: Қазақстан азаматтық қарсыластық жылдарында Қазақстандағы ұлттық автономиялар.

Оқу мақсаты:

8.3.1.2 ХХ ғасырдың басындағы Қазақстандағы қоғамдық-саяси процестерге баға беру;

8.3.1.6 Қазақстанда құрылған ұлттық автономиялардың маңыздылығына баға беру;

8.1.2.1 Қазақ зиялыларының қоғамдағы рөлі мен қызметін талдау.

Бағалау критерийі.

Білім алушы: ХХ ғасырдың басындағы Қазақстандағы қоғамдық-саяси процестерге баға береді;

Қазақстанда құрылған ұлттық автономиялардың маңыздылығына баға береді;

Қазақ зиялыларының қоғамдағы рөлі мен қызметін талдайды.

Ойлау дағдыларының деңгейі: Қолдану, жоғары деңгей дағдылары.

Орындау уақыты: 20 минут.

№1-тапсырма: Қазақстанда Кеңес өкіметінің орнауының ерекшеліктері мен қиындықтарын көрсетіңіз.

1.Ерекшеліктері	1.Әлеуметтік-экономикалық алғышарттарының жоқтығы мен әлеуметтік-экономикалық мешеулік.
	2.Патриархалды-феодалдық қатынастардың үстемдігі.
2.Қиындықтары	3.Кеңес үкіметінің бейбіт және қарулы күрес жолымен орнауы.
	4.Кеңес үкіметінің алдымен темір жол бойындағы ірі қалаларда орнауы.
	5.Жұмысшы табының әлсіздігі мен ұлтаралық қатынастардың күрделілігі.
	6.Ұлт-азаттық және аграрлық қозғалыстың пролетариат диктатурасын орнату жолындағы күреспен ұштасуы.
	7.Контрреволюцияның күшті әлеуметтік негізі.

Дұрыс жауабы: 1-3, 4, 6; 2-1, 2, 5, 7.

№2-тапсырма. «Үш жүз» партиясына қатысты 2 деректі көрсетіңіз.

1.Партияның негізін қалаған М.Әйтпенев.
2.Партия 1917 жылдың қазан айынан 1918 жылдың наурыз айына дейін өмір сүрді.
3. Партия көшбасшыларының бірі Ә. Бөкейханов.
4.Большевиктердің сенімді одақтасына айналды.
5.Партияның өз баспасөз орталығы болды.

№3-тапсырма. Түркістан автономиясына қатысты 3 деректі көрсетіңіз.

1.1917 жылғы қараша айында құрылды.
2.1917 жылғы ақпан айында құрылды.
3.М. Тынышбаев, М. Шоқай басқарды.
4.1918 жылы сәуірде Түркістан АКСР-і жарияланды.
5. Орталығы Семей қаласы болды.

№4-тапсырма. Алашорда автономиясының төрағасын көрсетіңіз;

Алашорда автономиясының қайраткерлері және олардың қызметі туралы жазыңыз.

Бағалау критерийі	№ тапсырма	Дескриптор	Балл
Білім алушы			
Қазақстанда кеңес өкіметінің орнауының ерекшеліктері мен қиындықтарын сәйкестендіреді.	1	1.Әлеуметтік-экономикалық алғышарттарының жоқтығы мен әлеуметтік-экономикалық мешеулік.	1
		2.Патриархалды-феодалдық қатынастардың үстемдігі.	1
		3.Кеңес үкіметінің бейбіт және қарулы күрес жолымен орнауы.	1
		4.Кеңес үкіметінің алдымен темір жол бойындағы ірі қалаларда орнауы.	1
		5.Жұмысшы табының әлсіздігі мен ұлтаралық қатынастардың күрделілігі.	1
		6.Ұлт-азаттық және аграрлық қозғалыстың пролетариат диктатурасын орнату жолындағы күреспен ұштасуы.	1
		7.Контрреволюцияның күшті әлеуметтік негізі.	1
«Үш жүз» партиясына қатысты 2 деректі көрсетеді.	2	«Үш жүз» партиясына қатысты 1-деректі көрсетеді.	1
		«Үш жүз» партиясына қатысты 2-деректі көрсетеді.	1
Түркістан автономиясына қатысты 3 деректі көрсетеді.	3	Түркістан автономиясына қатысты 1-деректі көрсетеді.	1
		Түркістан автономиясына қатысты 2-деректі көрсетеді.	1
		Түркістан автономиясына қатысты 3-деректі көрсетеді.	1
Алашорда автономиясының төрағасын көрсетеді. Алашорда автономиясы қайраткерлері және олардың қызметі туралы жазады.	4	1. Алашорда автономиясының төрағасын көрсетеді.	1
		2.Алашорда автономиясы қайраткерлері және олардың қызметі туралы жазады.	2
Барлығы		15	

Қызылорда облысы, Жанакорған ауданы.

ОҚУШЫЛАРДЫ ҚОРЫТЫНДЫ АТТЕСТАТТАУҒА ДАЙЫНДАУДЫҢ ТИІМДІ ЖОЛДАРЫ

Айзат ОРАМАЛОВА,
№ 46 орта мектептің тарих пәні мұғалімі

Мектеп қабырғасынан ұлттық тарихты толық меңгерген, кең ауқымды дағдылары қалыптасқан, өз бетінше өмір сүре алатын шығармашыл азаматтар шығару бүгінгі күндегі күн тәртібінде тұрған мәселенің бірі. Мектеп қабырғасында 11-сынып оқушылары Қазақстан тарихы пәнінен мемлекеттік бітіру емтихандарын тапсырады. Осыған байланысты Қазақстан тарихы пәнінен емтиханға дайындыққа қосымша ретінде «Тарих. Тұлға. Хронология» курсының бағдарламасын 10-11-сыныптан бастап өткізу өзекті деп ойлаймын. Себебі оқушылардың тиісті білім деңгейі мемлекеттік жалпыға міндетті стандартпен қарастырылған оқу пәнінің көлемін оқушылардың игеру дәрежесін анықтауға да мүмкіндік болар еді. Жоғарыда ұсынылған бағдарлама оқушылардың шығармашылық пен ізденіс қабілетін дамытып және қорытынды аттестаттауға сапалы дайындалуына мүмкіндік береді. Қорытынды аттестаттау тапсырмалары 5-11-сынып оқу бағдарламасы көлемінде беріледі. Осыған байланысты оқушылардың сапалы қорытынды аттестаттауға дайындау үшін «Тарих. Тұлға. Хронология» курсының бағдарламасын құрастырып өз іс-тәжірибемде қолдандым.

Бағдарлама Қазақстан тарихы материалдарын (тереңдетіп) кең көлемде меңгертуге арналған. Бағдарлама мазмұны Қазақстан аумағындағы ежелгі заманнан бастап қазіргі Қазақстанға дейінгі қоғамның әлеуметтік, мәдени, саяси, экономикалық дамуының негізгі кезеңдері мен ерекшеліктері туралы білімін қалыптастырып, дамытады. Тарихи оқиғаларды, құбылыстар мен процестерді және тарихи тұлғалардың қызметін Отандық тарих контекстінде сын тұрғысынан талдауға және баға беруге, тарихи деректердің негізінде дәлелді пайымдау дағдыларын қалыптастырады. Әр тақырыптан соң деңгейлік тапсырмалар оқушылардың тарихи зерттеу жүргізу дағдыларын қалыптастырып, дамытуға бағыттайды. Оқушылардың алған білімдерін тексеру тестік жұмыс арқылы, кіші жоба қорғау, мультимедиялық презентация арқылы бағаланады.

«Тарих. Тұлға. Хронология» курсы 10-11-сыныптарға 34 сағаттық апталық оқытуға жоспарланды. **Курстың мақсаты:** Тарихи үдерістер мен құбылыстардың өздеріне тән белгілері мен сипаттарын анықтап, оларды топтастыра білуі, тарихи кезеңде басты рөл атқарған тұлғалардың өнегесін зерттеу ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды дарыту арқылы кең ауқымды дағдыларды дамыту.

Күтілетін нәтиже:

-Тарихи іс-әрекеттердің замануи әлемдік үдерісіне ықпал ету процессін түсінуге үйренді, оқушының жеке көзқарасының қалыптастыруға ықпал тигізіп, тарихи оқиғаларды түсіну қабілеті дамыды;

-Тарихи құжаттар негізінде тарихи ойлау қабілеттері дамыды және тарихи процесстер мен құбылыстарды талдау мен тұлғалардың іс-әрекетін бағалау жасау дағдысы қалыптасты;

-Коммуникативті қабілеттері қалыптасып, топтық, жекелей жұмыста өзіндік көзқарасын растау қабілеттері дамып, жеке мүмкіндіктерін ескере отырып,

деңгейлік тапсырмаларды орындай алды.

Ұсынылып отырған «Тарих. Тұлға. Хронология» курсы 10-11-сынып бағдарламасын қала мектептерінде қолдануда. Атап айтсақ, Қ.Нұрғалиев атындағы №43 мектеп-лицейі тарих пәні мұғалімі Чекетаева Р.С., № 32 мектеп Жарылқапова А.Д., т.б.

Жалпы алғанда оқушыларға тарихи дағдыларды жоғары деңгейде меңгерту үшін сабақты тиімді ұйымдастырып, оқыта білу қажет. Пән мұғалімі сабақ үдерісінде тиімді әдіс-тәсілдерді қолдана алу керек. Сабақ үдерісінде түрлі тапсырмалар, деректермен жұмыс істеу арқылы оқушылар тарихи деректе көрсетілген оқиғалар мен фактілердің себеп-салдарлық байланыстарын анықтайды, деректерге өздігінен тұжырым жасауға үйренеді. Сабақ барысында «Дербес пікір», «Борт журналы», «Венн диаграммасы», «ДЖИГСО», «РЕТТ» формуласы, «IDEA» формуласы, «Джигсо», тұжырымдамалық картаны қолдандым. Тапсырмаларды орындауда оқушылардың бойында коммуникативтік дағдылардың дамуы, өз іс-әрекетін жоспарлау, сыни және талдау тұрғысынан ойлау, сұхбаттық дағдыларды қалыптастырады, өзін-өзі тануға, өз білімін жетілдіруге, өзін-өзі бағалау қабілетінің дамуына ықпал ететіндігін байқадым.

Қазақстан тарихы пәнінен «Тарих. Тұлға. Хронология» курсының бағдарламасын 10-11-сыныптан өткізу оқушылардың шығармашылық пен ізденіс қабілетін дамытып және қорытынды аттестаттауға сапалы дайындалуына көмекші құрал болады. Сабақ үдерісінде сын тұрғысынан ойлау технологиясын көбірек қолдандым. Мені қызықтыратыны баланың өзі ізденіп дәлелдеуі. Ол бұрын тек тыңдаушы болса, енді ізденуші, ойланушы, өз ойын дәлелдеуші, ал мұғалім осы әрекетке бағыттаушы, ұйымдастырушы.

Сондықтан мектептегі білім беру үдерісінде сыни тұрғыдан ойлау технологиясын қолдану оқушылардың коммуникативтік құзыреттілігін дамытады, оқушылардың жеке дамуына, білім мазмұнын сапалы меңгеруге ықпал етеді.

Мұғалімнің біліктілігі оқушылардың сабақ үстіндегі белсенді іс-әрекетін ұйымдастырудан көрінеді. Яғни мұғалім үшін: нақты нәтижеге бағытталған мақсат, міндеттер жүйесін жасайды, оқушыларды танымдық іс-әрекетке жұмылдырады, сараптау жұмысын жасайды, қойылған мақсатқа сай нәтижеге жетуге оқушы әрекетін ынталандыру, көңіл-күй қалыптастыру жасайды. Мұғалім мен оқушылар арасында ізгілікті қарым-қатынас орнатады. Сондықтан әрбір мұғалім педагогикалық жаңа технологияны ұтымды пайдалана алу қажет.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

Байғазиева Г. Педагогикалық технологияларды меңгеру – міндетті. Қазақстан мектебі 2006 ж. № 1

Тұрғынбаева Б. Ыбырай қазақ балаларына арнап қазақ тіліндегі тұңғыш оқу құралы – Қазақ хрестоматиясын жазды // Аңыз адам: Жұлдыздар отбасы. – 2013. – № 17 (77). – 10-12-б. Кембридж бағдарламасы нұсқаулық 2012 ж.

Өскемен қаласы.


Қазақ тарихы

А.ҚҰНАНБАЙҰЛЫ: “МЕН ЖАЗБАЙМЫН ӨЛЕҢДІ ЕРМЕК ҮШІН

Әлия БИСЕНБАЕВА,
№6 жалпы білім беретін мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Бөлімі:	Абайды оқы, таңырқа!!!
Сабақтың тақырыбы:	Поэзия сағаты. А.Құнанбайұлының “Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін” өлеңін жатқа айту.
Оқу мақсаттар:	6.1.4.1 - көркем шығармалардан орта көлемді үзінділерді мәнерлеп оқу, жатқа айту.
Сабақтың мақсаты:	Көркем шығармалардан орта көлемді үзінділерді мәнерлеп оқып, жатқа айтады.

Сабақтың барысы

Уақыты	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурс
45 минут	<p>Ұйымдастыру кезеңі. Оқушылармен амандасу. Сыныпты түгендеу.</p>  <p>Абай 1860 жылы 15 жасында әкесінің құдаласуымен Ділдәға (1843-1924) қосылады. Ділдә Жүсіпқызының төркіні Әйбике-Шаншар елінің ақсүйегі. Алшынбай Тіленшіұлының ұрпағы. Әкесі Ақшоқыдан жер бөліп беріп, онда Абай сегіз бөлмелі қыстау салдырады. Ділдәдан Ақылбай, Өкімбай, Өбдірахман, Мағауия, Күлбадан, Райхан туған. Екінші әйелі Әйгерім. (шын есімі – Шүкіман). Өнін естіп, ұнатып алған. (1856-1919) Абай Әйгерімге 1875 жылы үйленген. Әйгерімнен Турағұл, Мекайіл, Ізкәйіл, Кенже туған. Абайдың он баласы болған.</p>	<p>1-тапсырма. Талқылауға арналған сұрақтар: 1. Абай үшін өлең жазу нені білдіреді? 2. Ақын қандай мақсатпен өлең жазады? 3. Ақын сөзін қандай адам ұғады? 4. Ақын өлеңі кімге арналған? 5. «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» өлеңінің идеясы?</p> <p>2-тапсырма. Жеке жұмыс: «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» өлеңінен сын есім, антоним, синонимді теріп алып, «Семантикалық карта» әдісі бойынша жүзеге асырылады. Өлең Сын есім Синоним Антоним "Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін" Дескриптор: - Өлеңнің негізгі идеясын түсінеді. - Өлеңдегі сын есім, синоним, антонимдерді теріп жаза алады. 3-тапсырма. Салыстыр. Алғашқы шумақтағы ойды талда. «Бұл сөзді тасыр ұқпас, талапты ұғар» деген жолдардағы қарама-қайшы ойды анықта. Дескриптор: - салыстырады; - алғашқы шумақтағы ойды; талқылайды. Үй жұмысы. Абай туралы әлеуметтік желіден қарап, тың мәліметтер жинап келу.</p>	Өте жақсы». «Дұрыс жауап бердің». «Мұқият бол».	6-сынып қазақ әдебиеті.

Манқыстау облысы, Мұнайлы ауданы.

АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫ: «МЕН ЖАЗБАЙМЫН ӨЛЕҢДІ ЕРМЕК ҮШІН»

Калдыгүл БӨЛЕКБАЕВА,

№6 жалпы білім беретін мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Сабақтың тақырыбы:	Абай Құнанбайұлы «Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін» өлеңінің тақырыбы мен идеясы.
Оқу мақсаттары:	6.1.2.1.-әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені идеясы арқылы түсіндіру; 6.2.2.1-эпикалық, поэзиялық шығармалардағы автор бейнесін анықтау;
Сабақтың мақсаты:	Әдеби шығармада көтерілген әлеуметтік-қоғамдық мәселені идеясы арқылы түсіндіре алады; эпикалық, поэзиялық шығармалардағы автор бейнесін анықтай алады.

Сабақтың барысы

Кезеңі	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
40 минут	<p>«Ақ тілек» (тренинг). Шардың ішіне түрлі тақырыпқа байланысты тілектер жазылды. Әр қатысушы өз ойын білдіреді. Осы өз ойларын жеткізуде қатысушылардың сол сәттегі көңіл-күйін танып, алдағы сабаққа қалыпты жай қалыптастырылады.</p> <p>Абайға шолу. I Абайдың өмірі мен шығармашылығы. (Бейнефильм). Бұл шығармаларында Абай, ақындықтың ауыр міндетін, ақын атанудың алғы шарттарын аңғартқан еді. М.Әуезовтың айтуынша, бұл өлең Абайдың «тек бір өз басының ақындық жолындағы ізденуі ғана емес. Мұны ақындық жайында өзгеше мәні бар өлең деп ұғынуымыз керек». Оны ақын өз айналасындағы «өлеңі бар, өнерлі інілерінің» кейбір шығармаларын оқығаннан кейін, соларға жөн-жоба көрсетіп, сын ескертпелер жасау ниетімен тудырған. К.Жанатайұлының пайғамбарларды, дін таратушы қаһармандарды мадақтайтын қиссалар жазуға тым әуестігін, «Біз де жоқ» алтын иек, сарыала қыз» дегенде жеке ақындардың жылтырақ сөздерге әуестігін, Әріп Тәңірбергеновтың «Зияда-Шамұрат» дастанында қызды «иегі алтын, көзі гауһар» деп, әлем-жәлем етіп суреттегенін, «Көрілікті жамандап өлім тілеп» дегенде Шәкерім Құдайбердиевтің заңды түрде келетін көрілікті даттағанын қағытып мысқылдаған. Ақын өлең сөзді кімге арнауды, кімге айтуды ескертеді: тасырға айтпай, «көңіл көзі ашық, көкірегі сезімді», сергек те талаптыларға айтуды қалайды. Оның өсиетін күле тыңдаған парықсыздарға сөзіңді қор қылмай «Қыз-шыл», «қызықшыл» әуейілерге жолама! Арсыздық пен ақылсыздықтан, шаруасыздық пен маскүнемдіктен аулақ бол! Мұның үстіне Абай бұрынғы «сөз түзелді, тыңдаушы, сен де түзел» деп жалпылай айтқан ақылын аша түскен. Түзелу үшін не істеу керектігін көрсеткен. Оқырмандарына елең-жырды жұртқа ақыл айтып, кеңес берудің, үлгі-өнеге көрсетудің, қырсық, қиянатқа қарсы күресудің құралы деп ұқтырған. Жақсы сөзді жастай тыңдап жаттық, әсері қызыл сөзге құлай қалма, сөздің сыртына сенбе, ішіне үңіл, мазмұнын біл, оның мәні тереңін ізде, сөздің қадір-қасиетін сонда ұғасың деп кеңес береді.</p>	<p>1-тапсырма. Сұрақ-жауап сайысы. 1. <i>Абай қай жылы дүниеге келді және қай жылы өмірден өтті?</i> 1845 жылы қазіргі Шығыс Қазақстан облысында, Шыңғыс тауының бауырында дүниеге келген. 1904 жылы өмірден қайтты. 2. <i>Абай неше жасында мұсылманша, орысша оқыған және би атанған?</i> Абай 10-12 жасынан бастап мұсылманша оқып, 14 жасында Медреседе орыс мектебінде білім алып, 15 жасында ел ішіндегі жұртты өзіне қаратып, Абай би етіп сайланған. 3. <i>Абай қай тілдерді меңгерген?</i> 20 жасында Абай от тілді шешен, жаңа заманға ден қойып, араб, парсы, түркі тілдерін меңгерген. 4. <i>Абай қай ұлтпен достасты, және кімдердің еңбектерін оқыды?</i> Абайдың өнерге бет бұруына себепкер оның орыс достары Грось пен Михаэлис болды. Абай Пушкин, Лермонтов, Крылов, Толстой, Тургенов еңбектерін оқыған. Дескриптор: Сұрақтарға жауап береді. 2-тапсырма. Топтық жұмыс. 1-топ: Өлеңге постер арқылы мінездеме береді. 2-топ: Өлеңнің идеясын ментальды карта арқылы қорғайды. 3-топ: Шығарманың өмірмен байланысы және біздің көзқарас. Топтық бағалау. Топтар ортаға шығып, жұмыстарын қорғайды. Дескриптор: -Топтық жұмысты қорғайды; -Постер арқылы мінездеме береді; -Шығарманы өмірмен байланыстырады және өз көзқарастарын білдіреді. Негізгі түйіндегі ой. Мәтінмен жұмыс (практикалық жұмыс). Ақын бағдарламасын, яғни ақын мақсатын мәтіннен тауып оқы және жаз. Тыңдаушыға тілек, өтініш, түбі терең сөзді ұғынуға шақыру. Өнерлі інісіне өсиеті, мәнсіз сөзді, мисыз күлкіні сынауы. Есіл өнерді қор етпеу туралы ақылы. Дескриптор: -Мәтіннен тауып оқиды; -өлеңді түсініп оқиды; -өз ойын еркін жеткізе алады. 4. Рефлексия. Бүгінгі сабақтан не түйдіңіздер? Қорытынды. Абай әлемін бүкіл дүниеге таратушы кемеңгер Ұлы Мұхтар: «Мен Абай тереңнен шөміштеп қана іштім» деген екен. Ал біз Ұлы ғұлама тереңіне бас қойғанымызбен тек қана сол тереңнен дәм таттық қой деп ойлаймын. Сол себептен оқудан, білуге ұмтылушылықтан, ізденуден жалықпайық. Үйге тапсырма. Абай Құнанбаевтың. “Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін” өлеңін жаттап келу.</p>	<p>«Өте жақсы».</p> <p>«Дұрыс жауап бердің».</p> <p>«Мүқият бол».</p> <p>«Өзара және өзін-өзі бағалау».</p> <p>«Басбармақ» әдісі.</p>	<p>6-сынып. Шар. Стикерлер. Түрлі қарадаштар. Түрлі түсті қағаздар.</p> <p>Стикерлер әдебиеті.</p>

Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы.

Ш.ҚҰДАЙБЕРДІҰЛЫ: «ЕҢЛІК - КЕБЕК»

Рысқұл АКТУЛАЕВА,

№6 жалпы білім беретін мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Бөлім:	2-бөлім: Көркем әдебиет және эпикалық сарын
Сабақтың тақырыбы:	Ш.Құдайбердіұлы «Еңлік-Кебек» дастаны.
Оқу мақсаты	8.1.1.1 әдеби шығарманың жанрына байланысты сюжеттік желілерін, эпилог, прологтарды анықтау.
Сабақтың мақсаты:	Барлық оқушылар үшін: әдеби шығарманың сюжеттік желілерін, эпилог, прологтарын анықтайды.

Сабақтың барысы

Уақыты	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының іс-әрекеті	Бағалау	Ресурстар
Сабақтың басы 45 мин	Ұйымдастыру кезеңі. Түрлі -үсті қағаздарды үлестіру арқылы оқушыларды топқа бөлу. 1.«Абай» тобы. 2.«Шәкәрім» тобы. 3.«Еңлік» тобы. 4.«Кебек» тобы. «Болжау» әдісі. Бейнебаян көрсетіледі, төмендегідей сұрақтар қойылады. 1.Ұлы Абайдың 175 жылдық мерейтойы қашан тойланды? 2. Бейнебаянның «Ұлылар жүрген Ұлы жол» аталу себептері. 3. Абай өзінің реалистік дәстүрін жалғастырады деп нақты кімнен үміт күтті?	Оқушылар топқа бөлініп отырады. «Ұлы адамдар жүрген Ұлы жол» бейнебаянын қарайды. Сұрақтарға жауап береді. Өз ойларымен бөліседі.	ҚБ: Өз ойын дұрыс мағынада білдіріп, талқылауға белсенділікпен қатысқан оқушыға «Жарайсың!» деген мадақтау сөзімен ынталандыру.	Оқулық, жұмыс дәптерлері.
Сабақтың ортасы	1-тапсырма. «Кластер» әдісі Шәкәрім Құдайбердіұлына. 2-тапсырма. «Ойлан, бөліс» әдісі бойынша оқиғаның сюжеттік желілерін анықтау. 1.Оқиғаның басталуы. 2.Оқиғаның байланысуы. 3.Оқиғаның дамуы. 4.Оқиғаның шиеленісуі. 5.Шарықтау шегі. 6.Оқиғаның шешімі.	Оқушылар кластер құрастырады. Әр топ өздеріне берілген оқиға желісін топпен бірікте орындайды.	Дескриптор: Шәкәрімге кластер құрастырады. Дәптерлеріне жазады. Дескриптор: Оқиғаның желісін анықтайды. Дәптерлеріне жазады.	
	Пролог – шығарманың оқиға мазмұны мен мәнін оқырманға таныстыратын кіріспе бөлім. Эпилог – көркем шығарманы қорытындылайтын компонент. 3-тапсырма. «Шолып шығу» әдісі. «Еңлік-Кебек» дастанынан пролог, эпилогтарды табу.	Берілген мәліметтер бойынша тапсырманы орындайды.	Дескриптор: Берілген үзіндіден пролог пен эпилогты табады.	Оқулық, жұмыс дәптерлері.
Сабақ соңы Рефлексия.	Үй тапсырмасы. Ш.Құдайбердіұлы «Еңлік-Кебек» дастаны.	Жеке жұмыс: Оқушылар бір ауыз сөзбен сабақ туралы өз ойларын түсіндіріп береді. Бір ауыз сөздеріне сабақты бағалайтын келесі сөздерді айтуға болады: ұнады, пайдалы, қажет, білдім, үйрендім, қызықтым, ұмтылдым, есте сақтадым, жасай аламын, т.б.	Мұғалім оқушылардың сабаққа белсенділігіне қарай әр оқушының өзіне тиісті бағасын қойып бағалайды. Сонымен қатар, оқушыларды ынталандыру үшін «Қошеметтеу» әдісі арқылы бағалайды. Дәптерлеріне жазады.	

Маңғыстау облысы, Мұнайлы ауданы.

«БАҒАНАЛЫ ТЕРЕК» ӨЛЕҢІ

Айша ЕСТҮРҒАНОВА,

№6 жалпы білім беретін мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Бөлім:	«Атадан қалған асыл сөз».
Сабақтың тақырыбы	«Бағаналы терек» өлеңі.
Оқу мақсаттары	9.1.1.1 әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасау.
Сабақтың мақсаты	Әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасайды.

Сабақтың барысы

Уақыты	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурс
45 минут	<p>Ұйымдастыру кезеңі. Оқушылармен амандасу. Үй тапсырмасын пысықтау.</p> <p>1. Ой қозғау: Ақынның "Мен-мен едім, мен едім" өлеңіндегі МЕН кім?</p> <p>Мағынаны тану: Махамбет Өтемісұлының көпшілік өлеңдерінің басты қаһарманы – Исатай Тайманов. Махамбет ақын Исатай бастаған көтеріліс жайында, әсіресе, Исатай батырдың бейнесін, тұлғалық ерекшелігін басым жырлаған. Махамбет толғауларында Исатайды атап өтпейтін бірде-бір өлең кездеспейді. Мәселен: «Мұнар күн», «Тайманның ұлы Исатай», «Мінкен ер», «Исатай деген ағам бар», «Бағаналы терек», т.б. өлеңдерін атауға болады. Махамбет Өтемісұлының «Бағаналы терек жарылса» өлеңі көбіне Исатай батырдың із-басар мұрагерлеріне арналған.</p> <p>2-тапсырма. Өлеңді мәнерлеп оқу.</p> <p>Сөздікпен жұмыс. <i>Бағаналы терек жарылса, Бақыраш жамап болар ма?!</i> <i>Қарағайға қарсы бұтақ біткенше, Еменге иір бұтақ бітсейші</i> <i>Қыранға тұғыр қыларға. Ханнан қырық туғанша, Қарадан бір-ақ тусайшы, Халықтың кегін қусайшы, Артымыздан біздердің Ақырып теңдік сұрағал!</i> Хрестоматиямен жұмыс. Шығарма толық беріледі, түсініп оқиды. Композициялық құрылымына талдау жасайды. Оқиғаның басталуы – Байланысы – Дамуы – Шарықтау шегі – Оқиғаның (аяқталуы) шешімі – 3-тапсырма. Өлеңді оқып, талдау. 1.Авторы. 2.Тақырыбы.3. Жанр түрі. 4. Идеясы.5.Шумақ саны. 6. Тармақ саны. 7. Бунақ саны. 8. Буын саны. 9.Ұйқас түрі. 10. Әдеби- теориялық ұғымдар. 11.Өлеңнің түйіні. Кері байланыс: «НЕЛІКТЕН» стратегиясы. 1. <i>Неліктен Бағаналы терек жарылса, Бақыраш жамап болар ма?!– деп күйзеледі? 1. Неліктен қарадан бір-ақ тусайшы деп армандайды. 2. Неліктен халықтың кегін қусайшы деді.</i> Үйге тапсырма. Өлеңді жаттау.</p>	<p>1-тапсырма. Ой қозғау. Ақынның «Мен-мен едім, мен едім» өлеңіндегі МЕН кім? МЕН – мақсаты анық, мұраты айқын, ойы нық болмыс; МЕН – кескілеспей басылмайтын, боз ағаштан биік батыр; МЕН – ойшыл, дана тұлға; МЕН – елі мен жері үшін мазаланған жан; МЕН – ғұмыры күйзеліспен, құсалықпен өткен жан. МЕН – елімді Еділ бойы ен тоғайға ел қондырсам деген асыл арман иесі.</p> <p>2-тапсырма. Өлеңді мәнерлеп оқу. Сөздікпен жұмыс. Бағаналы – мықты діңгек; Бақыраш – теңіздегі тас қабыршағы; Қыран – ел басшысы. Емен аласа болғанымен, саясы мол; қарағай сұлу, биік ағаш, алайда емен сияқты саясы мол емес; Қыранға, яғни ел басшысына лайық тұғыр – емен ағашының бұтағы көп болса дегені, артынан ерер жолдасы, әскері көп болса деген арманнан туған жолдар. Қаптама – суықта киетін тысталған қалың киім. Туырлық – киіз үйдің түңлігі мен үзгінің арасын қосатын, уықтың орта тұсына керегенің басына дейін жабатын киіз. Хрестоматиямен жұмыс. Шығарма толық беріледі, түсініп оқиды. Композициялық құрылымына талдау жасайды. Оқиғаның басталуы – Бағаналы теректің жарылуы. Байланысы – Еменге иір бұтақ бітсейші, Қарадан бір-ақ тусайшы, Дамуы – иір бұтақ, тұғыр, қарадан туу, халықтың кегі, теңдік сұрау. Шарықтау шегі – Халықтың кегін қусайшы. Оқиға (аяқталуы) шешімі – Ақырып теңдік сұрау. Бағалау критерийі. Дескриптор. Әдеби шығармаға сюжеттік-композициялық талдау жасайды. 3-тапсырма. Кестені толтырыңыздар. 1.Авторы – Махамбет. 2.Тақырыбы – Исатай өлімі, қайғы. 3. Жанр түрі – Лирика. 4. Идеясы – Болашақ ізбасарларына үлкен үміт арту. 5.Шумақ саны – 2. 6. Тармақ саны – 10. 7. Бунақ саны – 2. 8. Буын саны – Аралас. 9.Ұйқас түрі – Шұбыртпалы. 10. Әдеби-теориялық ұғымдар. Эпитет: бағаналы терек, иір бұтақ. Метанимия: қырық, қарадан. 11.Өлеңнің түйіні – Теңдік алуға шақыру, тартыс. Кері байланыс. «НЕЛІКТЕН» стратегиясы. 1. Ақын "сынған нәрсе қайта қалпына келмейді, елге жаңа ерлер керек" деген ойын білдіріп отыр. 2. Исатайдай елдің қамын ойлайтын батырды аңсайды. 3. Болашақ ұрпаққа аманатын айтады. Рефлексия. Бүгінгі сабақтан алған әсерлерін стикерлерге жазып, білім ағашына жабыстырады. Үйге тапсырма. Өлеңді жаттау.</p>	<p>ҚБ. Өте жақсы. Жарайсыңдар.</p> <p>Дескриптор: өлең мазмұнын түсінеді; композициялық талдау жасайды.</p> <p>Дескриптор: -Өлеңді сатылай кешенді талдайды.</p>	<p>9-сынып. қазақ әдебиеті оқулығы 146 бет.</p> <p>https://bilimsite.kz/</p>

Маңқыстау облысы, Мұнайлы ауданы.

Т.АХТАНОВТЫҢ «КҮЙ АҢЫЗЫ» ӘҢГІМЕСІ

Венера СОЗАҚБАЕВА,

№6 жалпы білім беретін мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Оқу мақсаттары	ТЖ 8.1.1. 1 - әдеби шығарманың жанрына байланысты сюжеттік желілерін, эпилог, прологтарды анықтау; АИ 8.2.1. 1 - композицияны тұтастан бөлшекке, бөлшектен тұтасқа қарай талдау.	
Сабақ мақсаттары	Барлық оқушылар орындай алады: әдеби шығарманың жанрына байланысты сюжеттік желілерін, эпилог, прологтарды анықтай алады. Оқушылардың көпшілігі орындай алады: тұтастан бөлшекке, бөлшектен тұтасқа қарай талдайды, өз көзқарастарын айта алады. Кейбір оқушылар орындай алады: жанрлық ерекшеліктерін ажыратады.	
Тілдік мақсат	Пәнге қатысты сөздік қор мен терминдер: Күй, күйші, күй аңызы. Диалог құруға / шығарма жазуға арналған пайдалы тіркестер: Қандай жаңа білім алдың? Талқылауға арналған сұрақтар: Қандай күйлерді білеміз? Аңызға айналған қандай күйлерді білесіңдер? Неліктен әңгіме «Күй аңызы» деп аталған?	
Бағалау критерийлері	- әдеби шығарманың жанрына байланысты сюжеттік желілерін, эпилог, прологтарды анықтай алады; композицияны тұтастан бөлшекке, бөлшектен тұтасқа қарай талдай алады.	
Ойлау дағдыларының деңгейлері	Білу, түсіну, қолдану, талдау.	
Құндылыққа баулу	Тарихтың, мәдениет пен тілдің біртұтастығы.	
Пәнар. байланыс	Тарих, қазақ тілі, музыка.	
Алдыңғы оқу	Мұқағали Мақатаевтың «Аққулар ұйықтағанда» поэмасы.	
Жоспар		
Уақыт	Жоспарланған жаттығу түрлері	Ресурстар
Басы 5 мин.	Ширату жаттығуы. Топқа бөлу: 3 түрлі аспаптың суреті арқылы 3 топқа бөлу. «Суреттер сөйлейді» әдісі арқылы тақырыпты болжайды. «Допты қағып ал» әдісі арқылы топтар бір-біріне сұрақтар қойып, тақырыпты ашамыз. Бұл суреттерден нені байқадық? Қандай күйлерді білеміз? Аңызға айналған қандай күйлерді білесіңдер? Неліктен әңгіме «Күй аңызы» деп аталады?	
Ортасы 30 мин.	1-тапсырма. «Сюжеттік кесте» әдісі арқылы эпилогы мен прологын анықтау Сюжеттік кесте. Оқиға орны кейіпкерлері оқиға мәселе Оқиғаның салдары. Дескриптор: Шығарманың сюжеттік желісіне талдау жасай алады; Шығарманың эпилогы мен прологын анықтай алады. Қалыптастырушы бағалау: Ауызша/жазбаша. 2-тапсырма: «Композициялық талдау». Басталуы: Екі салт атты, екі күйшінің жолға шығуы, күйшілер әңгімесі. Байланысы: жалғыз нардың кезігуі, аруананың зары, домбыраға тіл бітуі Дамуы: жолаушылардың жалғыз қараша үйге келуі. Шиеленісуі: шал мен Естеместің бір-біріне қолқа салуы, үй иесінің қолқа салуы. Шарықтау шегі: жаңа күйдің пайда болуы, нардың иіп, сүт шығуы. Шешімі: күйшінің жолын жас жігітке беруі. «Нар идірген» күйінің өмірге келуі. Дескриптор: - шығарманың композициялық құрылымына талдау жасай алады. Қалыптастырушы бағалау.	
Соңы	Рефлексия. «Миыңның суретін сал» әдісі арқылы сабақ кезінде меңгерген білімдерін білдіретін сөздермен толтырады. Үйге тапсырма: «Күй құдіреті» тақырыбына эссе жазу.	
Қосымша ақпарат		
Саралау – оқушыға мейлінше қолдау көрсетуді қалай жоспарлайсыз?	Бағалау – оқушы білімін тексеруді қалай жоспарлайсыз?	Пәнаралық байланыс – Денсаулық және қауіпсіздік, АКТ-мен байланыс. Құндылықтармен байланыс (тәрбие элементі).
Оқу мақсатына сәйкес тапсырмаларды саралап аламын.	Оқушы білімін тексеруді оқу мақсатына сай құрылған тапсырмалар арқылы тексеремін.	Тарих, қазақ тілі, музыка пәндерімен байланыстырды.
Рефлексия. Сабақтың мақсаты мен оқу міндеттері орындалды ма? Бүгін оқушылар не үйренді? Сабақ қандай деңгейде өтті? Жоспарланған саралау жақсы іске асты ма? (тапсырмалар сәйкес болды ма?) Уақытты қалай пайдаландым? Жоспарыма қандай өзгеріс енгіздім және неге?		Сабақтың оқу мақсаттары мен міндеттері орындалды. Оқушылар мақсатқа сай тапсырмаларды орындады.
Қорытынды бағалау. Ең жақсы өткен екі нәрсе (оқыту мен оқуға қатысты)	1	2

Манкыстау облысы, Мұнайлы ауданы.

ТӨРТ ТҮЛІК

Гүлайым ҚАРАМАНОВА,
№6 жалпы білім беретін мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Сабақ бөлімі	4-бөлім. Жануарлар әлемі мен өсімдіктер дүниесі.
Оқыту мақсаттары:	5.Т/А1. Тірек сөздер мен ұсынылған иллюстрациялар арқылы тақырыпты болжау. Ж2.Жанрлық ерекшеліктеріне сай рәсімделуі мен құрылымын сақтап, хат, жарнама, хабарландыру құрастырып жаз.
Сабақтың мақсаты:	Жанрлық ерекшеліктеріне сай рәсімделуі мен құрылымын сақтап, хат, жарнама, хабарландыру құрастырып жазады.

Сабақтың барысы

Уақыт	Мұғалім әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
45 мин.	<p>Ұйымдастыру кезеңі. 1.Оқушылармен амандасу, түгендеу. 2. Сабаққа дайындығын бақылау. 3. Оқу құралдарын байқау.</p> <p>Оқушыларды 4 топқа бөлу (жылқы, қой, сиыр, түйе).</p> <p>Қызығушылығын ояту (Төрт түлік малдың суреттері беріледі).</p> <p>Сәйкестендіру тесті (әр топқа қиынды қағаздар беремін).</p> <p>1-топ: малдың иесі, пірі. 2-топ: малды шақыруына қарай. 3-топ: мақал-мәтелдерді шеше отырып. 4-топ: өнімдеріне қарай.</p> <p>Тыңдалым. Қазақ халқы ерте уақыттан мал шаруашылығымен айналысқан халық. Бабаларымыз төрт түлікке ерекше көңіл бөлген. Әрі ас ауқаты, әрі кисе киімі, әрі көлігі болғандықтан қазақ үшін осы төрт мал аса құнды дүние болғаны белгілі.</p> <p>Төрт түлік – малдың ішіндегі ең қасиеттісі түйе. Ол қырық күн шөлге шыдамды, жүк артса – көлік, жесе – ет, ал жүні киімге жараған.</p> <p>Қазақтың қасиетті малдарының бірі – жылқы. Жылқы малын аса жоғары бағалаған. Оны үлкен ас-тойларда жарысқа салып, бас бәйгеге мол дүние берген. Ер азаматтарға жасалатын сыйдың да үлкені ат мінгізіп, шапан жабу болған.</p> <p>Сиыр малы момақан, қазақтар үшін көбінесе тамаққа жараған, ет, сүт, айран, қаймақ, май, құрт, ірімшік, т.б. осы сиырдың берген берекесі. Сиырды кейде көшке де, егіске де пайдаланып отырған. Жалпы, қазақтар сиырды киімге жаратпаған, қонаққа сыйға тартпаған, тіпті түске кірсе де ауыртпалық деп жорыған. Дегенмен, сиыр да үйдің берекесі, айран-сүттің көзі, балаларының асыраушысы ретінде қадірлі мал болған.</p> <p>Қой – төрт түлік малдың ішіндегі қазақтың ең сүйіктісі десе де болады. «Қойдың сүті – қорғасын, қойды құртқан оңбасын» дейтін қазақтың қой өсіруге ынта-ықыласы мол-ақ. Өзі майда, өсімтал, момақан, тез ет алып, қонақ кәдеге жарап отыратын, сүті майлы әрі жұғымды қой малын ата-бабамыз ерекше қастерлеген.</p> <p>Еңбекқор қазақ халқы мал өнімдерін өте орынды пайдаланып отырған. Шаруашылықта қолданылатын заттар – жылқының жалынан, құйрығынан жасалатын арқан, сиыр мүйізінен жасалатын тарақ, қой жүнінен жасалатын киіз, текемет, тоқылған сырт киім, түйе жүнінен тоқылған шекпен, т.б. аса жоғары бағаланған. Түйенің шудасын қайнатып, емге пайдаланған. Кедей қазақтар қойдың жабағы жүніне жаңа туған нәрестені орап, қыстан аман алып шыққан. Балаларын «құлыным, қозым, қошақаным, ботам» деп, еркелеткен.</p> <p>Үйге: Көп мағыналы сөздермен омоним сөздерді оқып, түсініп келу.</p>	<p>Оқушылардың жауаптары.</p> <p>1-топ: Малдың иесі, пірі. Жылқы атасы – Қамбар ата. Сиыр атасы – Зеңгі баба. Түйе атасы – Ойсыл қара. Қой атасы – Шопан ата. Ешкінің иесі – Сексек ата.</p> <p>2-топ: Малды шақыруына қарай Жылқы –құрау-құрау. Сиыр –аухау-аухау. Түйе –көс-көс. Қой –пүшөйт-пүшөйт.</p> <p>3-топ: Жұмбақтарды шеше отырып Кішкене ғана бойы бар, Айналдыра киген тоны бар /қой/. Екі найзасы бар, Екі айнасы бар Төрт сылдырмағы бар, Бір шыбыртқысы бар /сиыр/. Кезікті бір жануар, Үстінде екі тауы бар /түйе/. Өзі сұлу, өзі жүйрік, Жарысады желменен /жылқы/.</p> <p>4-топ: өнімдеріне қарай. Қазы, қарта, жал, жая, Сүр ет, шұжық балдай, ә?! Қақтыратын таңдайды Бал қымызы қандайды! Жылқы өнім/рі. Маң-маң басқан, маң басқан, Шудаларын шаң басқан, Шөл даланың кемесі Төрт түліктің төресі Дертке дауа болатын Шұбаты бар киелі. Түйе өнімдері. Мал өсірсең – қой өсір Өнімі оның көл көсір, Кисең киім, ішсең ас, Іздесең мұндай табылмас. Қой өнімдері. Ыстық-ыстық сүт ішсең, Дәмі кетпес таңдайдан Бой жадырап кенеттен Буы шығар мандайдан Малды бақсаң, сиыр бақ Сүт кетпейді шарадан. Сиыр өнімдері.</p> <p>2-тап: Тыңдалым мәтіні бойынша сұрақтарға жауап бер. 1.Қандай жануарлар туралы естідіңдер? 2. Үй жануарларының қандай қасиеттері бар екен?</p> <p>Жаттығу жұмысы. 4 топқа төрт түлік малдың суретін беремін. Әр топ берілген сурет бойынша жарнамалап мәтін жазады.</p> <p>Жылқы. Сиыр. Түйе. Қой. Рефлексия: Сабақтан алған әсерін стикерлерге жазып білім ағашына жабыстырады.</p>	<p>«Өте жақсы». «Дұрыс жауап бердің». «Мұқият бол».</p>	<p>5-сынып қазақ тілі.</p> <p>Үлестірме қағаздар.</p> <p>Дескриптор: -үй жануарларын біледі -сұрақтарға жауап береді.</p> <p>Стикерлер.</p>

Маңқыстау облысы, Мұнайлы ауданы.

ӘЛЕУМЕТТІК КӨЗҚАРАСТАР ҚАҚТЫҒЫСЫ

Күмісай ГҮЗІРБАЕВА,
№6 жалпы білім беретін мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

Бөлім	Биотехнология және гендік инженерия келешегі.
Сабақ тақырыбы:	Әлеуметтік көзқарастар қақтығысы.
Оқыту мақсаттары:	9.3.4.1 эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, көтерілген мәселе бойынша екіжақты пікірді немесе жағдаятты талқылау, біреуіне таңдау жасап, өз ойын дәлелдеп жазу (аргументативті эссе). 4.4.3 сабақтас құрмалас сөйлемдердің мағыналық түрлерін ажырата білу, түрлендіріп қолдану.
Сабақтың мақсаты:	Эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, көтерілген мәселе бойынша екіжақты пікірді немесе жағдаятты талқылау, біреуіне таңдау жасап, өз ойын дәлелдеп жазады (аргументативті эссе).

Сабақтың барысы

Сабақ кезеңі	Мұғалімнің іс-әрекеті	Оқушының әрекеті	Бағалау	Ресурстар
45 минут	<p>Эссе талаптары: -Нақты айқындалған кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды бөлімнен құрылуы шарт. -Тақырыптан ауытқымаған дұрыс. -Тезистерді ұтымды дәлелдермен растау қажет. -Өмірмен байланыс болуы тиіс. -Өзіндік тың пікірлер келтіру керек. -Баяндау стилі нақты болуы шарт. -Көріктеуіш құралдарды ұтымды қолдану қажет. -Көлемі – 100-150 сөз.</p> <p>Мезгіл бағыныңқы сабақтас құрмалас сөйлем. Бағыныңқы сөйлемі басыңқы сөйлемдегі ойдың болу мезгілін білдіретін құрмаластың түрі – мезгіл бағыныңқы құрмалас сөйлем.</p> <p>Сұрақтары: <i>Қашан? Қашаннан бері? Қашанға шейін?</i> Бағыныңқы сөйлемінің баяндауыштары мынадай тұлғалардан жасалады: 1.Жатыс септік тұлғасындағы есімшеден болады: <i>Абай жолға шыққанда, оның бар ойы ауылына тезірек жету еді.</i> 2.Есімше тұлғалы етістік пен кезде, күнде, шақта, уақытта деген мезгіл мәнді сөздердің тіркесінен болады: <i>Жусан иісі мұрынға келген уақытта, біз міндетті түрде Аянды еске аламыз.</i> 3.Барыс және шығыс септік тұлғасындағы есімше мен <i>шейін, дейін, кейін, соң, бері, бұрын</i> шылауларының тіркесінен болады: <i>Сейіттің әке-шешесі өлгеннен кейін, Игілік жетім баланы өз қасына алдырған.</i> 4. <i>-ша, -ше</i> тұлғалы есімшеден болады: <i>Балалар беттерін ауылға бұрғанша, ойға таман түсіп келе жатқан қалың көш көрінді.</i> 5.Көсемшенің <i>-ғалы, -келі, -қалы, -келі</i> тұлғасынан болады: <i>Біржан ауылға келгелі, Абай жанынан бір елі ажыраған емес.</i> 6. <i>-ысымен (-ісімен)</i> қосымшалы етістіктен болады: <i>Күн ұясына кірісімен, ауыл балалары Аяның жанына жиналамыз.</i></p>	<p>Сұрақтарға жауап беру арқылы өткен бөлімді еске түсіру. 1.Соңғы уақытта қандай мәселелер өзекті болуда? 2.ХХІ ғасырдағы басты технологиялық қорқыныш қандай? 3.ГМО түсінігі сізге қорқынышты ма? 4.ГМО бізге қажет пе?</p> <p>1-тапсырма. А және Ә мәтіні беріледі. «Түртіп алу» әдісі бойынша аргументативті эссе жазу үшін өздері керекті дерек жинайды. 1.Ұсынылған мәтінді мұқият оқып, эссе жазуға қажетті тірек сөздер белгілеу. 2. Тірек сөздер арқылы берілетін ұғымның (тұжырым) қасиеттерін, белгілерін, ерекшеліктерін сипаттайтын етістіктер анықтау. 3.Екі мәтінге ортақ тақырыпты анықтап алу.</p> <p>Дескриптор: Ұсынылған А және Ә мәтіндерін мұқият оқиды. Эссе жазуға қажетті тірек сөздер белгілейді. Тірек сөздер арқылы берілетін ұғымның (тұжырым) қасиеттерін, белгілерін, ерекшеліктерін сипаттайтын етістіктер анықтайды. Екі мәтінге ортақ тақырыпты анықтайды.</p> <p>2-тапсырма. Оқушылар өздері анықтаған ортақ тақырып негізінде А және Ә мәтініне ортақ бір сұрақ құрастырады.</p> <p>Мысалы: <i>Гендік инженериясыз өмір сүруге бола ма?</i> Оқушылар көтерілген мәселе бойынша эссе құрылымын сақтап, аргументативті эссе жазады. Эсседе мезгіл бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемді қолдану керек.</p> <p>Дескриптор: Тақырыпты ашады. Жанрға сай жазады. Көзқарасын білдіреді. Эссе құрылымын сақтайды. Эсседе мезгіл бағыныңқылы сабақтас құрмалас сөйлемді қолданады.</p>	<p>«Дұрыс жауап бердің».</p> <p>«Мұқият бол».</p> <p>«Өте жақсы».</p>	9-сынып қазақ тілі.

Маңкыстау облысы, Мұнайлы ауданы.

САМБОДАН ОБЛЫС ЧЕМПИОНАТЫ ДҮРКІРЕП ӨТТІ

«енді Қуаныштың атында Қазақ күресінен тұрақты түрде республикалық турнир өткізсек» дейді семейліктер

11-12 ақпанда Семей қаласындағы Жақсылық Үшкемпіров атындағы Дене шынықтыру-сауықтыру кешенінде Спорттық және жауынгерлік самбодан Қуаныш Салықбайды еске алуға арналған Шығыс Қазақстан облысының чемпионаты өтті. Оған облыстың түкпір-түкпірінен барлық ауданның командалары және Семей мен Өскеменнен екі-үштен командалар қатысып, барлығы 16 салмақ (ерлер 8 және жауынгерлік самбодан 8) бойынша жүлделерді сарапқа салды. Жарысты Республикалық Спорттық және жауынгерлік самбо федерациясы мен оның Шығыс Қазақстан облысы бойынша филиалы ұйымдастырды.

Ең әуелі Қуаныш Салықбай деген кім? Неге Шығыс Қазақстан облысының чемпионатын оны еске алуға арнау керек? Осыған азырақ тоқталсақ. Қуаныш (08.07.1971–16.04.2019) Шығыс Қазақстан облысы Үржар ауданы Қызылбұлақ ауылында дүниеге келген. Семей малдәрігерлік институтында оқи жүріп, Қазақстанға еңбек сіңірген бапкерлер С.Тоқтарғазин мен С.Қоржыкеновтің көмегімен күрес өнерінің әдіс-тәсілдеріне әбден қаныққан. Әуелі Мақаншы (қазіргі Үржар) ауданының, сосын Семей (кейіннен Шығыс Қазақстан) облысының және Қазақстан құрама командасының намысын қорғаған. Ол – 48 жылдық ғұмырының 35 жылын кілем үстінде өткізген, күрес тарихында ең ұзақ белдескен балуанның бірі.

Қ.Салықбай – самбо, қазақша және белбеу күрестерінен халықаралық дәрежедегі спорт шебері, самбодан Қазақстанның бес дүркін чемпионы және төрт дүркін Ел кубогының иегері, Азия чемпионы және 35-39 жастағы самбо шеберлері арасынан әлем чемпионы,

белбеу күресінен әлем чемпионатының күміс жүлдегері, қазақ күресінен қырық шақты республикалық және халықаралық турнирлердің абсолюттік чемпионы, Қазақстанның бес дүркін, Азияның үш мәрте абсолюттік чемпионы. Күреспен шектеліп қалмай, ережесіз төбелестен Семей қалалық ашық біріншілігінің екі дүркін, бір рет құқық қорғау органдары арасындағы республикалық турнирдің абсолюттік жеңімпазы, кір көтеру мен қол күрестіруден Семей қалалық біріншілігінің бірнеше мәрте, қалалық «Наурыз батыр» сайысының үш мәрте жеңімпазы. Мінекей, ұзақ жылдар бойы облыстың намысын абыроймен қорғағандықтан, спорт майталмандары облыс чемпионатын Қ.Салықбайды еске алуға арнаған екен.

Жарыстың алғашқы күні Семей балуандары мен бапкерлері Қуаныштың аруағына арнап ас беріп, құран оқытты. Оған чемпионаттың қонақтары, балуанның туған-туыстары, отбасы қатысып, бата-тілек жасасты. Дастарқан басында сөз алған Семей



Чемпионаттың салтанатты ашылуына қатысқан ардагер балуандар мен бапкерлер және жарысты ұйымдастырушылар.

балуандары мен бапкерлері әріптестері Қуаныш марқұмды ешқашан ұмытпағанын, алайда әлемді шарпыған тәжтажалдың кесірінен, былтырғы 50 жылдық мерейтойына орай өткізуге жоспарланған осы жарыс кейінге шегеріліп, биыл ғана өткізіп отырғандарын тілге тиек етіп, әйгілі балуан туралы жанды да қызықты естеліктерімен бөлісті. Қуанышқа, әсіресе, достары мен бапкерлерінің ықылас-пейілі ерекше екен! Солар күреспен шұғылданып жүрген Бекарыс Қуанышұлына ата жолын жалғасын деп ырымдап, самбоның күрешесін сыйға тартты. Біз де Бекарыс баламызға «*әкеңдей әйгілі балуан болмасаң да, өмірдің өзі күрес, сол күресте асығың алшысынан түссін, елі мен жеріңе, тілі мен діліңе пайдасы тиер абзал азамат бол*» деп ақ жол тіледік.



Жарыстың бас төрешісі Біржан Имаханов, Бекарыс Қуанышұлы, Спорттық және жауынгерлік самбо федерациясының Шығыс Қазақстан өңірі бойынша президенті Қайрат Нұнсафин.

Ертеңіне 12 ақпанда Семейдегі Ж.Үшкөмпіров атындағы спорт мектебінде спорттық және жауынгерлік самбодан Қуаныш Салықбайды еске алуға арналған Шығыс Қазақстан облысының чемпионаты өтті. Турнирдің салтанатты ашылуында Республикалық Спорттық және жауынгерлік самбо федерациясының вице-президенті **Парман Имаханов**, Шығыс Қазақстан облыстық Олимпиада резерві аймақтық спорт колледжінің директоры **Серік Тоқтарғазин**, Семей қалалық дене шынықтыру және спорт бөлімінің жетекшісі **Ерлан Әубәкіров** жарыстың бас төрешісі **Біржан Имаханов** өз ойларымен бөлісті. Жарысқа Шығыс өңірінің аудандары мен қалаларынан 100-ден астам балуан қатысып, 8 салмақ дәрежесінде күш сынасты. Қос кілемде қатар өткен белдесулер қызу бәсекеге ұласты.

Жарыс соңында спорттық және жауынгерлік самбодан Қ.Салықбайды еске алуға арналған облыс чемпионатының жеңімпаздары мен жүлдегерлері (1, 2, 3-орындар) анықталды.

Ерлер арасынан.

53 келі: 1-орын: Сұңғат Нұрлатұлы (2.Алматы Кәрім, 3.Бақдәулет Нұрмұханбет),

58 келі: 1.Нұрым Қайроллин (2.Дәулет Аманұлы, 3.Жақсылық Оспанов),

64 келі: 1. Есентай Имаханов (2.Төлеген Нұрғалиев, 3.Дидар Тұқышов),

71 келі: 1. Жанасыл Әнуаров (2.Жасын Қалиақпаров, 3.Аян Құрманбек),

79 келі: 1. Роллан Саятов (2.Шалқыбек Рахметолла, 3.Нұржан Бекешов),

88 келі: 1. Руслан Жарқынбаев (2. Қуаныш Рәтаев, 3. Елдар Бейсембаев),

98 келі: 1. Қуандық Стампов (2.Аян Рамазанов, 3.Жоламан Манарбекұлы),

+98 келі: 1.Талғат Әміренов (2. Әділ Түкешев, 3. Бексұлтан Ғизат).

Жауынгерлік самбо бойынша.

53 келі: 1.Жастілек Ахметбеков (2.Еркебұлан Мырзаханов, 3.Ерзат Маратбеков),

58 келі: 1. Мұхтар Мейрамбек (2.Семен Каратаев, 3.Роман Бойко),

64 келі: 1.Маратбек Рахметоллин (2.Манарбек Өсембай, 3.Қанат Тілеубергенов),

71 келі: 1. Дәурен Дәкенов (2.Азамат Байғожин, 3.Ерасыл Зияданов),

79 келі: 1. Нұрболат Құлбеков (2. Еламан Төлеш, 3. Тоқтасын Дәуіт),

88 келі: 1. Мағжан Жұмашев (2. Жайдар Хасенов, 3. Елдос Мырзахметов),

98 келі: 1. Еркебұлан Омаров (2. Нұрсұлтан Жұмағалиев),

+98 келі: 1. Әліби Уәли (2.Дамир Секен).

Жеңімпаздарға медаль, дипломмен бірге Қ.Салықбайдың өнегелі өмірі мен күрес жолынан мол мағлұмат беретін «Қуаныш балуан» кітабы қоса табысталды. Осы облыстық чемпионатта жеңімпаз атанып, жүлдеге іліккендер наурыз айында Семей қаласында самбо күресінен өтетін Қазақстан Республикасының чемпионатында Шығыс Қазақстанның намысын қорғайды. Бұл – самбодан өткен чемпионат. Енді Қазақ күресі федерациясының азаматтары алдағы уақытта Қуаныштың атында биылғы облыстық турнир өткізсек, оны келер жылы Құдай қаласа республикалық, одан әрі халықаралық турнирге айналдырсақ деген ниетін айтты. Алла разы болсын Сіздерге, мақсаттарыңызға жетіңіздер дей отырып, осы пікірді қостаушы жауапты азаматтардың ой толғамдарын түртіп алған едік. Солардың біразын ұсына кетейік. *«Осы облыстық чемпионатты ұйымдастырған жігіттерге көп рахмет. Қуаныш бауырымызды еске алып, аруағын разы етіп жатыр. Бірақ Семейде самбодан даңқты қолбасшы Қаракерей Қабанбай батырды еске алуға арналған мемориалдық турнир, яғни Қазақстан Кубогы осымен жиырма неше рет жалауын желбіретті. Бұл чемпионат соның көлеңкесінде қалып қоюы мүмкін. Сондықтан, меніңше, алдағы уақытта Семейде Қуаныштың атында Қазақ күресінен турнир өткізсек, оны тұрақты өтетін беделді республикалық турнирге айналдырсақ деп ойлаймын,–* дейді Шығыс Қазақстан облыстық Олимпиада резерві аймақтық спорт колледжінің директоры, Қазақстанға еңбек сіңірген бапкер **Серік Тоқтарғазин**. *«Балуандардың көбі отыздан аса бере күресті тоқтатады. Ал Қуаныш – отыз бес жасқа дейін үзбей күресіп келіп, самбодан ардагерлер сапына аттап өте шыққан, қазақшада да ең ұзақ күресіп, қырық шақты республикалық және халықаралық турнирлердің абсолюттік чемпионы, Қазақстанның бес дүркін, Азияның үш мәрте абсолюттік чемпионы болып, Шығыс Қазақстан облысының намысын*

абыроймен қорғаған балуан еді. Сондықтан Семейде Қуаныштың атында Қазақ күресінен тұрақты түрде беделді республикалық турнир өткізсек өте керемет болар еді,– дейді ҚР Еңбек сіңірген жаттықтырушы, Халықаралық дәрежедегі төреші, ҚР Құрметті спорт қайраткері **Серік Қоржыкенов**.

«Қуаныш ағамыз – самбо және қазақ күрестерінен өзіндік өрнегі, айла-тәсілі, жеңіске деген құлшынысы бар балуан еді. Сондықтан оның есімі қазақша күресте мәңгі-бақи қалады деп сенемін,– дейді Қазақ күресі федерациясының Шығыс Қазақстан өңірі бойынша президенті, Қазақ күресінен Әлем және Азия чемпионы, “Қазақстан Барысы” турнирінің күміс және қола жүлдегері **Шалқар Жоламанов**.– Біз, Семей балуандары мен бапкерлері Қуаныштың атын қазақша күресте мәңгі-бақи есте қалдырып, жас ұрпақ оның күрес жолынан үлгі-өнеге алу үшін Семейде Қуаныштың атында Қазақ күресінен тұрақты түрде өтетін беделді республикалық

Шыңғыс Тұрсынов, самбодан әлем кубогының жеңімпазы, екі дүркін Азия чемпионы, әлем біріншілігінің қола жүлдегері **Зекен Шаймарданов**, самбо күресінен Азия чемпионы, әлем чемпионатының қола жүлдегері, Спорттық және жауынгерлік самбо федерациясының Шығыс Қазақстан өңірі бойынша президенті **Қайрат Кұнсафин** сияқты Семейдің басқа да балуандары мен бапкерлері қолдады. Осындай арзу тілек, асыл мақсатта жұмыла қимылдап жатқан жігіттерге біз де сәттілік тіледік.

Қысқасы, Спорттық және жауынгерлік самбодан Қуаныш Салықбайды еске алуға арналған Шығыс Қазақстан облысының чемпионаты зор абыроймен өтті. Ең әуелі Алланың, содан соң Семей бапкерлері мен балуандарының береке-бірлігінің, жұдырықтай жұмылған ынтымағының арқасы. Бұл істі Республикалық Спорттық және жауынгерлік самбо федерациясының вице-президенті **Парман Имаханов** пен Семей қалалық дене шынықтыру



Жарыстан соң. 12 ақпан. Семей.

турнир өткізсек деп өзара ақылдасып шештік. Енді жоғарыдағы басшыларымыз қолдаса болғаны...». Қазақ күресінен Шығыс Қазақстан облысының аға бапкері, Қазақ күресінен Еуропа, Азия, Әлем чемпионы **Думан Қыздарбеков** те осы ұсынысты құптады. «Мұны осындағы Шалқар, Зекен, тағы басқа ағаларымыз өзара ақылдасып, Қуаныш ағамыздың атында Қазақ күресінен биылғы жастар арасында Шығыс Қазақстан өңірі бойынша турнир өткізсек, оны келер жылы Құдай қаласа республикалық, одан әрі Азия кубогы ма, Әлем кубогы ма, әйтеуір халықаралық турнирге айналдырсақ»,– дейді ол. Жоғарыда айтылған азаматтардың пікірлерін Ж.Үшкөмпіров атындағы Спорт мектебінің директоры, ҚР Еңбек сіңірген жаттықтырушы **Мерей Көшкінов**, самбо, дзюдо, қазақ күрестерінен КСРО спорт шебері, қазақ күресінен Қазақстанның бірнеше дүркін түйе балуаны, ҚР Еңбек сіңірген жаттықтырушы, Халықаралық дәрежедегі төреші

және спорт бөлімінің жетекшісі **Ерлан Өубәкіров** сынды азаматтардың да қуана қолдағанын айрықша айту керек. Енді жоғарыдағы азаматтар айтқандай, «Қазақ күресінен биыл Қуаныш Салықбайды еске алуға арналған жастар арасында Шығыс Қазақстан өңірі бойынша турнир өткізсе, оны келер жылы Құдай қаласа республикалық, одан әрі Азия кубогы ма, Әлем кубогы ма, әйтеуір халықаралық турнирге айналдырса» нұр үстіне нұр болар еді. «Өлі разы болмай, тірі байымайды» дейтін ата жолын ұстанған және айтқанын орындамай тынбайтын Семей бапкерлері мен балуандарының осындай ізгі мақсаттарының көп ұзамай орындаларына бек сенеміз.

Телжан КҮДЕРОВ,
С.Бердіқұлов атындағы сыйлықтың лауреаты,
«Дене шынықтыру мен спортты дамытуға
қосқан үлесі үшін» медалінің иегері.
Алматы – Семей – Алматы.



ЖАНЫ ЖӘННАТТА БОЛСЫН!

Өткен жылдың 6 желтоқсанында Алматы қаласында Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Орталық Азияның дәстүрлі өркениеттерін зерттеудің республикалық ғылыми-зерттеу орталығының жетекшісі, тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА Құрметті мүшесі, ҚР Әлеуметтік ғылымдар академиясының академигі, «Құрмет» орденінің иегері Талас Омарбекұлы 73 жасында дүниеден озды. Редакция ұжымы

ОМАРБЕК Талас Омарбекұлының қайтыс болуына байланысты отбасы

мен туған-туыстарының, әріптестерінің қайғысына ортақтасып, көңіл айтады. Марқұмның алды пейіш, арты кеніш болсын! Жатқан жері жайлы, топырағы торқа болсын!

Редакция алқасы.

ТӨЛ ТАРИХТЫҢ ҚАЖЫМАС ҚАРА НАРЫ ЕДІ

Талас Омарбекұлымен сонау 1993 жылдың көктемінен бастап таныс екенбіз. Сол кезде ол көрнекті тарихшы ғалымдар Тотай Тұрлығұлов, Мәмбет Қогелдиевпен бірге «Қазақ тарихы» журналының тұңғыш санын жоспарлаудан бастап, басылым аяғынан қаз-қаз тұрып кеткенше жарты жүктемеде істеді. Ең әуелі Тәкең төл тарихтың 20-30-жылдарының білгір маманы ретінде басылымның «Қазақ халқы Қазан төңкерісінен кейін» айдарының мақалаларын әріптестеріне өзі тапсырыс беріп, даярлап, жаңылмасам жарты жылдан астам қызмет атқарды. Болашақ ғалым 1971 жылы Абай атындағы ҚазПИ-дің тарих факультетін бітіріп, Жамбыл облысының Жуалы, Байзақ аудандарында тарих пәнінің оқытушысы, оқу ісінің меңгерушісі қызметтерін атқарған еді. 1972 жылы республикалық баспасөз беттерінде оның тарихты оқыту әдістемесіне арналған көлемді мақалалары жарияланған. 1977 жылы өзі білім алған Абай атындағы ҚазПИ-дің аспирантурасына түсіп, оны сәтті аяқтап, сонда оқытушылыққа қалдырылды. Ал 1982 жылы ол кандидаттық диссертациясын қорғады. Міне, осылайша мектеп

пен жоғары оқу орындарындағы оқыту әдістемесін жетік білгендіктен ол журналдың теориялық қана емес, «Оқыту және оқу құралдары мәселелері» бөліміне де мақала ұйымдастыруға қатысты.

Еліміздің Тәуелсіздігін алуы Т.Омарбек тәрізді ұлттық мүдде тұрғысынан ойлайтын тарихшыларға даңғайыр даңғыл жол ашты. ОГПУ-дің құпия мұрағаттарынан алынған құжаттар мен деректерді көптеп жариялауға, қордаланған тарихи тақырыпқа тың тыныспен, зор құлшыныспен мақалалар жазуға толық мүмкіндік туды. Төл тарихтың толғақты, ділгір мәселелерін жан-жақты талдаған еңбектері республикалық ақпарат құралдарында дүркін-дүркін жарияланып жатты. Сол себепті 1993 жылы «Қазақ тарихы» журналы ашылмай тұрып-ақ Талас Омарбекұлы қызметке шақырылған еді. Және Тәкең сол кезден бастап, ақтық демі таусылғанша «Қазақ тарихы» журналының ақылдастар алқасының тұрақты мүшесі, ал кейінгі жылдары ақылдастар алқасының төрағасы болды.

Осы жылдары Талас ағамыздың ең әуелі ізгі жүректі адам, содан соң талантты ғалым һәм

ұлағатты ұстаз деген ұлы атақтарға әбден лайық екені байқалды. Ол кісінің бойында ғалымға тән байсалдылық, кішіпейілділік, ақыл-парасат тұнып тұратын. Ісіне ықтиятты, шаруаға тындырымды Талас Омарбекұлымен бірге қызметтес болудың өзі бір ғанибет еді. Біз Мәмбет Құлжабайұлы екеуімен соңынан ерген інілері ретінде ашық сұхбат құрып, олардан төл тарихтың ақтаңдақтары туралы өзімізді толғантқан мәселелерді сұрап білетінбіз. 1994 жылы Тәкең академик К.Нұрпейісовтың ғылыми кеңесшілігімен докторлық диссертация қорғағанда журнал бетіне құттықтау хабар жазғаным да дәл қазіргідей есімде. Жаңылмасам қазақ шаруалары мен күштеп ұжымдастыру тақырыбын қаузаған болатын. Көрнекті ғалымымыз журнал жарық көргеннен бастап, күні бүгінге дейін ақылдастар алқасының мүшесі ретінде редакция қызметкерлерімен қойын-қолтық араласып, жаңа шыққан сандарға, ділгір, соқталы мақалаларға қатысты пікір айтып отырды.

Тәкең біз жақын танысқан сәттен бастап, ақтық демі таусылғанша әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде табан аудармай істеді. Алғашында Білім жетілдіру институтында кафедра меңгерушісі, Тарих факультетінде профессор, Қазақ халқының ежелгі және орта ғасырлардағы тарихы кафедрасының, ал кейінірек университеттегі үш кафедраны қосып жасалған Қазақстан тарихы кафедрасының меңгерушісі қызметін абыроймен атқарды. Қазақ ұлттық университетінде ғылыми конференция, семинар өте қалса, «Қазақ тарихы» журналын шақыра қоятын. Тарих институты, басқа институт, университеттердегі ғылыми жиындарда да бас қосып жүрдік. Сонда журналдың мазмұнын байытуға байланысты ақыл-кеңестерін аямайтын. Міне, осылайша Талас ағамыз редакциядан кеткен соң да екі-үш нөмір аралатып ашаршылық, күштеп ұжымдастыру сынды әр қилы ділгір мәселеге байланысты мақала ұсынып тұратын. Оның қазақ тарихының өзекті мәселелеріне арналған көптеген монографиялары мен кітаптары, 500-ге тарта ғылыми еңбектері белгілі. Солардың ішінде «Зобалаң» (1994), «20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті» (1997), «XX ғасырдағы Қазақстан тарихының өзекті мәселері» (2001), «Қазақстан тарихына және тарихнамасына ұлттық көзқарас» (2004), қазақ рулары мен тайпаларына, билері мен хандарына қатысты танымал еңбектері бар. Сәл кейінірек «Қазақ түркілерінің этникалық тарихы (б.з.б. I мыңжылдық – б.з. IX ғасыры)», «Қазақ түркілерінің шығу тегі» (IX-XIV ғғ.) атты жеке монографиялары баспадан шықты.

Тәкең 2005 жылы жеке демеушілердің қолдауымен «Алаш» тарихи-зерттеу орталығын ұйымдастырып, оның директоры қызметін атқарды. Т.Омарбектің жетекшілігімен және авторлық қатысуымен осы орталықтан «Қазақ ру-тайпаларының тарихы» жобасы бойынша 30 томнан тұратын монографиялық еңбектер жарық

көрді. Міне, осы кезде «Алаш» тарихи-зерттеу орталығында ұйымдастырылған дөңгелек үстелдерге қатысып, сонда айтылған соқталы ой-пікірлерді «Қазақ тарихы» журналының бірнеше санында жарияладық. Жоғарыда аталған жинақтарға енген мақалалардың ең таңдаулылары журналға дүркін-дүркін шығып тұрды. Бұдан соң да ұзақ жылдар бойы ара қатынасымыз үзілген жоқ...

Ең соңғы рет, осыдан тура үш ай бұрын телефонмен сөйлестік. «Қазақ тарихы» журналын КОКСОН-ға қоспай жатқан жоғарыдағы дөңгелектерге күйініп, төл тарихқа арналған бірден-бір тәуелсіз басылымның мемлекет тарапынан қаржыланбайтынына, қоғам тарапынан қолдау көрмейтініне, тарихты насихаттауға деген керенаулыққа недәуір кейіс білдірді. Әрине, өзі басқарып отырған комиссия туралы да біраз пікірлестік. Мұндай комиссияның не бітіріп жатқанын жұрт білсін деп, мақала беруін сұрадық. Келісті. Мақаланы үкіметтік комиссияның жұмыс тобының басшысы ретінде топ үйлестірушісі Әлима Ауанасовамен бірлесіп жазыпты. Бірақ жоғарыдағылар жарияға рұқсат бермей, біраз кешеуілдеді. Ақыры қос авторға, әсіресе, Әлекеңе (Ә.Ауанасоваға) қайта-қайта хабарласып отырып, әрең сұратып алдық. Ел Президенті Қ.Тоқаевтың «Саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы» Жарлығына сәйкес «Кеңестік жүйеде ашаршылық құрбандары туралы неге айтылмады?» деген тақырыптағы қолжазба екен. Ол өткен жылдың ең соңғы нөмірі өндіріске кетіп жатқанда ғана қолға тиіп, шұғыл салынды. Мақаланы дайындау кезінде хабарласқанымызда марқұм телефонын алмады. Дыбыстық хабарға да бұрынғыдай емен-жарқын емес, шолақ қана жауап қатты. Ауырып жатқанын айтып, шағым да жасамады. Сөйтсек, ол ауруханаға енді түскен сәті екен. Мұның бәрін кейін Әлекеңнен білдік. Қайран Тәкең бізді уайымдамасын деп, «аманбыз, бәрі орынша» деумен шектеліпті. Шағымдануды артық санаған...

Қысқасы, Талас Омарбекұлы – «Қазақ тарихы» журналының ашылуына, мазмұнының баюына білек сыбана кіріскен көрнекті ғалымдардың бірі, белсенді, әрі тұрақты авторы, ақылдастар алқасының мүшесі, төл тарихтың қажымас, қайсар қара нары, Отан тарихының олқылығын толтырып, ақтаңдақтарын айшықтауға қомақты үлес қосқан ғалым еді. Амал не, қағынған ажал алды-артына қаратпай алып кетті. Құдайдың қалауына шара бар ма?! Хош болыңыз, еңбек пен тәртіпті, ғылым мен ұстаздықты қатар ұстанған абзал адам! Рухыңыз бейіште шалқысын!

Әбділдабек САЛЫҚБАЙ,
жазушы, «Қазақ тарихы»
журналының бас редакторы.